СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА

«КӨМЕК КӨРСЕТУ КӘСІПТЕР ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ: ТҰЛҒА ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ»

тақырыбында жас зерттеушілердің II-ші республикалық сырттай ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

II Республиканской заочной научно-практической конференции молодых исследователей на тему:

«ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПОМОГАЮЩИХ ПРОФЕССИЙ: ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ»

Өскемен - Усть-Каменогорск, 2026

УДК 37.015.3:316.6
ББК 88.5
К68

Бас редактор:
Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,
Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор, профессор, PhD
Бас редактордың орынбасары:
Ровнякова Ирина Владимировна,
Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Басқарма төрағасының орынбасары – стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, п.ғ.к.

Редакция алқасы:
Кукина Ю.Е., Сарсен Аманжолов атындағы ШҚУ психология және коррекциялық педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, пс.ғ.к.;
Канапиянова К.Д., Сарсен Аманжолов атындағы ШҚУ психология және коррекциялық педагогика кафедрасының сениор-лекторы, психология ғылымының магистрі, дефектолог;
Ислямова С.А., Сарсен Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасының директоры

«Көмек көрсету кәсіптер теориясы мен практикасы: тұлға дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау» II-ші Республ. ғыл.-практ. конф. материалдар жинағы / жалпы редакциясы Кукина Ю.Е.Канапиянова К.Д. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2026. – 371 б. = Сб. матер.II Республ.науч.-практ. конф. «Теория и практика помогающих профессий: психолого-педагогическое сопровождение развития личности»/ под общ. редакцией Кукиной Ю.Е., Канапияновой К.Д. – Усть-Каменогорск: издательство «Берел» ВКУ имени С. Аманжолова, 2026. – 371 с.

ISBN 978-601-314-905-9

Жинаққа психология, арнайы педагогика және инклюзивті білім берудің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар енгізілген. Білім беру ортасында тұлғаны психологиялық-педагогикалық қолдаудың заманауи тәсілдері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және әлеуметтендіру мәселелері, білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқаты, мотивациясы, бейімделуі мен дамуы қарастырылады. Инновациялық түзету-дамыту технологияларына, мамандардың пәнаралық өзара әрекеттестігіне және инклюзивті мәдениетті қалыптастыру тәжірибелеріне ерекше назар аударылған. Жинақ материалдары көмектесуші мамандықтар саласындағы заманауи ғылыми үрдістер мен практикалықт әжірибені көрсетіп, ғылыми диалог пен кәсіби қауымдастықтың дамуына ықпал етеді.

Жинақ арнайы және инклюзивті білім беру, әлеуметтік жұмыс, психология және педагогика саласындағы мамандарға қызықты болары сөзсіз.

Мақала мазмұны үшін жауапкершілік авторға жүктеледі.

В сборник включены статьи, посвящённые актуальным вопросам психологии, специальной педагогики и инклюзивного образования. Рассматриваются современные подходы к психолого-педагогическому сопровождению личности в образовательной среде, проблемы обучения и социализации детей с особыми образовательными потребностями, вопросы эмоционального благополучия, мотивации, адаптации и развития обучающихся. Особое внимание уделено инновационным коррекционно-развивающим технологиям, междисциплинарному взаимодействию специалистов и практикам формирования инклюзивной культуры. Материалы сборника отражают современные научные тенденции и практический опыт в области помогающих профессий, способствуя развитию научного диалога и профессионального сообщества.

Сборник будет интересен специалистам в сфере специального и инклюзивного образования, социальной работы, психологии и педагогики.

За содержание представленных материалов ответственность несет автор публикации.

ӘОЖ 37.015.3:316.6
КБЖ 88.5
ISBN 978-601-314-905-9

© С. Аманжолов атындағы ШҚУ, 2026

ПРЕДИСЛОВИЕ

Современное общество предъявляет высокие требования к качеству психолого-педагогического сопровождения личности, обеспечению доступности образования, развитию инклюзивной культуры и гуманизации профессиональной помощи. В условиях динамичных социальных изменений, трансформации образовательной среды и роста внимания к вопросам психологического благополучия особую значимость приобретают исследования, направленные на осмысление теории и практики помогающих профессий.

Сборник материалов II Республиканской заочной научно-практической конференции молодых исследователей «Теория и практика помогающих профессий: психолого-педагогическое сопровождение развития личности» объединяет научные статьи, отражающие актуальные направления развития психологии, специальной педагогики, инклюзивного образования, эргопедагогики и смежных областей гуманитарного знания. Представленные материалы демонстрируют стремление молодых исследователей к научному осмыслению современных вызовов образования и социальной практики, а также к поиску эффективных путей сопровождения личности на различных этапах её развития.

Особую ценность сборнику придаёт его междисциплинарный характер. Авторы обращаются к широкому спектру проблем: сопровождению детей с особыми образовательными потребностями, вопросам адаптации и социализации обучающихся, профилактике психоэмоционального неблагополучия, развитию мотивационной сферы, созданию безопасной и поддерживающей образовательной среды, внедрению инновационных коррекционно-развивающих технологий и современных педагогических практик. Значительная часть исследований основана на эмпирических данных, что подчёркивает практико-ориентированную направленность представленных работ.

Важным аспектом сборника является ориентация на идеи инклюзивного и гуманистического образования, предполагающего признание ценности каждого человека, уважение его индивидуальности и создание условий для полноценного развития личности независимо от особенностей её психофизического состояния. В этом контексте материалы конференции отражают современные тенденции развития современной науки, направленные на интеграцию психологических, педагогических и социальных подходов в решении актуальных проблем образования и сопровождения.

Выражаем искреннюю благодарность авторам статей, научным руководителям, членам редакционной коллегии и всем участникам конференции за вклад в развитие научного знания, высокий уровень представленных материалов и стремление к профессиональному совершенствованию. Уверены, что данный сборник станет значимым вкладом в развитие современной психолого-педагогической науки и практики.

Секция 1.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ЛИЧНОСТИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

ӘОЖ 376.37

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АСБ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ӘСЕРІ

Адилбекова А.Н., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіКЕАҚ,
Өскеменқ.,Қазақстан
e-mail:adilbekova_90an@mail.ru

Жаһандану дәуірінде инклюзивті білім беру кеңістігінің қарқынды дамуына байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны артып келеді. Осы санаттағы балалардың ішінде аутистік спектр бұзылыстары (АСБ) бар балалардың үлесі жылдан жылға өсіп келе жатқаны байқалады. Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес, әлемде әрбір 100 баланың шамамен екеуі АСБ белгілерімен тіркеледі. Қазақстандағы да осы үрдіс өзектілігін жоғалтпай, білім беру жүйесі инклюзивтік бағытта даму үстінде. Мұндай жағдайда мектепке дейінгі мекемелердегі педагогтер мен мамандар алдында АСБ бар балалардың ортаға бейімделуін тиімді қамтамасыз ету міндеті тұр.

АСБ бар балалар үшін жаңа ортаға бейімделу кезеңі ерекше қиындықтармен сипатталады. Бұл балалардың әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу, эмоцияны білдіру және танымдық процестерді игеру қабілеттерінің ерекшелігі бейімделу барысына тікелей әсер етеді. Осыған орай, мектепке дейінгі кезеңде бейімделу процесінің табысты өтуі – олардың болашақ даму жолындағы маңызды кезең болып саналады. Бұл процестің тиімді ұйымдастырылуы балалардың әлеуметтенуіне, оқуға және күнделікті өмірге араласуына қажетті жағдай туғызады.

Бейімделу процесін тиімді ету үшін психологиялық сүйемелдеудің маңызы зор. Психологиялық сүйемелдеу – бұл баланың тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік дамуын қолдау мақсатындағы жүйелі әрі ғылыми негізделген кәсіби көмек. Ерте жаста көрсетілетін мұндай қолдау баланың ішкі ресурстарын дамытуға, қиындықтарды жеңуге және әлеуметпен өзара әрекеттесу қабілеттерін нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, психологиялық сүйемелдеу тек балаға ғана емес, оның ата-анасына,

тәрбиешілеріне және басқа да мамандарға бағыттала отырып, бейімделу процесін кешенді түрде ұйымдастыруға ықпал етеді.

Аутистік спектр бұзылыстары (АСБ) – нейроорталық жүйенің дамуына байланысты туындайтын күрделі бұзылыс түрі, ол ерте жастан байқалып, баланың әлеуметтік өзара әрекеттесу, вербалды және вербалды емес коммуникация, мінез-құлық салаларында түрлі ауытқушылықтармен сипатталады [1]. Мектепке дейінгі жастағы АСБ бар балалардың ең негізгі ерекшеліктері – әлеуметтік өзара әрекеттесуге деген қызығушылықтың төмендігі, сөйлеу тілінің дамымауы немесе толық болмауы, стереотипті мінез-құлықтардың болуы (қайталаушы қозғалыстар, бірдей ойындармен ойнау, сыртқы ортаға шамадан тыс немесе жеткіліксіз жауап беру). Сенсорлық қабылдаудың бұзылыстары, эмоциялық өзін-өзі реттеудің әлсіздігі және өзгелердің эмоцияларын түсінудегі қиындықтар да жиі кездеседі. Бұл ерекшеліктер баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуын және жаңа жағдайларға бейімделуін айтарлықтай қиындатады.

АСБ бар балалар нормотипті дамып жатқан құрдастарына қарағанда сыртқы әлеуметтік стимулдарға аз жауап береді, топтық әрекеттерге сирек қатысады және біржақты, шектеулі қызығушылық танытады. Мысалы, қатарластары ойын барысында рөлдік, ынтымақтастыққа негізделген әрекеттерге бейім болса, АСБ бар балалар көбіне өздігінен әрекет етуді қалайды және ойынға өзгелерді қосудан қашқақтайды. Тілдік дамуы кешігіп немесе мүлде болмай, коммуникативтік ниет аз байқалады. Бұл олардың балабақша жағдайында тәрбиешімен және топтағы балалармен байланыс орнатуын қиындатады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінде АСБ бар балалардың саны жыл сайын артып келе жатқандығы байқалады. Ресми деректер бойынша, елімізде 2022 жылы 5 мыңнан астам балаға аутистік спектр бұзылыстары диагнозы қойылған, олардың көпшілігі мектепке дейінгі жаста [2]. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы инклюзивті балабақшалар саны артуда, алайда арнайы психологиялық сүйемелдеу қызметтері мен білікті мамандар әлі де жеткіліксіз. Бұл жағдай АСБ бар балалардың бейімделу процесін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар тудырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарға бейімделу – бұл баланың жаңа ортаға, күн тәртібіне, әлеуметтік рөлдерге және ережелерге үйренісуімен байланысты күрделі психологиялық-әлеуметтік процесс. Ғылыми әдебиеттерде бейімделу үдерісі бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады: эмоциялық бейімделу (баланың өз-өзіне сенімділігі, тыныштығы), әлеуметтік бейімделу (ортадағы адамдармен өзара әрекеттесу), және мінез-құлықтық бейімделу (тәртіпке бағыну, нұсқауларды орындау). Бұл компоненттердің бірі бұзылған жағдайда бейімделу процесі күрделенуі мүмкін. Бейімделудің табысты жүруіне ықпал ететін бірқатар маңызды факторлар бар. Ең алдымен, бұл – отбасылық қолдау мен ата-ананың белсенді қатысуы. Ата-ананың баланың ерекшеліктерін түсініп, мамандармен тығыз байланыста жұмыс істеуі – бейімделудің сәтті өтуінің кепілі. Педагогтер мен арнайы мамандардың кәсіби дайындығы мен қолданатын әдіс-тәсілдері маңызды рөл атқарады. Әрі, балабақшадағы

физикалық және әлеуметтік орта – тыныштық аймағы, сенсорлық бұрыштар, визуалды кестелер, құрылымдалған күн тәртібі сияқты бейімделуге көмектесетін элементтердің болуы үлкен мәнге ие.

Психологиялық сүйемелдеу – бұл баланың жеке даму ерекшеліктерін, эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын және мінез-құлқын ескере отырып, білім беру процесіне кешенді қолдау көрсету жүйесі. Дефектология саласында бұл ұғым баланың дамуындағы ауытқушылықтарды түзетуге, бейімделу қиындықтарын жеңілдетуге және әлеуметке кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби қызмет ретінде қарастырылады. Психологиялық сүйемелдеу тек балаға ғана емес, оның ата-анасына, педагогтерге, жалпы білім беру ортасына бағытталады, яғни көп деңгейлі қолдау жүйесін білдіреді.

Психологиялық сүйемелдеудің бірнеше формалары бар. Индивидуалдық сүйемелдеу – баламен жеке жұмыс жүргізу арқылы оның ішкі жағдайын зерттеу, коррекциялық бағыттағы жаттығулар орындау, сенсорлық немесе эмоциялық реттеуді дамыту мақсатында қолданылады. Бұл форма әсіресе АСБ бар балалар үшін өте маңызды, себебі әр баланың ерекшелігі айқын және қайталанбас сипатқа ие. Топтық сүйемелдеу балалардың өзара әрекеттесуін дамытуға, ұжымда өзін еркін сезінуіне және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге бағытталады. Мұндай жұмыс арқылы балалар ойын, рөлдік және әлеуметтік жаттығулар негізінде қарым-қатынас дағдыларын дамытады [3]. Консультативтік сүйемелдеу педагогтер мен ата-аналарға бағытталып, баламен жұмыс жүргізу әдістерін жетілдіруге, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді түсінуге және жағымсыз әрекеттердің алдын алуға көмектеседі.

АСБ бар балалармен жұмыс жасауда қолданылатын психологиялық сүйемелдеудің арнайы әдістері мен бағдарламалары бар. Олардың арасында кеңінен таралғаны – қолданбалы мінез-құлықты талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы балалардың жағымды әрекеттері күшейтіліп, жағымсыз мінез-құлықтар біртіндеп жойылады. ABA тәсілі нақты құрылымға негізделіп, күнделікті өмірде қолдануға ыңғайлы. DIR/Floortime моделі – баланың эмоциялық байланыс орнатуына, өз бастамасымен әрекет етуіне және ойын арқылы өздігінен даму қабілетіне бағытталған. Бұл тәсіл ата-анамен және маманмен тығыз қарым-қатынаста өтетін сессияларды қамтиды. Ал TEACCH бағдарламасы визуалды құрылым мен күн тәртібін ұйымдастыруға ерекше мән береді [4]. Бұл модель АСБ бар балалар үшін маңызды – олар ақпаратты визуалды түрде жақсы қабылдайды және нақты құрылымдалған ортада өзін қауіпсіз сезінеді. Төмендегі 1-кестеде көрсетілген әдістер АСБ бар балалар арасында кеңінен қолданылып, халықаралық деңгейде өзінің жоғары тиімділігі мен бейімделгіштігін дәлелдеді.

Кесте 1 - Әлемдік педагогикалық әдістер және олардың өзіндік ерекшеліктері

Әдіс атауы	Негізгі бағыт	Ерекшеліктері
Құрылымдалған оқыту (TEACCH)	Құрылымдалған визуалды қолдау және отбасымен серіктестікке негізделген оқыту	Визуалды құрылым, ата-аналық қолдау, үй жағдайында да тиімділік көрсету, сенсорлық бейімделуге жағдай жасау
Қолданбалы мінез-құлық талдауы (ABA)	Мінез-құлықты талдау, оң реакцияны қалыптастыру	Қадамдық оқыту жүйесі, марапаттау арқылы мотивация, жүйелілік, орташа және ауыр деңгейдегі АСБ үшін тиімді
Денвердің ерте араласу бағдарламасы (ESDM)	Ерте жастағы ойын арқылы оқыту, табиғи ортада интеграцияланған тәсіл	1–4 жасқа арналған, ата-ананың белсенді қатысуы, эмоциялық және когнитивтік дамуға ықпал, табиғи ортада өтеді
Суреттер арқылы қарым-қатынас жасау жүйесі (PECS)	Пиктограммалық коммуникация арқылы сөйлеу тілін алмастыру	Сөйлеу тілі жоқ немесе шектеулі балаларға арналған, таңдау жасау, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік өзара әрекетке тарту

Психологиялық сүйемелдеуде визуалды қолдаудың маңызы ерекше. Бұл – күн тәртібі карталары, суреттермен тапсырмалар, визуалды нұсқаулар, эмоция шкаласы және таңбалар арқылы ақпарат беру. Сенсорлық аймақтарды ұйымдастыру да маңызды рөл атқарады – арнайы құрал-жабдықтар арқылы бала сенсорлық реттеу қабілетін дамытады, тынышталады және өз эмоциясын басқара алады. Сонымен қатар, әр баланың даму ерекшелігіне қарай жеке бейімделу жоспары жасалады. Бұл жоспар балаға қажетті жеке әдіс-тәсілдерді, мақсаттарды және сүйемелдеу формаларын көрсетеді.

Психологиялық сүйемелдеудің бейімделу процесіне тигізетін әсері көптеген зерттеулер арқылы дәлелденген. Шетелдік зерттеулерде, әсіресе АҚШ пен Канадада психологиялық сүйемелдеудің жүйелі жүргізілуі нәтижесінде АСБ бар балалардың эмоциялық тұрақтылығының артқаны, топпен әрекеттесу деңгейінің өскені және мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың азайғаны көрсетілген [5]. Мысалы, құрылымдалған визуалды бағдарламалар қолданылған топтарда балалардың күн тәртібіне бейімделуі мен сөйлеу тілін пайдалану жиілігі айтарлықтай жақсарған. Қазақстанда да бірнеше пилоттық инклюзивті балабақшаларда осы тәсілдер енгізіліп, нәтижесінде балалардың мектепке дейінгі ұйымға бейімделу көрсеткіштері жоғарылағаны байқалған. Мысалы, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында жүргізілген шағын зерттеулер АСБ бар балалардың психологиялық сүйемелдеу барысында эмоционалдық жауапкершілігінің артқанын, сөйлеу белсенділігінің күшейгенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, аутистік спектр бұзылыстары (АСБ) бар балалардың мектепке дейінгі ұйымдарға бейімделу үдерісі – күрделі, көпқырлы және жеке көзқарасты талап ететін процесс екені айқындалды. Жүргізілген әдебиеттерді шолу барысында бұл балалардың әлеуметтік, коммуникативтік және эмоциялық дамуында айқын ерекшеліктері бар екені және бұл ерекшеліктер олардың жаңа ортаға сәтті бейімделуіне айтарлықтай кедергі келтіретіні белгілі болды. АСБ бар балалардың балабақша тәртібіне үйренуі, құрдастарымен және педагогтармен өзара әрекеттесуі – тек дамуға байланысты емес, сонымен қатар көрсетілетін психологиялық сүйемелдеу сапасына да тікелей байланысты.

Психологиялық сүйемелдеу бейімделу процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, баланың ішкі ресурстарын ашуға, сенімділік қалыптастыруға, эмоциялық реттелу мен әлеуметтік әрекеттесу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Бұл бағытта қолданылатын ABA, TEACCH, DIR/Floortime сияқты халықаралық тәжірибеде дәлелденген әдістердің нәтижелілігі ғылыми еңбектермен расталған. Сонымен қатар, визуалды қолдау құралдары, сенсорлық аймақтар мен жеке бейімделу жоспарлары сынды тәсілдер балалардың балабақша ортасына сәтті бейімделуін қамтамасыз етеді. Қазақстанда да мұндай әдістер біртіндеп енгізіліп жатыр, дегенмен олардың жүйелі түрде қолданылуы мен мамандардың кәсіби даярлығы әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Уилльямс К. Понимание аутизма: руководство для родителей / Катрина Уилльямс, Жаклин Робертс. Ростов-на-Дону: Феникс, 2021. – 256 с.
2. Жагипарова А., Рымханова А. Аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері // Ғылым хабаршысы. – 2024. - №12 (81). – Т.4. - С. 2200 - 2208.
3. Әмірбекова Г. Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту: дис. докторы философии (PhD): 6D090500 – Әлеуметтік жұмыс / Әмірбекова Г.Е. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024. – 161 б.
4. Аутаева А., Махамбетова А. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық қолдау // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2025. – Т. 83. – № 2. – С. 328–335.
5. Каретникова Е. Общение без барьеров: развитие интравербальных навыков у подростков с РАС в рамках групповых занятий // Аутизм и нарушения развития. – 2024. – Т. 22, № 2. – С. 52–60.

УДК 376

К ВОПРОСУ ОБ ЭРГОПЕДАГОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ СНИЖЕНИЯ ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКОЙ УТОМЛЯЕМОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Ақтөре А.А., Семенова В.А., студенты ОП 6В01904 - Эргопедагогика
Научный руководитель: Косынцева А.В., магистр, сениор лектор кафедры педагогического образования и менеджмента
НАО «Восточно-Казахстанский университет им. С.Аманжолова»,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: viktotiasem3490@gmail.com

Проблема психофизиологической утомляемости обучающихся в образовательном процессе является одной из актуальных в современной педагогике и психологии. В условиях увеличения учебной нагрузки и интенсивности образовательного процесса особое значение приобретает изучение факторов, влияющих на состояние обучающихся. Под психофизиологическими факторами понимается совокупность психических и физиологических процессов, влияющих на состояние и работоспособность человека [1]. Утомляемость рассматривается как временное снижение работоспособности, возникающее в результате длительной или интенсивной деятельности [3]. Важную роль в учебной деятельности играет внимание, которое определяется как направленность и сосредоточенность психической деятельности на определённых объектах [2]. Работоспособность, в свою очередь, понимается как способность человека выполнять деятельность на заданном уровне эффективности в течение определённого времени [4].

С педагогической точки зрения уровень утомляемости обучающихся во многом зависит от организации учебного процесса. Преобладание однообразных форм работы, длительное объяснение материала без смены деятельности, а также высокая плотность учебной информации могут приводить к снижению познавательной активности учащихся. В таких условиях обучающиеся быстрее теряют интерес к учебной деятельности, что отражается на качестве усвоения материала. В то же время рациональное чередование видов деятельности, использование активных и интерактивных методов обучения, а также включение элементов практической работы способствуют поддержанию внимания и снижению утомляемости [7]. Кроме того, важно учитывать индивидуальные особенности обучающихся, включая темп работы и уровень подготовки, так как игнорирование этих факторов может приводить к перегрузке одних учащихся и недостаточной вовлечённости других.

С психологической позиции утомляемость проявляется в снижении концентрации внимания, ухудшении способности к запоминанию и снижении мотивации к обучению. Длительная умственная нагрузка приводит к постепенному истощению когнитивных ресурсов, что делает процесс усвоения информации менее эффективным [2]. Помимо этого, существенное влияние оказывает эмоциональное состояние обучающихся. Наличие стресса,

тревожности или страха допустить ошибку может усиливать субъективное ощущение усталости даже при умеренной учебной нагрузке. В этих условиях особую роль играет поддерживающая образовательная среда, в которой обучающийся чувствует себя комфортно и уверенно, что способствует более устойчивому вниманию и снижению психического напряжения.

С физиологической точки зрения утомляемость обусловлена истощением функциональных возможностей организма. Длительное пребывание в статическом положении, высокая нагрузка на зрительный анализатор, а также недостаток двигательной активности приводят к снижению работоспособности и общему ухудшению самочувствия [1]. Эти факторы особенно актуальны для школьников, находящихся в условиях продолжительного учебного дня. Важную роль играют также условия образовательной среды: освещение, температура воздуха, уровень шума и организация рабочего места. Несоблюдение санитарно-гигиенических требований может усиливать утомляемость и негативно сказываться на состоянии обучающихся [6]. В связи с этим особое значение приобретает создание комфортной и безопасной образовательной среды.

Несмотря на то, что проблема утомляемости достаточно подробно изучена в теории, остаётся недостаточно раскрытым её проявление в реальных условиях образовательного процесса, а также влияние конкретных педагогических факторов на состояние обучающихся. В связи с этим нами было проведено исследование, направленное на выявление особенностей проявления утомляемости школьников и факторов, способствующих её снижению.

В рамках исследования были использованы методы наблюдения и интервью. В процессе наблюдения анализировались такие показатели, как уровень активности учащихся, их вовлечённость в учебную деятельность, особенности поведения, а также признаки утомляемости, включая отвлечение, снижение темпа работы и изменение позы.

Результаты наблюдения показали, что уже к середине урока у обучающихся снижается концентрация внимания и уровень активности. Наиболее выраженные признаки утомляемости проявляются при длительном выполнении однотипных заданий, а также при отсутствии смены видов деятельности. Это позволяет сделать вывод о значительном влиянии структуры урока на состояние учащихся.

Дополнительно было проведено интервью с обучающимся, в ходе которого были выявлены субъективные причины утомляемости (таблица 1).

Таблица 1 - Транскрипт интервью

Интервьюер – студент ОП Эргопедагогика Участник интервью – ученица 9 класса		
Минута	Транскрипт	Комментарии
1 мин	***Интервьюер:*** *Здравствуй. Спасибо, что согласилась принять участие в интервью. Мы проводим исследование о том, как проходит учебный день у школьников и что влияет на их усталость на занятиях. Я задам тебе несколько вопросов про школу и уроки. Здесь нет правильных или неправильных ответов - важно просто твоё мнение. И начнем с простого: расскажи, пожалуйста, немного о себе. В каком классе ты учишься? Какие предметы тебе нравятся больше всего?*	Введение в интервью.
3 мин	**Участник:** Здравствуйте. Я учусь в 9 классе. Мне нравятся языки, а если быть точнее - русский и английский язык. ***Интервьюер:*** *Чувствуешь ли ты усталость во время учебного дня в школе?* **Участник:** Да, конечно, я чувствую усталость, потому что я в это время учусь.	Участник подтверждает, что испытывает усталость в течение учебного дня.
5 мин	***Интервьюер:*** *На каком уроке или после какого урока ты обычно начинаешь уставать?* **Участник:** Чаще всего это какие-то точные науки, по типу физики или математики. ***Интервьюер:*** *Какие уроки кажутся тебе самыми сложными или утомительными и почему?*	Участник отмечает, что утомляемость чаще возникает на уроках точных наук.
7 мин	**Участник:** Как я и говорила, это физика и математика, потому что в это время мы активно думаем своим мозгом и используем разные формулы, решаем примеры и задачи. ***Интервьюер:*** *Помогают ли перемены отдохнуть? Что ты обычно делаешь на перемене?*	Причиной утомляемости участник считает высокую умственную нагрузку.
9 мин	**Участник:** В целом, я думаю, да. Перерыв и перемена помогают мне отдохнуть. В это время я обычно просто сижу и расслабляюсь на своем месте. ***Интервьюер:*** *Есть ли что-то на уроках, что помогает тебе лучше сосредоточиться?*	Перемены воспринимаются участником как важное время для отдыха и восстановления.
11 мин	**Участник:** Для меня это правильное преподавание учителя, то есть не монотонный голос, а четкое и ясное объяснение. Это помогает мне сосредоточиться. ***Интервьюер:*** *Как ты думаешь, что можно изменить в школе или на уроках, чтобы ученики меньше уставали?* **Участник:** Я думаю, можно добавлять какие-то физминутки.	На концентрацию внимания положительно влияет понятное и немонотонное объяснение учителя.

15 мин	***Интервьюер:*** *А есть ли что-то, что мы не спросили, но ты считаешь важным рассказать?* **Участник:** Я думаю школьная система – это, конечно, хорошо, но нужно ее немного перестроить. Отмените домашнее задание, хах. ***Интервьюер:*** *Считаю, что на этой позитивной ноте мы можем закончить наше интервью. Спасибо тебе за участие.* **Участник:** Пожалуйста.	Участник отмечает необходимость изменений в организации учебного процесса.

Участник отметил, что наибольшую усталость вызывают предметы, требующие высокой умственной активности, такие как математика и физика: «чаще всего это какие-то точные науки, по типу физики или математики». Также было отмечено, что монотонность урока и длительное выполнение однотипных заданий усиливают утомляемость, тогда как перемены и смена деятельности способствуют восстановлению работоспособности. Таким образом, результаты интервью подтверждают данные наблюдения и позволяют более глубоко понять причины утомляемости обучающихся.

Таким образом, психофизиологическая утомляемость обучающихся является значимым фактором, влияющим на эффективность образовательного процесса. Полученные результаты показывают, что уровень утомляемости определяется не только объёмом учебной нагрузки, но и особенностями организации учебной деятельности. Снижение утомляемости возможно при внедрении эргопедагогических условий, включающих рациональное распределение нагрузки, смену видов деятельности, использование активных методов обучения и создание благоприятной образовательной среды. Перспективы дальнейших исследований связаны с расширением выборки и использованием количественных методов, что позволит более точно оценить влияние различных факторов на состояние обучающихся.

Список использованной литературы

1. Ильин Е.П. Психофизиология состояний человека. - М.: Питер, 2005.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М.: Питер, 2009.
3. Сеченов И.М. Рефлексы головного мозга. – М.: АСТ, 2014.
4. Анохин П.К. Биология и нейрофизиология условного рефлекса. - М.: Медицина, 1968.
5. Creswell J.W. Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches - SAGE Publications, 2009.
6. СанПиН Республики Казахстан. Гигиенические требования к условиям обучения.
7. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Смысл, 2004.

УДК 376

К ВОПРОСУ О ВЛИЯНИИ ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА КОНЦЕНТРАЦИЮ И ВНИМАНИЕ У ДЕТЕЙ С ООП

Баах Е.А., Вошкина В.С., Григорьева М.И., Сомова М.С.,
студенты ОП 6В01904 - Эргопедагогика
Научный руководитель: Косынцева А.В., магистр, сениор лектор кафедры педагогического образования и менеджмента
НАО «Восточно-Казахстанский университет им. С.Аманжолова»,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: voshkinav@gmail.com

Проблема влияния психофизиологических факторов на концентрацию и внимание у детей с ООП рассматривается в научной литературе с позиций педагогики, психологии и физиологии как комплексная многоуровневая проблема, обусловленная функционированием нейрофизиологических механизмов в сочетании с особенностями психического развития и условиями образовательной среды, что позволяет раскрыть её сущность и предложить эффективные пути коррекции. В первую очередь, в физиологическом и психофизиологическом подходе важную роль сыграли идеи Иван Михайлович Сеченов, который рассматривал психические процессы как результат деятельности центральной нервной системы. Его теория рефлекторной природы психики показывает, что внимание и концентрация напрямую зависят от состояния нервных процессов, таких как возбуждение и торможение. Открытое им явление центрального торможения объясняет, почему у детей с ООП часто наблюдается сниженная устойчивость внимания: их нервная система быстрее истощается и хуже регулирует потоки информации [3]. С этой точки зрения авторы психофизиологических исследований (например, современные работы по организации мозговой активности) подчеркивают, что эффективность внимания определяется функциональным состоянием мозга и уровнем его активации [3].

Развивая физиологическую линию, психофизиологи (например, исследования, представленные в области педагогической психофизиологии) отмечают, что успешность концентрации зависит от оптимального уровня активации нервной системы: как перегрузка, так и недостаточная стимуляция приводят к снижению внимания [2].В работах, посвящённых организации учебного процесса (например, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев), указывается, что педагог должен учитывать утомляемость, биоритмы и индивидуальные особенности ребёнка, регулируя нагрузку и темп обучения [1]. Мы можем согласиться с данным подходом, так как он имеет практическую направленность и особенно актуален для детей с ООП, у которых часто наблюдаются нарушения регуляции функциональных состояний.

С психологической точки зрения значительный вклад внес Л. С. Выготский, который рассматривал внимание как высшую психическую функцию, формирующуюся в процессе социального взаимодействия. Он

выделял два уровня внимания: натуральное (обусловленное биологическим созреванием) и произвольное (формируемое через обучение и речь). Согласно его теории, развитие произвольного внимания у детей напрямую связано с педагогическим воздействием и использованием внешних средств (например, речи взрослого) [5]. Это положение особенно важно для детей с ООП, поскольку у них часто наблюдаются трудности именно в произвольной регуляции внимания. С научной точки зрения данная концепция представляется обоснованной, так как она объясняет возможность коррекции внимания через специально организованное обучение.

Также стоит отметить вклад Теодюль Рибо, который предложил психофизиологическую теорию внимания. Он утверждал, что внимание связано не только с психическими, но и с физиологическими процессами (дыхание, мышечные реакции, сосудистые изменения), а также зависит от эмоционального состояния [6]. По его мнению, внимание усиливается за счёт двигательной активности и эмоциональной вовлечённости. Данный подход важен для понимания того, что у детей с ООП снижение концентрации может быть связано не только с когнитивными, но и с соматическими и эмоциональными факторами. Мы частично соглашаемся с Т. Рибо, однако современная наука дополняет его идеи более точными нейрофизиологическими механизмами.

В рамках педагогической психологии интерес представляют работы А. А. Реан, который рассматривает внимание через призму социальной адаптации и развития личности. Он подчёркивает, что проблемы внимания у детей часто связаны с трудностями социализации и эмоционального развития [4]. В этом контексте внимание выступает не только как когнитивный процесс, но и как показатель успешности включения ребёнка в образовательную среду. Такой подход расширяет понимание проблемы и позволяет учитывать социальные факторы при разработке коррекционных программ.

Современные педагогические исследования (например, работы М. М. Безруких и других авторов) подчёркивают, что познавательная деятельность, включая внимание, является комплексной системой, включающей восприятие, память и мышление, а её эффективность зависит от психофизиологического состояния ребёнка [1]. Авторы предлагают индивидуализацию обучения, учет утомляемости и создание благоприятной образовательной среды как основные пути решения проблемы. С данной позицией можно полностью согласиться, поскольку она интегрирует педагогические, психологические и физиологические аспекты.

Таким образом, анализ научных подходов показывает, что ученые сходятся в признании комплексной природы внимания. Физиологи (И.М. Сеченов) подчеркивают роль нервной системы, психологи (Л. С. Выготский, Т. А. Рибо) — механизмы формирования и регуляции внимания, а педагоги (Р. М. Реан, М. М. Безруких) — значение образовательной среды и коррекционной работы. Мы пришли к выводу, что наиболее продуктивным является интегративный подход, объединяющий все три направления, так, как только он позволяет полно раскрыть влияние психофизиологических факторов на

внимание детей с ООП и обосновать эффективные педагогические стратегии коррекции.

Исследование влияния психофизиологических факторов на концентрацию и внимание у детей с ООП мы провели, используя метод опроса в форме полуструктурированного интервью. Респондентами выступили специалисты и педагоги, имеющие опыт работы с детьми с ООП. Опрос проводился анонимно с целью получения более достоверных и откровенных ответов.

Цель интервью заключалась в выявлении мнений педагогов о влиянии психофизиологического состояния и положения тела на внимание и концентрацию детей с ООП в процессе учебной деятельности, а также в изучении практик организации рабочего места и способов поддержания концентрации. Ниже предлагаются выдержки из проведенного нами интервью (Таблица1).

Таблица 1 - Транскрипт интервью.

Интервьюер А – студент ОП Эргопедагогика Интервьюер Б – студент ОП Эргопедагогика Участник интервью А – учитель начальных классов Участник интервью Б – работник университета, специализирующийся на инклюзивном образовании		
Минута	Транскрипт	Комментарии
1 мин	Интервьюер: Спасибо, что согласились принять участие в нашем исследовании. Цель данного интервью — узнать мнение педагогов о влиянии психофизиологического состояния и положения тела на внимание и концентрацию детей с особыми образовательными потребностями (ООП) в процессе учебной деятельности, а также о практиках организации рабочего места и поддержки концентрации на уроке.	Введение в интервью и объяснение цели исследования. Установление контакта, обозначение темы интервью, создание доверительной атмосферы
3 мин	1. Интервьюер: Пожалуйста, расскажите немного о своём профессиональном опыте работы с детьми с особыми образовательными потребностями (ООП). Участник интервью А: Мне приходилось работать с ребёнком у которого лёгкая умственная отсталость и умеренная умственная отсталость. Участник интервью В: Работаю в системе высшего и школьного образования более 15 лет, сопровождаю детей с ООП в условиях инклюзивных классов и ресурсных кабинетов. Занимаюсь диагностикой, адаптацией программ, консультированием педагогов и родителей, а также разработкой индивидуальных образовательных программ.	Обсуждение профессионального опыта: педагог описывает стаж и направления работы, это помогает понять уровень компетентности и практическую базу респондента.

21 мин	Интервьюер: Какие изменения в организации учебного процесса могли бы улучшить концентрацию детей с ООП? Участник интервью А: Очень важно адаптировать организацию учебного процесса с учетом их психофизиологических особенностей. Этому может способствовать структурирование урока, использование коротких и четких инструкций, а также чередование видов деятельности. Также эффективными являются динамические паузы, возможность менять положение тела и правильная организация рабочего места. Дополнительно важно использовать наглядные материалы, индивидуальный темп работы и поддерживающую эмоциональную атмосферу на уроке. Участник интервью В: В этом вопросе необходимы гибкие формы организации урока: возможность менять позу, использовать альтернативные рабочие зоны, внедрение сенсорных разгрузок, а также повышение квалификации педагогов.	Предложения по улучшению: педагог даёт рекомендации, что важно для практических выводов исследования.
	2. Интервьюер: Есть ли что-то важное по этой теме, что вы хотели бы добавить? Участник интервью А: Да, я бы все-таки добавила, что важно учитывать, что внимание и концентрация детей с ООП во многом зависят не только от учебных заданий, но и от общего психофизиологического состояния ребенка. Правильная организация рабочего места, возможность менять позу, а также регулярные динамические паузы могут значительно снизить утомляемость. Кроме того, педагогам полезно получать больше информации и практических рекомендаций по работе с такими детьми, чтобы эффективнее поддерживать их учебную активность и концентрацию. Участник интервью В: Ну, дополнительно отмечу, что большое значение имеет индивидуальная сенсорная чувствительность ребёнка: одни дети лучше концентрируются при наличии лёгкой двигательной активности (например, покачивания), другим, наоборот, необходима максимальная стабильность и минимизация стимулов. Также важно учитывать эмоциональное состояние — тревожность и перегрузка напрямую снижают внимание, независимо от позы. Эффективность повышается, когда ребёнку дают выбор (где сидеть, как выполнять задание), а также обучают его самому отслеживать своё состояние и вовремя делать паузы. И это нужно понимать педагогам, особенно, специальным, а также родителям, которые также имеют не мало важную роль в развитии ребенка. Его внимания и концентрации.	Дополнительные замечания: обобщение и акценты на значимых аспектах (сенсорика, саморегуляция, междисциплинарность), что усиливает глубину интервью и расширяет его аналитическую ценность. Педагог учитывает не только учебные трудности, но и, например, особенности сенсорной обработки, уровень развития саморегуляции, эмоциональное состояние, моторные навыки.

Интервью включало вопросы, направленные на анализ профессионального опыта респондентов, особенностей внимания у детей с ООП, влияния позы на работоспособность, признаков утомления, а также используемых педагогами методов поддержки концентрации и организации образовательной среды.

Анализ ответов показал, что у детей с ООП наблюдается сниженная устойчивость внимания, быстрая утомляемость и необходимость внешней регуляции деятельности. Педагоги отмечают прямую связь между положением тела ребёнка и его способностью к концентрации: неудобная поза усиливает утомление и снижает продуктивность, тогда как возможность смены положения способствует повышению включённости в деятельность.

Также выявлено, что эффективными являются такие методы, как чередование видов деятельности, использование визуальной поддержки, динамические паузы и адаптация рабочего пространства. При этом отмечается недостаточный уровень осведомлённости педагогов о влиянии психофизиологических факторов, а также нехватка специализированных условий и оборудования.

Проведенное исследование носило преимущественно образовательный характер и было направленно на углубленное понимание влияния психофизиологических факторов на внимание и концентрацию у детей с ООП. Выбор метода полуструктурированного интервью был обусловлен его доступностью, а также возможностью получения более развернутой информации о опыте специалистов, что особенно важно для изучения сложных психолого- педагогических явлений. Данный метод исследования обеспечил гибкость беседы и возможность обеспечить углубленный анализ исследуемой проблемы.

Список использованной литературы

1. Безруких М. Психофизиологичекие основы познавательной деятельности и особенности организации учеебной деятельности детей разного возраста. Электронный ресурс: – URL: https://zdd.1sept.ru/article.php?ID=200502004
2. Педагогическая психофизиология. Статья в Википедии. Электронный ресурс: – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Педагогическая_психофизиология
3. Психофизиология. Татья в Википедии. Электронный ресурс: – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Психофизиология
4. Реан А.А. Статья в Википедии. Электронный ресурс: – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Реан,_Артур_Александрович
5. Теория внимания Л.С. Выготского. Статья в Википедии. Электронный ресурс: – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Теория_внимания_Л._С._Выготского
6. Теория внимания Рибо. Статья в Википедии. Электронный ресурс: – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Теория_внимания_Рибо

ӘОЖ 371.3

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Енбаева Р. Қ.,1 курс магистрант
Алматы гуманитарлы-педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Көптеген оқу орындары оқушылардың оқу тиімділігін арттыру жолдарын үнемі және мақсатты түрде іздестіруде. Белгілі бір психологиялық-педагогикалық алғышарттарға сүйене отырып, оқу материалын оқушылардың терең әрі табысты меңгеруіне қолайлы ету мақсатында мектеп бағдарламалары өзгертілуде. Әдістемелік зерттеулер оқу процесін белсендірудің және оқушылардың дербестігін дамытудың формалары мен әдістерін табуға бағытталған. Бұл күш-жігердің мақсаттарының бірі – мектеп оқушыларының тұрақты танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Осыған орай, оқу мотивациясының деңгейі білім беру мекемесі қызметінің нәтижесі ретінде педагогикалық процестің тиімділігінің негізгі критерийлерінің бірі болып саналады.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының көпшілігінде оқуға деген қызығушылықтың төмендеуінің түрлі себептері бар. Қазіргі жағдайда оқушылардың оқуға деген ынтасын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың білімге құштарлығын ояту мүмкін бе? Жүйелі диагностиканы зерттеу барысында мотивация мен оның танымдық әрекеттегі тиімді рөлін анықтау білім сапасын арттырудың бір жолы болып табылады. Мотивация іс-әрекеттің бағытын, оның біртұтас ұйымдастырылуы мен тұрақтылығын, белгілі бір мақсатқа жетуге деген ұмтылысты айқындайды.

Мотивация отандық және шетелдік психологияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Оның қазіргі психологияның дамуы үшін маңызы адам әрекетінің қайнар көздерін, іс-әрекеттің қозғаушы күштерін және мінез-құлқын талдаумен байланысты. Адамды әрекетке не итермелейді, мотив деген не және ол әрекетті не үшін жүзеге асырады деген сұрақтарға жауап беру тұлғаны адекватты түсіндірудің негізі болып табылады. «Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда, бірінші кезекте оларды осындай қарым-қатынасқа итермелеген мотивтер, сондай-ақ олардың азды-көпті саналы түрде алға қойған мақсаттары туралы сұрақтар туындайды». Жалпы алғанда, мотив дегеніміз – адамды белгілі бір әрекетті орындауға итермелейтін, ынталандыратын ішкі күш.

Тұлға мотивациясының алғашқы зерттеулерінің бірі Х. Мюррейдің (1938) еңбегі болып табылады. Мінез-құлықтың көптеген мотиваторларының ішінен ол төрт негізгі қажеттілікті бөліп көрсетті: жетістікке жету, үстемдік ету, тәуелсіздік және тиістілік. Кеңірек контексте қарастырылған бұл қажеттіліктер М. Аргайл ұсынған мотивацияның жалпы құрылымына енеді:

- әлеуметтік өзара әрекеттесуді тудыруы мүмкін әлеуметтік емес

қажеттіліктер (суға, тамаққа, қауіпсіздікке деген биологиялық қажеттіліктер);

- көмекті қабылдау, қорғау мен нұсқауларды, әсіресе беделі мен күші бар адамдардан қабылдау қажеттілігі;
- аффилиация қажеттілігі, яғни басқа адамдармен араласуға, достық қарым-қатынас орнатуға, сынып пен құрдастардың қабылдауына ұмтылу;
- үстемдік ету қажеттілігі, яғни өзін сыныпта шешім қабылдауға, пікір білдіруге мүмкіндігі бар көшбасшы ретінде қабылдату;
- агрессия қажеттілігі, яғни физикалық немесе ауызша зиян келтіруге бейімділік;
- өзін-өзі бағалау, өзін-өзі анықтау және өзін маңызды тұлға ретінде қабылдау қажеттілігі.

Тәуелділік, өзін-өзі растау және агрессия қажеттіліктері мектеп оқушыларының оқу әрекеті мен мінез-құлқын талдау барысында ерекше қызығушылық тудырады. Оқыту мотивациясы басқа мотивация түрлері сияқты жүйелі сипатқа ие. Ол бағыттылықпен, тұрақтылықпен және динамикамен ерекшеленеді. Оқу мотивациясы – оқу әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде бірнеше бағытта қарастыра аламыз:

- біріншіден, білім беру жүйесінің өзімен және оқу қызметі жүзеге асырылатын мектеппен;
- екіншіден, оқу процесін ұйымдастырумен;
- үшіншіден, оқушының субъективтік ерекшеліктерімен (жасы, жынысы, интеллектуалдық дамуы, қабілеттері, талап қою деңгейі, өзін-өзі бағалауы, сыныптастарымен қарым-қатынасы және т.б.);
- төртіншіден, мұғалімнің субъективтік сипаттамаларымен және ең алдымен оның оқушыға деген қатынасымен;
- бесіншіден, оқытылатын пәннің ерекшеліктерімен анықталады.

Оқушылардың оқу мотивациясын зерттеу және қалыптастыру мақсатында олардың іс-әрекеттері мен пайымдаулары талданады. Бұл сенімді қорытындылар жасауға және оқу процесінде оң мотивацияны қалыптастыру жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір оқушының психологиялық ерекшеліктерін зерттегенде оны басқа оқушылармен емес, өзімен және оның алдыңғы нәтижелерімен салыстыру қажет. Оқушылардың мотивтерін зерделеу барысында оптимистік болжау позициясын ұстану маңызды, яғни оқушының шағын жетістіктеріне сүйене отырып, оның қызығушылығын арттыратын қолайлы аймақты анықтау қажет. Ынтаны тек үлгерімі төмен оқушыларда ғана емес, әрбір, тіпті үлгерімі жақсы оқушыда да зерттеп, қалыптастыру қажет. Мотивтерді зерттей отырып, мұғалім әр оқушының танымдық, мотивациялық, еріктік және эмоционалдық салаларының жай-күйін анықтауға ұмтылуы тиіс. Әр оқушының мотивациясын қалыптастыру үшін мұғалімнің нақты әрі жүйелі жоспары болуы қажет. Оқуға деген мотивацияны қалыптастыру барысында мұғалім оқушының жеке даралығын, ішкі талпыныстарын және өткен тәжірибесін ескеруге міндетті. Мектеп оқушылары үшін өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және болашақта мамандық таңдау сияқты әлеуметтік маңызы бар мотивтер ерекше маңызды болып табылады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында оқушы өзінің күнделікті білім мен дағдыны меңгеріп жатқанын, білімсіздіктен білімге қарай дамуын айқын сезіне алатындай жағдай жасау маңызды. Бұл оқушының нені бұрыннан білетінін, нені әлі меңгермегенін және алдағы уақытта нені үйренуі керектігін түсінуі арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты оқу-тәрбие процесінде жақын және алыс мақсаттарды, тәрбиелік міндеттерді нақты белгілеу әрбір сабақта ерекше мәнге ие.

Қорытындылай келе, мектептегі жалпы атмосфера оқуға деген жағымды мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді деп айтуға болады. Оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерге тартылуы, мұғалім мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас, кеңес беру сипатындағы педагогикалық қолдау, бағалау процесіне оқушыларды қатыстыру және адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, мотивацияны қалыптастыруға қызықты презентациялар, ерекше оқу материалдары, мұғалім сөзінің эмоционалдылығы, танымдық ойындар, пікірталастар, өмірлік жағдаяттарды талдау, білімнің әлеуметтік және тұлғалық маңызын ашу, мадақтау мен ескертуді орынды қолдану ықпал етеді. Оқушылардың оқу қабілеттерін дамыту, білімді жаңа жағдайда қолдануға үйрету, өзіндік жұмыс пен өзін-өзі бақылауды қалыптастыру және бірлескен оқу іс-әрекетіне тарту – басты назарда болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1) Аргайл М. Социальное взаимодействие. М.: Мысль, 1966. - 320 с.
2) Асеев В. Г. Мотивация поведения и формирования личности. М.:Мысль, 1976. - 159 с.
3) Асеев В. Г. Проблема мотивации и личность /Теоретические проблемы психологии личности. М.: Мысль, 1974. 369 с.
4) Аткинсон Дж. У. Теория мотивации достижения. М.: Наука, 1966. - 279 с.
5) Богоявленский Д. Н., Менчинская Н. А. Психология усвоения знаний в школе. М.: Мысль, 1959. - 380 с.

УДК 159.9.07

СОПРОТИВЛЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЯМ КАК ПСИХОСОЦИАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН: ОБЗОР ПОДХОДОВ И ИНТЕРПРЕТАЦИЙ

Коровайчук Д.И., магистрант 1 курса ОП 7М03101 - Психология
Научный руководитель: Ладзина Н.А., д. пс.н., профессор,
ВКУ имени Сарсена Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: darynako8888@gmail.com

Феномен сопротивления изменениям традиционно рассматривается преимущественно в рамках организационной психологии, где он трактуется как

барьер, препятствующий внедрению нововведений. Однако современные исследования свидетельствуют о необходимости переосмысления самого содержания понятия «сопротивление», поскольку оно не может сводиться к индивидуальной ригидности или отрицательному отношению сотрудников. Сопротивление представляет собой сложный психосоциальный феномен, включающий когнитивные, эмоциональные, культурные и социально-организационные компоненты, проявляющиеся на уровне личности, малых групп и организационно-структурного контекста [1].

Кесте 1 – Балалардың эмоционалдық даму көрсеткіштері

Кезең	Деңгей (%)
Бастапқы	20
2 апта	40
1 ай	60
2 ай	80



Сурет 1 – Эмоционалдық даму динамикасы

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.ҚРБҒМ. Ерекшебілімберудіқажетететінбалалардықолдау. – 2020.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту әдістемесі. – Астана, 2020.

3.Садыкова А.А. Мектепке дейінгі ұйымдарда нейроойындар арқылы балалардың ойлауын дамыту // Педагогикалық тәжірибе материалдары. – 2024.

4. Валлон А. Психическое развитие ребенка. – СПб.: Питер, 2001.

5.Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы, 2012.

ӘОЖ376.1

АСБ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Какенова А. К., мұғалім- дефектолог
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Асыл Мирас» аутизмі (аутизм спектірінің бұзылуы) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы)» КММ, Өскемен қ., Қазақстан

Аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) қазіргі заманғы арнайы педагогика мен психология ғылымында маңызды әлеуметтік-медициналық мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары АСБ диагнозы қойылатын балалар санының тұрақты түрде артуы байқалады, бұл өз кезегінде диагностика мен түзету жұмыстарының тиімділігін арттыруды талап етеді.

АСБ бар балалардың дамуы тек кәсіби мамандардың жүргізетін түзету-дамыту жұмыстарына ғана емес, сонымен қатар отбасының психологиялық жағдайына, ата-ананың тәрбиелік ұстанымына және баланы қабылдау деңгейіне тікелей байланысты. Осыған байланысты ата-аналармен жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

О.С. Никольская мен К.С. Лебединскаяның зерттеулерінде ата-ананың эмоционалдық күйі мен тәрбиелік позициясы баланың әлеуметтік бейімделуіне және коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына тікелей әсер ететіні атап көрсетілген. Сонымен қатар қазіргі зерттеулерде ата-аналар тек бақылаушы емес, түзету процесінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырылады.

Осы мақалада АСБ бар балалардың ата-аналарымен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің мазмұны, құрылымы және тиімді ұйымдастыру жолдары қарастырылады.

АСБ бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізудің теориялық негіздері

АСБ бар балалардың ата-аналары көбінесе жоғары деңгейдегі психологиялық күйзелісті бастан кешіреді. Баланың диагнозы қойылған сәттен бастап ата-аналар белгісіздік, қорқыныш, әлеуметтік қысым және эмоционалдық күйзеліс жағдайында болады.

Ғылыми әдебиеттерде ата-ананың баланың диагнозын қабылдау процесі бірнеше кезеңнен өтетіні көрсетілген:

1. Теріске шығару кезеңі – ата-ана баланың ерекшеліктерін мойындамауға тырысады

2. Эмоционалдық күйзеліс кезеңі – қорқыныш, кінә сезімі, үмітсіздік байқалады

3. Бейімделу кезеңі – ата-ана жағдайды түсіне бастайды

4. Қабылдау кезеңі – баламен тиімді жұмыс жүргізуге дайын болады

К.С. Лебединская ата-ананың эмоционалдық тұрақсыздығы баланың мінез-құлқына тікелей әсер ететінін атап өтеді. Ал О.С. Никольская ата-анамен жұмысты түзету процесінің негізгі компоненті ретінде қарастырады.

Қазақстандық ғылыми-әдістемелік еңбектерде де ата-аналарды қолдау ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеудің негізгі бағыты ретінде көрсетіледі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің құрылымы

АСБ бар балалардың ата-аналарымен жұмыс кешенді түрде ұйымдастырылуы тиіс. Бұл жүйе бірнеше өзара байланысты бағыттардан тұрады.

Ақпараттық қолдау

Ақпараттық қолдау ата-аналарға аутизмнің ерекшеліктері, баланың даму заңдылықтары және түзету жұмыстарының мақсаттары туралы ғылыми негізделген мәлімет беруді қамтиды.

Көп жағдайда ата-аналарда дұрыс емес түсініктер қалыптасады, бұл олардың баламен жұмыс жүргізуіне кедергі келтіреді. Сондықтан ақпараттық қолдау ата-ананың жағдайды дұрыс қабылдауына ықпал етеді.

Психологиялық қолдау

Психологиялық қолдау ата-ананың эмоционалдық күйін тұрақтандыруға бағытталған.

Бұл бағытта келесі жұмыс түрлері қолданылады:

-жеке психологиялық кеңес беру

-топтық қолдау кездесулері

-психологиялық тренингтер

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, эмоционалдық қолдау алады, бұл олардың күйзеліс деңгейін төмендетеді.

Педагогикалық қолдау

Педагогикалық қолдау ата-аналарды баламен тиімді жұмыс жүргізуге үйретуді қамтиды.

Бұл бағытта ата-аналар келесі дағдыларды меңгереді:

-баламен қарым-қатынас орнату

-бірлескен назарды дамыту

-мінез-құлықты түзету

-визуалды қолдау құралдарын қолдану

-күн тәртібін ұйымдастыру

Практикада ABA элементтерін қолдану ата-аналар үшін тиімді болып табылады.

Консультативтік қолдау

Бұл бағытта мамандар ата-аналарға нақты ұсыныстар береді.

Оларға мыналар жатады:

-жеке дамыту бағдарламасы

-үй жағдайында орындалатын тапсырмалар

-мінез-құлық стратегиялары.

Бұл жұмыс тұрақты түрде жүргізілуі тиіс.

Ата-анамен жұмыс жүргізудің кезеңдері

Ата-аналармен жұмыс кезең-кезеңімен ұйымдастырылады.

1-кезең – алғашқы байланыс және диагностика

Бұл кезеңде ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнату маңызды. Мамандар ата-ананың сұрақтарына жауап беріп, баланың жағдайын түсіндіреді.

2-кезең – қабылдау және бейімделу

Ата-аналар баланың ерекшеліктерін қабылдай бастайды. Бұл кезеңде психологиялық қолдау ерекше маңызды.

3-кезең – белсенді қатысу

Ата-аналар түзету жұмысына белсенді түрде қатысады. Олар мамандардың ұсыныстарын үй жағдайында қолдана бастайды.

4-кезең – серіктестік

Бұл кезеңде ата-ана мен маман арасында тұрақты серіктестік қалыптасады.

Практикалық жұмыс формалары

Ата-аналармен жұмыс әртүрлі формаларда жүзеге асырылады:жеке консультациялар, тренингтер, семинарлар, ашық сабақтар, мастер-кластар.

Бұл формалар ата-аналардың теориялық білімін ғана емес, практикалық дағдыларын да қалыптастырады.

Қазақстандық тәжірибе ерекшеліктері

Қазақстанда соңғы жылдары АСБ бар балаларды қолдау жүйесі қарқынды дамып келеді. Арнайы орталықтарда ата-аналармен кешенді жұмыс жүргізіледі.

Бұл тәжірибе ата-аналарды тек бақылаушы емес, түзету процесінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырады.

Ата-аналарға арналған бағдарламалар олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Қорытынды

АСБ бар балалардың ата-аналарымен психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі баланың дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Тиімді ұйымдастырылған қолдау ата-ананың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, баламен жүргізілетін түзету жұмыстарының нәтижелілігін арттырады.

Сондықтан ата-аналармен жұмыс кешенді, жүйелі және ғылыми негізде ұйымдастырылуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Никольская О. С., Лебединская К. С. Аутизм у детей. М.: Владос, 2000.

2. Лебединская К. С. Нарушения психического развития у детей. М.: МГУ, 1991.

3. Волкова Г. А. Психолого-педагогическая помощь детям с РАС. М.:Академия, 2015.

4. Мастюкова, Е. М. Дети с аутизмом. М.: Просвещение, 2007.

5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2020.

6. Сулейменова, Р. А. Инклюзивті білім беру негіздері. Алматы, 2018.

7. Жумабекова, А. К. АСБ бар балалармен түзету жұмыстары. Педагогика және психология, 2021.

ӘОЖ376.1

АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА КӨРСЕТІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІҢ МАҢЫЗЫ. АУТИЗМ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ЖҮРГІЗІЛУ СИПАТЫ

Камалбекова А.Қ.,магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aruzhan.kamalbekova@mail.ru

Қазіргі таңда аутистік спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалар саны бүкіл әлемде тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл жағдай тек медицина немесе педагогика саласының ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық салалардың да маңызды мәселесіне айналып отыр. Аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері олардың қоршаған ортамен қарым-қатынас

жасауына, сөйлеу тілінің қалыптасуына және әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді.

Балада аутизм диагнозының анықталуы ата-аналар үшін күтпеген және қиын жағдай болуы мүмкін. Көптеген ата-аналар бастапқы кезеңде баласының дамуындағы ерекшеліктерді қабылдауда қиындық көреді, болашаққа қатысты алаңдаушылық сезінеді және эмоционалдық күйзеліске ұшырайды. Сондықтан мұндай отбасыларға кәсіби психологиялық көмек көрсету ерекше маңызға ие.

Зерттеулер көрсеткендей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары жиі эмоционалдық шаршау, мазасыздық және күйзеліс жағдайында болады. Осы себепті мамандар ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету баланың түзету-дамыту жұмыстарының маңызды бөлігі екенін атап өтеді.

*Аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың ата-аналарының психологиялық қиындықтары.*Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу ата-аналар үшін үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап етеді. Мұндай балалардың даму ерекшеліктері ата-аналардың күнделікті өміріне де айтарлықтай әсер етеді.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ата-аналар көбінесе келесі психологиялық қиындықтарды бастан кешіреді:

- баланың диагнозын қабылдаудағы қиындық;
- болашаққа қатысты қорқыныш пен алаңдаушылық;
- әлеуметтік оқшаулану;
- эмоционалдық шаршау;
- тұрақты күйзеліс.

Зерттеуші К.С. Лебединская аутизмі бар балалардың ата-аналары көбінесе ұзақ уақыт бойы психологиялық күйзеліс жағдайында болатынын атап өтеді. Ал О.С. Никольская ата-аналардың эмоционалдық тұрақтылығы баланың дамуына тікелей әсер ететінін көрсеткен.

Көп жағдайда ата-аналар қоғам тарапынан түсінбеушілікке де тап болады. Баланың ерекше мінез-құлқы кейде айналадағы адамдардың теріс реакциясын тудыруы мүмкін. Мұндай жағдай ата-аналардың өздерін жалғыз сезінуіне әкеледі.

Сондықтан ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету олардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға және баланың дамуына қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Ата-аналарға психологиялық көмектің маңызы.*Психологиялық көмек ата-аналардың баланың даму ерекшеліктерін дұрыс түсінуіне және оны қабылдауына көмектеседі. Сонымен қатар бұл қолдау ата-аналардың эмоционалдық жағдайын жақсартуға және өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық көмектің негізгі мақсаттары:

- ата-аналардың психологиялық күйзелісін азайту;
- баланың ерекшеліктерін дұрыс түсіндіру;
- ата-аналарға тәрбиелеу және оқыту әдістерін үйрету;

– отбасының психологиялық тұрақтылығын сақтау.

Ғалым В.В. Лебединский ерекше балалармен жұмыс жасауда ата-аналардың белсенді қатысуы маңызды екенін атап өткен. Себебі бала күннің көп бөлігін отбасында өткізеді және ата-ананың қолдауы оның дамуына үлкен әсер етеді. Психологиялық қолдау ата-аналардың өз күшіне сенімділігін арттырады. Сонымен қатар ата-аналар баламен тиімді қарым-қатынас жасау жолдарын меңгереді.

*Аутизм орталықтарында психологиялық көмектің жүргізілу сипаты.*Қазіргі уақытта көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да аутизм орталықтары жұмыс істейді. Бұл орталықтарда балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына да психологиялық және педагогикалық көмек көрсетіледі.

Аутизм орталықтарында психологиялық көмек бірнеше бағытта жүзеге асырылады.

1. Психологиялық кеңес беру

Психологиялық кеңес беру – ата-аналармен жеке жұмыс жүргізудің маңызды түрі. Кеңес беру барысында психолог ата-аналардың сұрақтарына жауап береді, баланың даму ерекшеліктерін түсіндіреді және ата-аналарға нақты ұсыныстар береді.

2. Психологиялық тренингтер

Тренингтер ата-аналардың психологиялық білімін арттыруға бағытталған. Мұндай сабақтарда ата-аналар күйзелісті жеңу, эмоцияларды басқару және баламен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді.

3. Ата-аналарға арналған қолдау топтары

Қолдау топтары ата-аналардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Мұндай кездесулер ата-аналардың өз мәселелерімен бөлісуіне және психологиялық қолдау алуына көмектеседі.

4. Психологиялық ағарту жұмыстары

Психологтар ата-аналарға аутизм туралы ғылыми негізделген ақпарат береді. Бұл ата-аналардың баланың мінез-құлқын дұрыс түсінуіне және тиімді жұмыс жүргізуіне көмектеседі.

5. Отбасылық кеңес беру

Кей жағдайда мамандар бүкіл отбасы мүшелерімен жұмыс жүргізеді. Себебі баланың дамуына тек ата-аналар ғана емес, басқа да отбасы мүшелері әсер етеді.

Қазақстанда соңғы жылдары аутизм орталықтарының саны артып келеді. Мұндай орталықтардың қызметі ерекше балалар мен олардың ата-аналарына қолдау көрсетуге бағытталған. Мамандардың бірлескен жұмысы баланың әлеуметтік бейімделуіне және даму деңгейінің жақсаруына ықпал етеді.

*Ата-аналар мен мамандардың бірлескен жұмысының маңызы.*Аутизммен жұмыс жасауда ата-аналар мен мамандардың өзара ынтымақтастығы өте маңызды. Егер ата-аналар мамандардың ұсыныстарын түсініп, оны үй жағдайында қолданса, баланың дамуында оң нәтижелер байқалады.

Мамандар ата-аналарға түзету жұмыстарының әдістерін үйретіп, үйде қолдануға болатын тапсырмалар береді. Бұл баланың дағдыларын күнделікті

өмірде бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-аналардың түзету процесіне қатысуы олардың баласының дамуына деген сенімін арттырады.

Қорыта айтқанда, аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету қазіргі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Аутизм диагнозы тек балаға ғана емес, бүкіл отбасыға әсер етеді. Сондықтан ата-аналардың психологиялық жағдайын қолдау баланың дамуына да оң әсерін тигізеді. Аутизм орталықтарында жүргізілетін психологиялық жұмыстар ата-аналардың баланың ерекшелігін түсінуіне, оны қабылдауына және тәрбиелеу барысында тиімді әдістерді қолдануына көмектеседі. Психологиялық кеңес беру, тренингтер, қолдау топтары және ақпараттық жұмыстар ата-аналардың эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан ерекше балалармен жұмыс жасауда ата-аналарға жүйелі түрде психологиялық көмек көрсету түзету-дамыту жұмыстарының маңызды бөлігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лебединская К.С. Ранний детский аутизм. – М.: Просвещение, 1991.
2. Никольская О.С. Аутичный ребенок: пути помощи. – М.: Теревинф, 2005.
3. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей. – М.:МГУ, 2003.
4. Баенская Е.Р., Никольская О.С. Помощь детям с аутизмом. – М.:Теревинф, 2010.
5. Мамайчук И.И. Психологическая помощь детям с проблемами в развитии. – СПб., 2008.
6. Малофеев Н.Н. Специальная педагогика. – М., 2015.
7. Қазақстан Республикасының ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау жөніндегі нормативтік құжаттары.

ӘОЖ 376.3

БАЛАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ИНКЛЮЗИЯСЫНА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Кожанова А.С., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И., пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскеменқ., Казақстан

Баланың білім беру инклюзиясына дайындығын нормотиптік құрдастарымен бірлесіп оқыту жағдайында білім беру бағдарламасын табысты меңгеруге мүмкіндік беретін баланың психофизикалық, әлеуметтік және тұлғалық дамуының қажетті әрі жеткілікті деңгейін қамтитын күрделі,

көпқұрамды құрылым ретінде қарастыруға болады [1]. Бұл ұғым мектепке психологиялық дайындықтың классикалық түсінігіне негізделеді, ол Л.С. Выготский, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин және басқа да психологтардың еңбектерінде негізделген.

Е.Е. Кравцова пікірінше, мектепке психологиялық дайындық – бұл баланың мектептік оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті әрі жеткілікті психикалық даму деңгейі, ол құрдастар тобы жағдайында оқыту барысында қамтамасыз етілуі тиіс [2]. Алайда білім беру инклюзиясына дайындық тек жалпы мектепке психологиялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар баланың дамуының ерекшеліктерімен және инклюзивті білім беру ортасының талаптарымен анықталатын арнайы сипаттамаларды да қамтиды.

Инклюзивті білім беру аясында баланың дайындығы ерекше мәнге ие болады. Қоғамда сапалы білім алу және психологиялық бейімделу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар басқа балалармен белсенді қарым-қатынас жасауы керек [3]. Инклюзивті білім беру ортасы баланың жеке басын дамытуға бағытталған және оның ерекшелігін, бірегейлігін және әртүрлі қажеттіліктерді жүзеге асыру құқығын мойындайтын әдістемеге негізделген.

Қоғамның өзгеге қарай өзгеруге дайындығы – табысты инклюзияның маңызды алғышарты, және ол тәрбиеленуі тиіс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне жай ғана физикалық түрде қосу инклюзивті білім беру болып саналмайды. Инклюзивті білім беруді енгізе отырып, оның мектептің барлық қоғамдық үдерістерін қамтитынын, осылайша әрбір баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық және педагогикалық орта қалыптастыратынын есте ұстаған жөн [4].

Баланың білім беру инклюзиясына дайындығының құрылымы көп компонентті білім беру болып табылады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау келесі негізгі компоненттерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

1.Мотивациялық компонент баланың инклюзивті ортада оқудың қажеттілігі мен шарттарына саналы қатынасын білдіреді. Ол тұлғаның қалыптасқан сапасын көрсетеді, яғни іс-әрекетке қызығушылық, жетістікке жетуге ұмтылу, қойылған міндеттерді табысты орындау үшін қажетті жағдайларды өзектендіруге дайын болу арқылы көрініс табады.

Оқу мотивациясының болуы баланың мектепке барғысы келетінін, оқудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінетінін, білім алуға айқын қызығушылық танытатынын білдіреді. Кеңірек мағынада алғанда, мотивациялық дайындық баланың өз әрекеттерін белгілі бір үлгі мен ережеге бағындыра білуін, ауызша берілген тапсырмаларды мұқият тыңдап, дәл орындауын, сондай-ақ көзбен қабылданатын үлгі бойынша жұмыс істей алуын қамтиды.

Денсаулығында шектеулері бар балалардың ата-аналары үшін ынталандырушы факторларға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең құқылы көзқарасты қалыптастыру, баланың толыққанды тұлға екенін сезінуі және оның қоғамға әлеуметтенуіне оң ықпал ету жатады. Бұл тек

баланың өзінде ғана емес, оның ең жақын ортасында да жағымды мотивацияны қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды.

2. Когнитивтік (интеллектуалдық) компонент инклюзивті білім берудің мәні туралы, сондай-ақ оқу үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық құралдар жөніндегі қажетті білімдерді біріктіреді және бекітеді. Интеллектуалдық дайындық бейнелік және сөздік-логикалық ойлаудың дамуын көздейді:

- салыстыру барысында әртүрлі заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу,
- заттарды ортақ маңызды белгілері бойынша топтарға біріктіре алу,
- заттар мен құбылыстар арасындағы логикалық байланыстарды анықтай білу [5].

Однако фактор интеллектуального развития является необходимым, но Алайда интеллектуалдық даму факторы баланың мектептегі оқуға табысты көшуі үшін қажетті болғанымен, жеткілікті шарт болып табылмайды. Тәжірибеде интеллектуалдық тұрғыдан жақсы дамыған, бірақ мінез-құлық пен қарым-қатынаста айтарлықтай қиындықтары бар балалар жиі кездеседі. Бұл, әсіресе, психикалық функцияларының әркелкі дамуын көрсетуі мүмкін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін өзекті.

3. Әлеуметтік-психологиялық компонент баланың адамгершілік және коммуникативтік қабілеттерінің болуын қамтиды [2]. Әлеуметтік-психологиялық дайындық мұғаліммен қарым-қатынас орната білуін, құрдастарымен өзара әрекеттесу қабілетін, әдептілікті, қарым-қатынас жасау дағдыларын, топта жұмыс істей алуын көздейді.

Кең мағынада әлеуметтік дайындық - баланың оқушының әлеуметтік рөлін атқара алу қабілеті [5]. Бұл, әсіресе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін маңызды, өйткені оларға негізгі коммуникативтік дағдыларды меңгеру қажет: әлеуметтік қатынастардың қалай құрылатынын түсіну және оларға кіріге алу; көмек сұрау және көрсетілген көмекке жауап беру; өз шекараларын сақтай отырып бас тарта білу; диалогқа түсу, өз пікірін білдіру, өзгенің эмоцияларын түсіну; ережелерді сақтау, келісімге келу және айырмашылықтарды қабылдау.

4. Эмоционалды-ерікті компонент эмоционалды тұрақтылықтың белгілі бір деңгейіне жетумен, импульсивті реакциялар санының төмендеуімен сипатталады [5]. Бала мақсат қоя білуі, шешім қабылдай білуі, іс-қимыл жоспарын құра білуі және оны жүзеге асыруға күш салуы, сондай-ақ оның мінез-құлқын реттей білуі және өте тартымды емес тапсырманы жеткілікті ұзақ уақыт орындай алуы керек.

Мектепке психологиялық дайындық, ең алдымен, оқу іс-әрекетіне дайындықтан және тәртіпті сақтау қабілетінен тұрады. Бала өзін қызықсыз істер жасауға мәжбүрлеуі керек, яғни мектепке дайын болу - бұл оқу мен жазуды білу емес, ережелерді сақтау және міндеттерді орындау.

5. Операциялық-әрекеттік компонент инклюзивті оқыту жағдайында оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты меңгерілген дағдылардың жиынтығына негізделеді [65]. Бұған оқу іс-әрекетінің алғышарттарының қалыптасуы жатады:

оқу тапсырмасын қабылдай алу, оның шарттылығын және шешілу ережелерін түсіну, өзін-өзі бақылау негізінде өз әрекетін реттей білу.

6. Физиологиялық (психофизиологиялық) компонент қолдың ұсақ бұлшықеттерінің дамуын, кеңістікте бағдарлануды, қимыл-қозғалыс координациясын қамтиды [5]. Бала қайшы мен қарындашты сенімді қолдана білуі, кеңістіктік қатынастарды (жоғары-төмен, үлкен-кіші, алға-артқа, сол-оң) дұрыс ажырата алуы тиіс.

Денсаулығында шектеулері бар балалардың инклюзивті білім беруге дайындық деңгейі бұзылыстың сипаты мен дамудың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқуға бейімделу үдерісі өте күрделі болып табылады [6]. Бұл баланың физикалық, жүйке-психикалық және әлеуметтік дамуының өзара ажырамас байланысымен, бейімделуді оңтайландырудағы ересек адамның жетекші рөлімен, сондай-ақ денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулілігінің сипатымен түсіндіріледі.

Жалпы білім беру мекемелерінің педагогтары мен тәрбиешілері ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға жеке көзқарас қолдануы керек, оның мінезінің ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын, мектепке дайындығын, психологиялық және бейімделу мүмкіндіктерін ескеруі керек [3]. Инклюзивті білім беру процесінде қиындықтарды жеңу үшін арнайы әлеуметтік-педагогикалық қолдау, әлеуметтік-педагогикалық технологияларды қолдану қажет.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар мектепке дайын емес бала сабаққа назар аудара алмайды, жиі алаңдайды, жұмысқа деген қызығушылығын жоғалтады, сыныптың жалпы жұмыс режиміне кіре алмайды [2]. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қарым-қатынас жасау, өзін-өзі күту, оқу немесе кәсіби дағдыларды игеру қиынға соғуы мүмкін.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуінің табыстылығы бірнеше факторларға байланысты. Бала уақытының басым бөлігін отбасында өткізеді, отбасы -оның негізгі әлеуметтік ортасы. Отбасы мүшелері баланың өзіне, басқа адамдарға және жалпы әлемге деген қатынасының негізін қалайды. Отбасындағы психологиялық қолайсыздық мәселелерді ушықтырып, бұзылыстардың үдеуіне ықпал етеді. Ал, керісінше, отбасы мүшелері арасындағы үйлесімді қарым-қатынастар, өзара қамқорлық пен қолдау ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың табысты әлеуметтену мүмкіндігін арттырады.

Мектептегі оқуға психологиялық дайындық балада біртіндеп қалыптасады - ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста, ойында, қолжетімді еңбекте және мектепке дейінгі оқыту үдерісінде [2]. Мектепке дайындықтың қалыптасуы, ең алдымен, баланың балаларға қолжетімді іс-әрекет түрлерінің субъектісі ретінде дамуына байланысты: ойын, таным, қарым-қатынас, заттық-еңбек және көркемдік іс-әрекет.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзия мен интеграцияға дайындау ерте жастан басталуы тиіс. Денсаулығында шектеулері бар балаларға және бүкіл отбасына ерте психологиялық-педагогикалық қолдау

көрсетуді бастау арқылы инклюзивті білім беру алдында тұрған міндеттерді неғұрлым толық шешуге болады: өсіп келе жатқан ұрпақтың санасында толерантты көзқарастарды тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру, бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі балалар үшін бірыңғай білім беру ортасын құру, сондай-ақ даму ерекшеліктері бар балаларды түзету, бейімдеу және әлеуметтендіру үдерістерінің тиімділігін қамтамасыз ету [7].

Денсаулығында шектеулері бар көптеген балалар үшін ойын формасы - оқытудың ең табиғи тәсілі болып табылады. Ойын арқылы мінез-құлық үлгілерін меңгеру, топта әрекет етуді үйрену, ережелерді қабылдау жеңілірек болады. Ойын әдістері оқу үдерісін эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз етеді, қарым-қатынастың әртүрлі сценарийлерін «сынап көруге» мүмкіндік береді және қалаулы мінез-құлық формаларын бекітуге ықпал етеді.

Мектепке қабылдану кезінде бейімделу үдерісінің қаншалықты сәтті өтетіні өте маңызды, өйткені бұл оқушының кейінгі оқуына тікелей әсер етеді [60]. Қазіргі таңда бірінші сынып оқушылары өткен ғасырдың ортасындағы құрдастарына қарағанда әлсіздеу дамыған, себебі психологиялық дайындық мектеп типіндегі сабақтарда қалыптаспайды. Бұл қазіргі балалардың дәстүрлі ойындарды (сюжеттік-рөлдік, дамытушы, ережелері бар, дидактикалық ойындар) аз ойнауымен, сондай-ақ құрастырумен, мүсіндеумен, сурет салумен, жапсырумен сирек айналысуымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында, басқа елдердегідей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының жыл сайын артуы байқалады. 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 139 887 баланы құрады [8]. Қазақстан Үкіметі білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді енгізу бағытында ауқымды жұмыстар атқарды: тьютор-мамандарды даярлау жүзеге асырылды, инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды және жалпы білім беру бағдарламалары негізінде арнайы оқу бағдарламалары әзірленді.

Осылайша, баланың білім беру инклюзиясына дайындығы-мотивациялық, когнитивтік, әлеуметтік-психологиялық, эмоциялық-ерік, операциялық-әрекеттік және физиологиялық компоненттерді қамтитын күрделі көпқұрамды құрылым болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзияға дайындық даму бұзылысының сипаты мен жеке ерекшеліктеріне байланысты өзіндік сипатқа ие. Білім беру инклюзиясына дайындықты қалыптастыру ерте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, бейімделген білім беру ортасын құруды, оқытуды дараландыруды және отбасымен серіктестікті қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Қазақстан Республикасы контекстінде әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге білім беру ұйымдары мен педагог кадрларды даярлау, сондай-ақ толерантты және қабылдаушы әлеуметтік ортаны қалыптастыру мәселелері ерекше өзектілікке ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Инклюзивное образование для детей с ограниченными возможностями здоровья // Childpsy.ru. Электронный ресурс: – URL: http://childpsy.ru/lib/articles/id/32757.php

2. Психологические проблемы готовности детей к школе / КГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан. -2015. Электронный ресурс: – URL: http://www.rusnauka.com/43_DWS_2015/Pedagogica/2_202565.doc.htm

3. Интеграция детей с ОВЗ в общеобразовательные учреждения // Научное обозрение. Педагогические науки. - 2016.Электронный ресурс: – URL: https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1579

4. Готовность педагогов к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования // Научное обозрение. Педагогические науки. - 2017. Электронный ресурс: – URL: https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1753

5. Критерии психологической готовности ребенка к школе // DDTOR.ru.- 2020 Электронный ресурс: – URL: https://ddtor.ru/stranicza-pedagoga-psixologa/stati-i-publikaczii/427-kriterii-psixologicheskoj-gotovnosti-rebenka-k-shkole.html

6. Адаптация детей с ограниченными возможностями здоровья. - 2020. Licey395.ru. Электронный ресурс: – URL: https://licey395.ru/uploads/files/ovz/adaptacziya-detej-s-ovz-k-ou.pdf

7. Подготовка детей раннего возраста с ОВЗ к инклюзивному образованию // Логопроект Архиповой Е.Ф. - 2020.Электронный ресурс: – URL: https://arkhipovaef.ru/podgotovka-detej-rannego-vozrasta-s-o/

8. ВЦИОМ. Инклюзивное образование: перспективы, барьеры и социальные эффекты. - 2023. Электронный ресурс: – URL: https://wciom.ru/analytical-reviews/analiticheskii-obzor/inkljuzivnoe-obrazovanie-perspektivny-barery-i-socialnye-ehffekty

ӘОЖ 376.4:616.896

АСБ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОММУНИКАЦИЯСЫН ДАМЫТУДА ТОПТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ

Қажыкенова Д. Р., магистрант, 2 курс
Ғылыми жетекшісі: М.Д. Ауренова,психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ, Өскемен қ., Қазақстан
kanbellase@gmail.com

Аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) балалардың дамуына әсер ететін күрделі нейродамытушылық жағдайлардың бірі ретінде бүгінгі ғылыми қауымдастықта кеңінен зерттеліп келеді. Аталған бұзылыстың негізгі ерекшеліктерінің қатарында әлеуметтік өзара әрекеттесу мен әлеуметтік коммуникация саласындағы тұрақты қиындықтар ерекше орын алады. Әсіресе мектеп жасындағы балалар үшін әлеуметтік коммуникация дағдылары тек қарым-қатынас орнатудың құралы ғана емес, оқу процесіне белсенді қатысу, құрдастарымен бірлескен әрекетке түсу және әлеуметтік ортаға тиімді

бейімделудің маңызды шарты болып саналады. Соған қарамастан, көптеген зерттеулер АСБ бар балалардың әлеуметтік сигналдарды түсіну, әңгімелесуді бастау және жалғастыру, сондай-ақ бірлескен әрекет барысында өзара байланыс орнату сияқты дағдыларды меңгеруде елеулі қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Қазіргі білім беру және тәзету-педагогикалық тәжірибеде әлеуметтік коммуникацияны дамытуға бағытталған тиімді оқыту тәсілдерін анықтау өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып отыр.

АСБ-ның әлеуметтік коммуникациядағы ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында түрлі теориялық тұжырымдамалар ұсынылған. Солардың ішінде кеңінен таралған теориялардың бірі – «сананың теориясы». Бұл теорияға сәйкес, аутизмі бар балалар басқа адамдардың ойларын, ниеттерін және эмоцияларын түсіну қабілетінде қиындықтарға тап болады. Мұндай ерекшелік олардың әлеуметтік жағдайларды дұрыс интерпретациялауына және адамдар арасындағы өзара әрекеттесу ережелерін меңгеруіне кедергі келтіреді. Аутизмі бар балалардың әлеуметтік байланысқа деген қызығушылығының төмен болуы олардың қарым-қатынас тәжірибесінің шектеулі болуына алып келеді. Бұдан бөлек, атқарушы функциялардың әлсіздігі, әсіресе когнитивтік икемділіктің жеткіліксіз дамуы, әлеуметтік жағдайларға бейімделуді қиындатады [1, 52-60 бет]. Мұндай когнитивтік ерекшеліктер әлеуметтік мінез-құлықты жоспарлау мен реттеуге әсер етіп, нәтижесінде коммуникациялық қиындықтардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Қазіргі ғылыми зерттеулер әлеуметтік коммуникацияны тек тілдік даму тұрғысынан ғана емес, әлеуметтік-прагматикалық құбылыс ретінде қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл тұрғыда коммуникация адамның тілдік құралдарды белгілі бір әлеуметтік контексте тиімді пайдалану қабілетімен тығыз байланысты екендігі айқындалады. Сондықтан әлеуметтік коммуникацияның жеткілікті деңгейде дамымауы балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына, бірлескен әрекеттерге қатысуына және әлеуметтік тәжірибе жинақтауына айтарлықтай кедергі келтіреді. Осыған байланысты әлеуметтік коммуникацияны дамыту мәселесі арнайы педагогика, психология және инклюзивті білім беру салаларындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді.

АСБ бар балалардың әлеуметтік коммуникациясының ерекшеліктері олардың әлеуметтік өзара әрекеттесуіндегі нақты мінез-құлықтық көріністер арқылы байқалады. Ең алдымен мұндай балаларда әлеуметтік қарым-қатынасты бастау және оны қолдау қабілетінің шектеулі болуы жиі кездеседі. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, олар құрдастарымен байланыс орнатуда, бірлескен ойындарға қатысуда және топтық әрекет барысында өзара байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады [2, 23-24 бет]. Бұл ерекшеліктер көбінесе көзбен байланыс орнатудың сирек болуы, ым-ишара мен мимиканы жеткілікті қолданбау, сондай-ақ эмоционалдық реакциялардың өзгеше көрініс табуы арқылы байқалады. Мұндай жағдайлар балалардың әлеуметтік сигналдарды дұрыс түсінуіне және оларды қарым-қатынас барысында тиімді қолдануына кедергі келтіреді.

Әлеуметтік коммуникацияның маңызды аспектілерінің бірі болып табылатын сөйлеудің прагматикалық жағы АСБ бар балаларда жиі бұзылады. Кейбір балалардың сөздік қоры жеткілікті болғанымен, олар сөйлеуді әлеуметтік контексте тиімді қолдануда қиындықтарға кездеседі. Мысалы, әңгімелесуді бастау, әңгіменің тақырыбын сақтау немесе әңгімелесушінің көзқарасын ескеру сияқты коммуникативтік әрекеттерді орындау барысында белгілі бір қиындықтар байқалады. Кей жағдайда эхолалия немесе стереотипті сөйлеу үлгілері де кездесіп, бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу сапасына әсер етуі мүмкін. Мұндай ерекшеліктер балалардың әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесінің шектелуіне және кейбір жағдайларда әлеуметтік оқшауланыуына әкелуі ықтимал.

Аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік коммуникациясын дамыту мәселесі арнайы педагогика мен психология саласындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі. Әлеуметтік коммуникацияны дамытуға бағытталған әртүрлі педагогикалық және психологиялық тәсілдер жетерлік. Бұл тәсілдердің негізгі мақсаты балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру. Әлеуметтік коммуникацияны дамыту тиімді болуы үшін оқыту процесі жүйелі, мақсатты және баланың даму ерекшеліктеріне бейімделген болуы қажет. Әлеуметтік коммуникацияны дамытуда кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – мінез-құлықтық оқытуға негізделген интервенциялар. Бұл бағытта қолданбалы мінез-құлық талдауы әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылады. Мұндай бағдарламаларда әлеуметтік мінез-құлық белгілі бір дағдыларға бөлініп, жүйелі жаттығулар арқылы қалыптастырылады. Мінез-құлықтық тәсілдер балалардың көзбен байланыс орнату, өтініш білдіру, жауап беру және әлеуметтік бастама жасау сияқты негізгі коммуникативтік әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік коммуникацияны дамытудағы тағы бір маңызды бағыт әлеуметтік дағдыларды арнайы оқыту бағдарламалары. Мұндай бағдарламалар балаларға әлеуметтік қарым-қатынас ережелерін, диалог жүргізу тәсілдерін, эмоцияларды тану және әлеуметтік жағдайларды түсіну дағдыларын жүйелі түрде үйретуге бағытталған. Әлеуметтік дағдыларды оқыту барысында моделдеу, рөлдік ойындар, әлеуметтік оқиғалар және визуалды қолдау құралдары жиі қолданылады. Бұл әдістер балалардың әлеуметтік түсінігін арттыруға және қарым-қатынас барысында қолданылатын нақты мінез-құлық үлгілерін меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін кеңейтуге және құрдастарымен қарым-қатынас орнату қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Кейінгі уақыттарда әлеуметтік коммуникацияны дамытуда құрдастар арқылы оқыту тәсілдеріне ерекше назар аударылып келеді. Бұл тәсілдің негізінде балалардың әлеуметтік мінез-құлықты құрдастарымен өзара әрекеттесу барысында меңгеру мүмкіндігі жатыр. Құрдастар арқылы оқыту барысында типтік дамуы бар балалар арнайы дайындықтан өтіп, АСБ бар балалармен бірге әлеуметтік әрекеттерге қатысады. Мұндай интервенциялар

балалардың әлеуметтік бастама жасау жиілігін арттырып, бірлескен ойындарға қатысуын және әлеуметтік байланыстардың қалыптасуын қолдайды. Құрдастар арқылы оқыту табиғи әлеуметтік жағдайларда жүзеге асырылатындықтан, қалыптасқан дағдылардың күнделікті өмірде қолданылуына ықпал етеді [3, 133-138 бет].

Әлеуметтік коммуникацияны дамыту тәсілдерін түсіндіруде топтық оқытудың теориялық негіздері де маңызды орын алады. Топтық оқыту педагогика мен психологияда әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы білім алуды қамтамасыз ететін тиімді әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл әлеуметтік-конструктивистік теорияларға негізделеді, әсіресе Л.С. Выготскийдің әлеуметтік даму теориясында білім мен дағдылардың қалыптасуы әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асатыны ерекше атап көрсетіледі. Осы теорияға сәйкес, балалар жаңа дағдыларды басқа адамдармен бірлескен әрекет барысында меңгереді. Топтық оқыту жағдайында балалар бір-бірінің мінез-құлқын бақылау, үлгі алу және өзара кері байланыс арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтайды.

Топтық оқыту әлеуметтік үйрену теориясымен де тығыз байланысты. Бұл теорияға сәйкес, балалар жаңа мінез-құлық үлгілерін бақылау, модельдеу және қайталау арқылы меңгереді. Топтық ортада балалар бір-бірінің әрекеттерін бақылап, әлеуметтік жағдайларда қолданылатын тиімді мінез-құлық стратегияларын үйренеді. Мұндай ортада әлеуметтік қарым-қатынас табиғи түрде қалыптасып, балалардың коммуникативтік тәжірибесі кеңейеді. АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында қолданылатын топтық интервенциялар соңғы жылдары ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылуда. Әлеуметтік дағдыларды топтық форматта оқыту бағдарламалары балаларға қауіпсіз және құрылымдалған ортада әлеуметтік мінез-құлықты тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар әдетте бірнеше баладан тұратын шағын топтарда өткізіліп, арнайы мамандардың жетекшілігімен ұйымдастырылады. Топтық сабақтар барысында балаларға қарым-қатынасты бастау, әңгімелесуді жалғастыру, эмоцияларды тану және бірлескен әрекетке қатысу сияқты әлеуметтік дағдылар үйретіледі.

Аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған топтық интервенциялар қазіргі арнайы педагогика мен психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі болып табылады. Топтық форматтағы бағдарламалар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін, коммуникативтік белсенділігін және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін дамытуға бағытталған жүйелі ұйымдастырылған сабақтар кешенін қамтиды. Мұндай интервенциялар әдетте бірнеше қатысушыдан тұратын шағын топтарда жүзеге асырылады және оларды арнайы дайындалған мамандар жүргізеді. Топтық жұмыстың негізгі ерекшелігі – балаларға әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын табиғи өзара әрекеттесу жағдайында меңгеруге мүмкіндік беруінде. Топ ішінде балалар бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түсіп, әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін тәжірибе жүзінде қолдану арқылы үйренеді.

Топтық әлеуметтік дағдылар бағдарламаларының мазмұны, әдетте, нақты коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталады. Мұндай бағдарламалар барысында балаларға қарым-қатынасты бастау, әңгімелесуді жалғастыру, көзбен байланыс орнату, әңгіме барысында кезек сақтау, өтініш білдіру және әлеуметтік сигналдарды түсіну сияқты дағдылар жүйелі түрде үйретіледі. Сабақтардың құрылымы көбінесе бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен балаларға белгілі бір әлеуметтік мінез-құлықтың мағынасы мен қолданылу жағдайлары түсіндіріледі. Одан кейін бұл мінез-құлықтың үлгісі көрсетіліп, балалар рөлдік ойындар немесе арнайы ұйымдастырылған тапсырмалар арқылы оны тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады [4, 73-79 бет]. Сабақ соңында балалардың әрекеттері талданып, олардың әлеуметтік мінез-құлқын жетілдіруге бағытталған кері байланыс беріледі. Мұндай құрылым балалардың әлеуметтік дағдыларды біртіндеп меңгеруіне және оларды түрлі жағдайларда қолдана алуына мүмкіндік береді. 1-кестеде көрсетілгендей, аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған негізгі топтық интервенция түрлері жүйелендірілген.

Кесте 1 - АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған топтық интервенциялар

Топтық интервенция түрі	Негізгі мақсаты	Қолданылатын әдістер	Дамытылатын әлеуметтік дағдылар
Әлеуметтік дағдыларды оқыту топтары (Social Skills Training)	Балалардың негізгі әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру	Әлеуметтік мінез-құлықты түсіндіру, модельдеу, рөлдік ойындар, топтық талқылау	Әңгімелесуді бастау, көзбен байланыс орнату, диалог жүргізу
Құрдастарарқылыоқ ытутоптары (Peer-mediated interventions)	Құрдастарменөзараәрекеттесуарқылыәлеуметтікмінез-құлықтыдамыту	Бірлескенойындар, топтықтапсырмалар, құрдастардыңүлгікөрсетуі	Әлеуметтікбастамажасау, бірлескенәрекеткеқатысу, қарым-қатынастықолдау
Ойынға негізделген топтық интервенциялар	Табиғи ойын жағдайында әлеуметтік әрекеттесуді дамыту	Бірлескен ойындар, сценарийлік ойындар, рөлдік әрекеттер	Ынтымақтастық, кезек күту, эмоцияларды білдіру
Когнитивтік-мінез-құлықтық топтық бағдарламалар	Әлеуметтік жағдайларды түсіну және мінез-құлықты реттеу	Әлеуметтік жағдайларды талдау, проблемалық жағдайларды шешу жаттығулары	Эмоцияларды тану, әлеуметтік ережелерді түсіну, өзін-өзі бақылау

Топтық интервенциялардың маңызды артықшылықтарының бірі әлеуметтік өзара әрекеттесудің нақты жағдайларын модельдеу мүмкіндігі. Жеке оқыту жағдайымен салыстырғанда топтық орта балаларға әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындауға, өзара әрекеттесу барысында мінез-құлық стратегияларын өзгертуге және құрдастарымен бірлескен әрекетке қатысуға мүмкіндік береді. Топтық сабақтар барысында балалар бірлескен ойындарға, диалогтық тапсырмаларға және топтық мәселелерді шешуге қатысады. Мұндай әрекеттер балалардың әлеуметтік бастама жасауына, коммуникативтік белсенділігінің артуына және әлеуметтік мінез-құлықтың икемді түрде қалыптасуына ықпал етеді.

Топтық әлеуметтік дағдылар интервенциялары көбінесе құрылымдалған бағдарламалар түрінде ұйымдастырылады. Мұндай бағдарламалар белгілі бір уақыт аралығында жүргізіледі және бірнеше сабақтан тұратын жүйелі оқу процесін қамтиды. Әрбір сабақта нақты әлеуметтік дағды қарастырылып, балалар сол дағдыны түрлі әлеуметтік жағдайларда қолдануға үйренеді. Бағдарламалар барысында визуалды материалдар, әлеуметтік жағдайларды модельдеу, бірлескен ойындар және практикалық жаттығулар кеңінен қолданылады. Бұл әдістер балалардың әлеуметтік жағдайларды түсінуіне және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін нақты тәжірибе арқылы меңгеруіне көмектеседі. Топтық интервенциялар балалардың әлеуметтік оқшауланудын азайтуға және құрдастарымен тұрақты әлеуметтік байланыстар қалыптастыруына мүмкіндік береді. Топтық орта балаларға әлеуметтік өзара әрекеттесудің түрлі формаларын тәжірибе жүзінде қолдануға жағдай жасап, олардың әлеуметтік сенімділігін арттырады. Бірлескен әрекеттер барысында балалар өзара көмек көрсету, келісімге келу, өз ойын білдіру және басқа адамдардың көзқарасын ескеру сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Мұндай тәжірибе балалардың әлеуметтік бейімделуіне және мектеп немесе қоғам жағдайында тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік коммуникациясы олардың әлеуметтік бейімделуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Әдебиеттерді талдау әлеуметтік өзара әрекеттесу мен коммуникациядағы қиындықтар АСБ-ның негізгі ерекшеліктерінің бірі екенін және бұл дағдыларды мақсатты педагогикалық қолдау арқылы дамыту қажеттігін көрсетеді. Әсіресе топтық оқыту мен топтық интервенциялар балаларға әлеуметтік қарым-қатынастың табиғи жағдайында тәжірибе жинақтауға, құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға және әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін меңгеруге мүмкіндік береді. Топтық форматтағы бағдарламалар әлеуметтік бастама жасау, диалог жүргізу, эмоцияларды тану және бірлескен әрекетке қатысу сияқты маңызды әлеуметтік дағдылардың дамуына қолайлы жағдай жасайды. Топтық интервенциялар АСБ бар балалардың әлеуметтік коммуникациясын дамытуда тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде қарастырылып, инклюзивті білім беру тәжірибесінде маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Каретникова Е. В. Общение без барьеров: развитие интравербальных навыков у подростков с РАС в рамках групповых занятий //Аутизм и нарушения развития. – 2024. – Т. 22. – №. 2. – С. 52-60.
2. Дорофеева Н. В. Включение детей с РАС в совместную деятельность в рамках комплексных нейропсихологических занятий //Мировая наука. – 2021. – №. 12 (57). – С. 23-24.
3. Полякова К. А., Егорова Н. Л. Влияние социальной среды на коммуникацию у детей с расстройствами аутистического спектра //Вестник науки. – 2025. – Т. 1. – №. 1 (82). – С. 133-138.
4. Таганова А. М., Байкадамова А. М. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру //Вестник Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова. – 2024. – Т. 78. – №. 4. – С. 73-79.

УДК 376.37

ПРИМЕНЕНИЕ СИСТЕМЫ “ДАРЫ ФРЁБЕЛЯ” ДЛЯ РАЗВИТИЯ ВОСПРИЯТИЯ И ВНИМАНИЯ У ДЕТЕЙ 4–5 ЛЕТ С ООП НА ЗАНЯТИЯХ ЛОГОПЕДА И ДЕФЕКТОЛОГА

Михеева Д.Н; Фёдорова С.Г.
КГКП «Детский сад-ясли №7 «Радуга»» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области
Усть-Каменогорск, Казахстан
E-mail: kitkatz2003@mail.ru

Проблема несформированности перцептивных процессов у детей с ООП 4–5 лет затрудняет усвоение образовательного материала. Для таких детей характерны быстрая истощаемость, кратковременная продуктивность и импульсивность действий. Система «Дары Фрёбеля» позволяет создать условия для работы без отвлечений за счет наглядности и четкой структуры материала.

Система «Дары Фрёбеля» представляет собой структурированный набор дидактических материалов, направленных на развитие восприятия, анализа, сравнения и целенаправленных действий, что делает её перспективным инструментом для формирования внимания и сенсорной организации деятельности детей с ООП в условиях коррекционных занятий. [1].

При первичной диагностике детей 4-5 лет с ООП, были выявлены критически низкие показатели развития процессов восприятия и внимания. Это подтолкнуло выдвинуть данную гипотезу: при систематическом использовании системы «Дары Фребеля» на коррекционных занятиях логопеда и дефектолога процессы внимания и восприятия должны значительно улучшиться.

В ходе работы был разработан диагностический комплекс, который состоял из таких методик, как:

- Методика «Найди и спрячь» (зрительное внимание и форма). [2]
- Методика «Цветное поле» (восприятие цвета и работоспособность). [3]
- Методика «Волшебный мешочек» (тактильное восприятие). [4]

Коррекционная программа включала 16 занятий (8 - логопеда, 8 - дефектолога), где материалы Фрёбеля выступали вариативным компонентом. Работа строилась на междисциплинарном подходе: дефектолог формировал когнитивные операции, а логопед обеспечивал вербализацию действий и развитие регулирующей функции речи.

Цикл занятий был разделен на блоки:

1. Блок стимуляции первичного внимания и восприятия.

На начальных занятиях (с использованием Даров №1 и №2) внимание детей акцентировалось на фундаментальных свойствах предметов: форме, цвете, массе. Дефектолог организовывал игры на выделение объекта из пространства, что критически важно для детей с ООП, склонных к быстрой отвлекаемости. Логопед, в свою очередь, стимулировал ребенка называть признаки предметов, используя метод ритмизации и пропевания простых инструкций. Это позволило создать эмоционально-положительный фон и повысить порог истощаемости внимания.

2. Блок развития устойчивости и аналитических навыков.

В середине формирующего этапа работа велась с использованием Даров №3, №4, №5 и №6. Основной формой деятельности стало конструирование по образцу. Для детей с ООП 4–5 лет данный процесс требовал значительных волевых усилий.

- Специалисты постепенно усложняли задания: от простого копирования модели до воссоздания конструкции по памяти.
- Логопедическая работа на данном этапе была направлена на формирование планирующей речи («Что ты возьмешь сначала? Что поставишь сверху?»), что выступало дополнительной опорой для удержания внимания на задаче.

3. Блок формирования самоконтроля и детализации.

Заключительные занятия включали работу с плоскостными и мелкими объектами (Дары №7, №8, №9 и №10). Использование палочек, колец и точек требовало от дошкольников высокой концентрации и точных мелкомоторных действий. На этом этапе дефектолог предлагал задания на продолжение логических рядов и выкладывание по образцу. Основным показателем эффективности стало снижение количества импульсивных действий: дети начали предварительно анализировать инструкцию и соотносить полученный результат с эталоном.

Практический инструментарий. Основные игры, использованные в ходе работы, представлены в Таблице 1.

Таблица 1 - Содержание коррекционных игр с применением системы «Дары Фрёбеля»

Направление	Содержание игры	Набор Фребеля	Вид игры
Развитие зрительного и тактильного восприятия формы, цвета и величины, а также на устойчивость внимания	«Найди такой же» / «Найди пару»: Поиск идентичных предметов среди множества других.	№ J1, № 7, № 8, № 9, № 10, № J2.	Сенсорные игры
	«Волшебный мешочек»: Ребенок на ощупь должен найти в непрозрачном мешочке геометрическую фигуру, соответствующую карточке-образцу.	№ 1 и № 2	
	«Найди спрятанную фигуру»: Поиск определенного элемента в пространстве или среди других материалов.	№ J1, № 7, № 8, № 9, № 10, № J2.	
Ориентированы на развитие мыслительных операций (анализ, сравнение) и способности удерживать инструкцию педагога	Игры на классификацию и исключение: • «Найди лишний»: Определение предмета, не подходящего к остальным по одному из признаков.	№ J1, № 7, № 8, № 9, № 10, № J2.	Дидактические игры
	• «Цветная пирамидка»: Работа с цветом и размером.	№ J1, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6.	
	Игры на развитие памяти и концентрации: • «Что изменилось?»: Ребенок должен заметить перемены в расположении или составе фигур после того, как закроет глаза.	№ J1, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6.	
	• «Логические ряды»: Продолжение последовательности из фигур по заданному правилу.	№ J1, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6.	
	Игры на воссоздание целого: • «Собери целое»: Составление единого образа из частей.	№ 7 (мозаика из геометрических фигур)	
	• «Составь узор» / «Мозаика»: Выкладывание орнамента по образцу или инструкции, что требует высокой концентрации внимания.	№ 10 (фишки/точки)	
Развитие концентрации и слухового внимания	«Слушай и считай» : Педагог хлопает в ладоши или стучит молоточком. Ребенок должен выложить на стол ровно столько фишек («точек»), сколько ударов он услышал.	Набор №10	Дидактические и сенсорные игры

	«Цветные стоп-сигналы» (: Ребенок перемещает мягкий мячик по столу, пока педагог играет на бубне или поет. Как только музыка смолкает, педагог называет цвет (например, «Красный!»). Ребенок должен мгновенно схватить мячик именно этого цвета.	Набор №1	
Речевые игры с элементами внимания	«Гусеница звуков» Педагог называет цепочку слов. Если слово начинается на заданный звук, ребенок надевает бусину на шнурок. Если звука нет -пропускает.	Набор J1 — бусины	Дидактические игры

Таким образом, гипотеза о значительном улучшении процессов внимания и восприятия при систематическом использовании системы «Дары Фрёбеля» полностью подтвердилась.

В ходе реализации цикла из16 занятий, наблюдалась выраженная положительная динамика. Если на первой неделе средняя продолжительность продуктивной деятельности детей не превышала 3–5 минут, то к концу четвертой недели этот показатель увеличился до 12–15 минут.

Системное применение «Даров Фрёбеля» позволило компенсировать недостатки произвольности внимания у детей с ООП. Наглядность и структурированность дидактического материала создали условия, при которых ребенок мог работать в стабильном темпе, совершая значительно меньше ошибок, связанных с переключаемостью внимания.

Благодаря четкой структуре материалов и возможности интеграции логопедических и дефектологических задач, удается не только развить сенсорные эталоны, но и сформировать механизмы произвольного внимания.

Междисциплинарный подход, при котором практические действия с предметами подкрепляются речевым планированием, является оптимальным для коррекции задержек развития у дошкольников с ООП. Результаты работы могут быть рекомендованы к использованию в дошкольных образовательных учреждениях.

Список использованной литературы

1. Карпова Ю. В. Использование игрового набора «Дары Фрёбеля» в образовательной деятельности. — Самара: ТД «Светоч», 2014.

2. Альманах психологических тестов. — М.: КСП, 1996.

3. Забрамная С. Д. Практический материал для проведения психолого-педагогического обследования детей. — М.: Владос, 2008.

4. Стребелева Е. А. Психолого-педагогическая диагностика развития детей раннего и дошкольного возраста : метод. пособие. — М.: Просвещение, 2004.

ӘОЖ 376.1

АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Мұратбекова Қ. М., магистрант, 2 курс
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскемен қ., Қазақстан
K.muratbekova@bk.ru

Аутистік спектр бұзылысы қазіргі арнайы педагогика мен инклюзивті білім берудегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2025 жылғы дерегінде аутизм ми дамуына қатысты әртүрлі жағдайлар тобы ретінде сипатталып, 2021 жылы әлемде шамамен әрбір 127 адамның бірінде аутизм болғаны көрсетілген. Бұл көрсеткіш аутизм мәселесінің тек медициналық қана емес, педагогикалық және әлеуметтік маңызын да айқындайды. Мектеп жасындағы балалар үшін бұл мәселе әсіресе өзекті, өйткені дәл осы кезеңде балада күнделікті әрекеттерді өздігінен орындау, өз тәртібін реттеу, қоғамдық ортада өзін ұстау және оқу кеңістігіне бейімделу дағдылары бекітіледі. Аутистік спектрі бұзылған балаларда осы саладағы қиындықтар олардың зияттық мүмкіндіктерімен әрдайым сәйкес келе бермейді: зерттеулер күнделікті тұрмыс дағдылары көбіне танымдық деңгейден төмен болатынын көрсетеді. Сондықтан өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың дербес бағыты ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстан жағдайында бұл мәселе инклюзивті білім беруді дамыту міндеттерімен тікелей байланысты. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету ретінде айқындалады. Сонымен бірге 2025 жылғы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың сапасына, көлеміне және шарттарына қойылатын талаптарды белгілеп, командалық бағалау, жеке-дамыту бағдарламасын әзірлеу, арнайы педагог, педагог-психолог және басқа мамандардың бірлескен жұмысын негіздейді. Бұл өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру жұмысын мектеп жағдайында жүйелі ұйымдастыруға құқықтық және әдістемелік негіз береді. UNICEF-тің Қазақстандағы инклюзивті білім беру бойынша 2024 жылғы талдамалық есебінде де сапалы қолдау көрсету үшін нақты практикалық тетіктерді жетілдіру қажеттігі аталады.

Зерттеу мақсаты - аутистік спектрі бұзылған мектеп жасындағы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамытуға арналған бағдарламаның мазмұнын ғылыми тұрғыдан негіздеу және оны білім беру ұйымы жағдайында іске асырудың әдістемелік тетіктерін сипаттау. Зерттеу міндеттері өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының құрылымын нақтылау,

бағдарламаны құру қағидаттарын айқындау, оның мазмұндық блоктарын жүйелеу және педагогикалық қолдау шарттарын белгілеу болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақаланы әзірлеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, салыстыру, жинақтау, нормативтік құжаттарды мазмұндық сараптау және әдістемелік модельдеу әдістері қолданылды. Талдау барысында аутизмі бар балалардың күнделікті өмір дағдыларына қатысты шетелдік зерттеулер, инклюзивті білім беру саласындағы ресми құжаттар, сондай-ақ арнайы қолдау көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік негіздері қарастырылды. Осындай көпқырлы талдау бағдарламаның мазмұнын тек теориялық пайымға емес, білім беру тәжірибесінде қолдануға болатын нақты педагогикалық шешімдерге сүйене отырып ұсынуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары деп баланың киіну, шешіну, жуыну, тіс тазалау, шаш тарау, әжетхана мәдениетін сақтау, тамақтану, заттарын жинау, оқу құралдарын реттеу, жеке қауіпсіздік ережелерін орындау сияқты күнделікті тұрмыс әрекеттерін біртіндеп өз бетінше атқара алуын түсінеміз. Бұл дағдылар тек гигиеналық немесе тұрмыстық машықтар жиынтығы емес, олар баланың дербестігін, жауапкершілігін, мінез-құлықтың реттелуін және әлеуметтік ортаға қосылуын қамтамасыз ететін функционалдық негіз болып саналады. Күнделікті өмір дағдылары төмен болған жағдайда бала мектеп режиміне бейімделуде, мұғалім нұсқауын орындауда, сыныптастарымен өзара әрекеттесуде және үй мен мектеп арасындағы талап айырмашылығына икемделуде қосымша қиындықтарға кезігеді. Сондықтан бұл дағдыларды дамыту оқшау бағыт емес, тұтас түзете-дамыту жұмысының тірек компоненті ретінде қаралуы қажет.

Бағдарламаны құруда бірнеше негізгі қағидат жетекші орын алады. Біріншіден, дараландыру қағидаты, өйткені аутистік спектрі бұзылған балалардың сенсорлық ерекшеліктері, сөйлеуді түсінуі, еліктеу мүмкіндігі, қозғалыс үйлесімі мен мінез-құлық реттелуі әртүрлі болады. Екіншіден, әрекетті құрылымдау қағидаты маңызды, яғни күрделі тұрмыстық әрекет ұсақ, түсінікті және бірізді қадамдарға бөлінеді. Үшіншіден, визуалды қолдау, үлгі көрсету, қысқа әрі нақты нұсқау беру, әрекетті қайталау және бірізді бекіту жұмыстың нәтижелілігін арттырады. NICE ұсынымдары аутизмі бар балаларға қолдау көрсетуде визуалды құралдарды, сенсорлық ерекшеліктерді ескеруді, ата-ананы шешім қабылдау мен іске асыру үдерісіне тартуды маңызды деп көрсетеді. Ал қолданбалы мінез-құлық талдауы бойынша метаталдау нәтижелері құрылымдалған және мінез-құлықтық негіздегі араласулардың коммуникация, әлеуметтік және күнделікті өмір дағдыларын дамытуда мәнді ықпал ете алатынын көрсетеді.

Осыған сүйене отырып, ұсынылатын бағдарлама мазмұны бірнеше өзара байланысты блоктан тұрады. Бірінші блок – жеке гигиена дағдылары. Мұнда қол жуу, бет жуу, тіс тазалау, шаш күту, ұқыптылықты сақтау әрекеттері қалыптастырылады. Екінші блок – киіну және сыртқы келбетін реттеу дағдылары. Бұл бағытта киімді таңдау, кию ретін сақтау, түйме салу, аяққиім кию, маусымға сай киіну машықтары дамытылады. Үшінші блок – тамақтану

мәдениеті. Мұнда ас ішу реті, қасық-шанышқыны дұрыс ұстау, майлықты пайдалану, ыдысты жинау сияқты әрекеттер қамтылады. Төртінші блок – мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары. Бұл баланың сөмкесін жинауы, оқу құралдарын реттеуі, сабаққа қажетті заттарын дайындауы, жұмыс орнын таза ұстауы арқылы жүзеге асады. Бесінші блок – қауіпсіздік және әлеуметтік-тұрмыстық бағдар. Бұл бағытта балаға өз затын тану, рұқсат сұрау, қауіпті жағдайда ересекке жүгіну, қоғамдық орында өзін ұстау сияқты күнделікті өмір үшін аса қажет дағдылар үйретіледі.

Бағдарламаның әдістемелік өзегі әрекетті кезеңдеп қалыптастыруға негізделеді. Алдымен балаға әрекеттің мақсаты түсіндіріліп, оның көрнекі үлгісі ұсынылады. Одан кейін педагог әрекетті толық немесе жартылай көрсетіп, баламен бірге орындауға көшеді. Келесі кезеңде көмек көлемі біртіндеп азайтылып, балаға дербес әрекет ету мүмкіндігі беріледі. Мұнда тізбектеп оқыту, ишара немесе визуалды нұсқау, заттық тірек, ауызша еске салу, мадақтау, нәтижені бірден бекіту сияқты тәсілдер тиімді қолданылады. Ең бастысы, бала әрекетті тек кабинет жағдайында емес, сыныпта, үйде, асханада, санитарлық бөлмеде, серуен кезінде де орындай алатындай жалпыландыру жұмысы жүргізіледі. Өйткені дағдының шынайы қалыптасуы оның түрлі ортада қолданылуымен анықталады.

Бұл бағдарламаны іске асыруда ата-анамен жұмыс ерекше мәнге ие. Аутистік спектрі бұзылған бала үшін мектепте игерілген әрекет үй жағдайында бекітілмесе, дағды тұрақсыз болып қалады. Сондықтан педагог ата-анаға әрекетті үйретудің ретін, қолданылатын визуалды материалдарды, көмек түрлерін және күшейткіш тәсілдерді түсіндіріп отыруы тиіс. Отбасымен серіктестік орнату баланың күн тәртібін біріздендіруге, талаптардың қарама-қайшылығын азайтуға және эмоционалдық жайлылықты сақтауға көмектеседі. NICE ұсынымдары да ата-ана мен қамқоршыны қолдау мен шешім қабылдауға тұрақты түрде тартудың маңызын айқындайды.

Инклюзивті білім беру жағдайында бағдарламаның нәтижелі болуы педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастырылуына байланысты. Қазақстан Республикасындағы 2025 жылғы стандартқа сәйкес арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау командалық бағалауды, жеке-дамыту бағдарламасын әзірлеуді және арнайы педагогтер мен педагог-психологтардың қатысуын қамтиды. Осыған орай өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту бағдарламасы да командалық сипатта қарастырылуы тиіс: сынып мұғалімі күнделікті оқу ортасында дағдыны бекітсе, арнайы педагог оны қалыптастырудың тәсілдерін жүйелейді, психолог мінез-құлықтық және эмоциялық кедергілерді азайтуға көмектеседі, ал ата-ана үй жағдайында машықты тұрақтандырады. Мұндай үйлестірілген қолдау баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның тиімділігі бірнеше көрсеткіш арқылы бағалануы мүмкін. Олардың қатарында әрекетті өз бетінше орындау үлесінің артуы, көмектің көлемінің азаюы, әрекет ретін сақтай алуы, визуалды тірекке тәуелділіктің біртіндеп төмендеуі, дағдыны жаңа ортаға ауыстыра білуі және ата-ана мен педагог байқаған тұрмыстық дербестік деңгейінің жоғарылауы бар. Зерттеулер

күнделікті өмір дағдыларын мақсатты түрде дамытуға бағытталған бағдарламалардың оң нәтиже бере алатынын, ал осы дағдылардың жоғары болуы кейінгі оқу, еңбек және тәуелсіз өмір сүру мүмкіндіктерімен байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан мектеп жасындағы кезеңде бұл бағытқа жүйелі түрде көңіл бөлу болашақ әлеуметтік нәтижелер тұрғысынан да маңызды.

Қорытынды. Аутистік спектрі бұзылған мектеп жасындағы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту – арнайы педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі. Бұл дағдылардың қалыптасуы баланың тек тұрмыстық дербестігін арттырып қана қоймай, оның оқу әрекетіне қосылуын, әлеуметтік байланыс орнатуын және инклюзивті ортада орнығуын жеңілдетеді. Ұсынылған бағдарламаның мазмұны жеке гигиена, киіну, тамақтану, мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру және қауіпсіз мінез-құлық сияқты өзара байланысты бағыттарды қамтиды. Бағдарламаның тиімділігі дараландыру, визуалды қолдау, әрекетті кезеңдеп қалыптастыру, тұрақты қайталау, ата-анамен серіктестік және командалық сүйемелдеу қағидаттарына сүйенгенде артады. Осы тұрғыдан алғанда, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту бағдарламасы аутистік спектрі бұзылған балаларды педагогикалық қолдаудың практикалық құралы ғана емес, олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік-маңызды жүйе болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. World Health Organization. Autism. Fact sheet. 17 September 2025.
2. National Institute for Health and Care Excellence. Autism spectrum disorder in under 19s: support and management (CG170). London, 2013.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, №319-III.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы №117 бұйрығы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы»
5. UNICEF Kazakhstan. Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation. 2024.
6. Bal V.H., Kim S.H., Cheong D., Lord C. Daily living skills in individuals with autism spectrum disorder from 2 to 21 years of age. Autism. 2015;19(7):774–784.
7. Duncan A., Meinzen-Derr J., Ruble L.A., Fassler C., Stark L.J. A Pilot Randomized Controlled Trial of a Daily Living Skills Intervention for Adolescents with Autism. Journal of Autism and Developmental Disorders. 2022;52(2):938–949.
8. Yu Q., Li E., Li L., Liang W. Efficacy of Interventions Based on Applied Behavior Analysis for Autism Spectrum Disorder: A Meta-Analysis. Psychiatry Investigation. 2020;17(5):432–443.

ӘОЖ 376.3

ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АСБ БАР БАЛАЛАРДА ӨМІРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МОДЕЛЬДЕРІ

Насимулдинова Г.Б., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскеменқ., Казақстан
nasimuldinova_q@isa.nis.edu.kz

Аутизм спектрі бұзылған балаларда өмірлік құзыреттілікті қалыптастыру қазіргі білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мазмұнының құрылымында алғаш рет «академиялық» және «өмірлік құзыреттілік» деген екі қосымша компонент айқындалады. Өмірлік құзыреттілік өзекті күнделікті міндеттерді барабар және мүмкіндігінше өз бетінше шешу қабілеті ретінде түсініледі. Егер МШ жоқ баланың өмірлік құзыреті, әдетте, табиғи түрде отбасылық тәрбие жағдайында дамитын болса, онда АСБ бар бала оны мақсатты тәрбие мен оқыту жағдайында қалыптастырады.

Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы әзірлеген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдеріне сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру мазмұны екі қосымша бағытты қамтиды: одан әрі дамыту үшін базалық білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған академиялық білім беру және дербес өмір сүру үшін қажетті практикалық дағдыларды меңгеруді көздейтін өмірлік құзыреттерді қалыптастыру және қоғамдағы табысты әлеуметтену [1].

Инклюзивті білім беру саласындағы жетекші қазақстандық маман Р. А. Сулейменова атап өткендей, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру процесі екі негізгі компоненттің негізінде құрылады: оқу дағдыларын интеллектуалды дамыту мен қалыптастыруды қамтамасыз ететін академиялық бағдарламаны игеру және күнделікті өмір мен әлеуметтік бейімделу үшін практикалық дағдыларды игеруді көздейтін өмірлік құзыреттілікті дамыту [2].

АСБ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері академиялық оқытуға емес, өмірлік құзыреттілік саласына қатысты. Зерттеушілер атап өткендей, АСБ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі, ең алдымен, қоршаған пәндік және әлеуметтік әлемге танымдық қызығушылықты арттыруды көздейтін өмірлік құзыреттілікті дамыту және кеңейту; балаға онымен және оның айналасында болып жатқан оқиғаларды түсінуге, өмірлік тәжірибені пысықтауға көмектесу.

Өмірлік құзыреттілікті қалыптастыру мыналарды қамтиды:

- оқу барысында алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуді қалыптастыру бойынша арнайы жұмыс;

- мінез-құлықты саналы түрде реттеу және өз іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыру, туындайтын қиындықтарды сезіну, ересек адамның көмегін сұрату және пайдалану қабілетін қалыптастыру бойынша арнайы жұмыс;

- коммуникацияның әртүрлі нысандарын дамыту және барынша кеңейтілген әлеуметтік байланыстар жағдайында әлеуметтік мақұлданған мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша арнайы жұмыс.

Қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА терапиясы, Applied Behavior Analysis) аутизмі бар және дамудың басқа да ерекшеліктері бар балалардың мінез-құлқын түзетудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мінез-құлық пен мінез-құлықтың қоршаған ортамен байланысын зерттейтін ғылыми пән. АВА терапиясы көбінесе аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен жұмыс істеу үшін қолданылады, өйткені қоғамда өмір сүру үшін маңызды мінез-құлықтың бұзылуы жиі АСБ кезінде көрінеді.

Әдісті доктор Ивар Ловаас 1960 жылдардың ортасында жасаған. 1968 жылы қолданбалы мінез-құлықты талдау журналының алғашқы саны жарық көрді. Ловаас аутизмі бар балаларда АВА терапиясын қолданудың тиімділігін зерттеді және қарқынды оқыту кезінде балалардың 40% - ы дамудың кешігуін жеңетінін және мектеп жасына қарай әртүрлі дағдыларды, соның ішінде әлеуметтік дағдыларды құрдастарымен тең меңгеретінін дәлелдеді [3]. Кэтрин Мористің балаларына әдісті қолдану туралы кітабы АВА терапиясына үлкен назар аударды, содан кейін әлемнің түкпір-түкпірінен келген мамандар тәсілдің тиімділігін бағалайтын көптеген зерттеулер жүргізді [4].

Қолданбалы мінез - құлық талдауы аутизмі бар балаларға білім беру және оларға көмектесу үшін дәлелді тәжірибелердің көзі болып табылады. Бұл оқытудың нақты әдісі емес, психологтарға, мамандарға және ата-аналарға АСБ бар баланың мінез-құлқы қалай жұмыс істейтінін, қандай принциптер өзгеретінін түсінуге мүмкіндік беретін ғылым. Терапияның бұл түрінің басты айырмашылығы-араласу бағдарламаларының тиімділігін талдау.

АВА терапиясы бірнеше кезеңнен тұрады:

- бастапқы кезеңде маман түзетуді қажет ететін мінез-құлықты бағалау;

- басым міндеттерді қамтитын алынған мәліметтер негізінде бағдарлама құру;

- жеке және топта өтетін оқыту;

- жетістіктерді жүйелі бақылаумен прогресті бағалау.

Негізгі әдістер ретінде төмендегілерді қарастырады:

- ABLLS-R-негізгі оқу дағдыларын, академиялық дағдыларды, өзіне-өзі көмектесу дағдыларын, моториканы қамтитын 25 түрлі даму салалары бойынша негізгі сөйлеу және оқу дағдыларын бағалау әдістемесі [5];

- VB - MAPP-сөйлеу және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын бағалау әдістемесі [6];

- Денвердің ерте араласу моделі-аутизмі бар немесе оның даму қаупі бар сәбилерге арналған мінез-құлық пен даму психологиясын қолданбалы талдауға негізделген терапия [7].

АВА терапия әдісі универсалды: бұл аутизм диагнозы қойылған балаларға ғана емес, сонымен қатар сөйлеудің кешігуі, әлеуметтенудің

қиындауы, когнитивті немесе эмоционалды дамудың бұзылуы бар балаларға да жарайды. АВА терапиясының жетістігі көбінесе араласудың қарқындылығы мен тұрақтылығына байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, маңызды көрінетін нәтижелерге қол жеткізу үшін аптасына 20-40 сағат терапия оңтайлы болады.

АВА терапиясы бірегей, өйткені ол әр балаға бейімделген. Симптомдары немесе мінез-құлқы бірдей болатын АСБ бар екі бала жоқ, сондықтан әрбір емдеу жоспары толығымен бірегей болады. Жеке емдеу стратегияларын қолдану нәтижесінде баланың өз дағдыларын өз қарқынымен үйренуге және жақсартуға мүмкіндігі бар.

АСБ бар балаларға инклюзивті білім беру модельдерін қарастырайық.

Инклюзивті білім беру оқытуға, мәдени және қоғамдық өмірге қатысуды кеңейту арқылы білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеруге және қанағаттандыруға бағытталған процесс ретінде анықталады.

Сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда қолданылатын педагогикалық технологиялар сараланған оқыту мен білім беру процесін дараландыруды, МШ бар балалардағы мінез-құлық және оқу қиындықтарын түзетуді, оқушылардың әлеуметтік құзыреттіліктерін, оның ішінде толеранттылықты қалыптастыруды, инклюзивті ортадағы жетістіктерді бағалауды қамтиды.

Маңызды компонент-бұл басқа мамандармен бірге жасалатын МШ оқушыны дамытудың жеке бағдарламасы. Жеке даму бағдарламасын құра білу және білім алушының даму динамикасын қадағалай білу ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамды қосу процесін іске асыру үшін қажетті педагогтің негізгі құзыреті болып табылады.

Оқыту нақты өмірлік жағдайлармен байланысты болуы керек: тауарларды сатып алу, кесте құру немесе жай сандармен жұмыс істеу. Бұл оқытуды көрнекі және тәжірибеге бағытталған етуге мүмкіндік береді. Негізгі міндет-балаға өзін-өзі күтудің қарапайым дағдыларын үйрету, бұл АСБ ауыр формадағы балалары үшін білім беру процесінің негізгі мақсаты болуы мүмкін.

Қолданбалы мінез-құлық талдауында жүздеген түзету құралдары бар, соның ішінде ауызша және вербалды емес еліктеу, моториканы дамыту, сөйлеушінің сөйлеуін түсіну, әрекеттер мен заттарды дауыстау, объектілерді жіктеу. Негізгі мақсат-балаға қоршаған әлемді өз бетінше зерттеуге арналған құралдар беру.

Диалогтық сөйлеуді дамыту ертегілерді, әңгімелерді, суреттерді, ойындарды, сабақтарды драматизациялау арқылы жүзеге асырылады. Әдеби кейіпкерлердің мінез-құлық мотивтері мен кейіпкерлерін түсіну қабілетін дамыту маңызды. АСБ бар балаларда коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану басым бағыт болып табылады.

Ең кеңейтілген әлеуметтік байланыстар жағдайында әлеуметтік мақұлданған мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Балалар қарым-қатынасқа түсуді, диалогты сақтауды, өз тілектері мен қажеттіліктерін әлеуметтік тұрғыдан қолайлы тәсілдермен білдіруді үйренеді [8].

Осылайша, аутизм спектрі бұзылған балаларда өмірлік құзыреттілікті қалыптастыру инклюзивті және арнайы білім беру жүйесінде барабар білім беру жағдайларын жасай отырып, мінез-құлықты қолданбалы талдау сияқты заманауи ғылыми негізделген түзету әдістерін біріктіретін кешенді тәсілді қажет етеді.

Өмірлік құзыреттілікті қалыптастырудың сәттілігі көптеген факторларға байланысты: мұғалімдердің кәсіби дайындығы, білім беру мекемелерін материалдық-техникалық жабдықтау, білім беру маршруттарын даралау, отбасы мен білім беру мекемесінің тығыз қарым-қатынасы, түзетудің ғылыми негізделген әдістерін қолдану.

Қазақстан контекстінде АСБ бар балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүйесін дамыту белсенді қалыптасу сатысында тұр. Құрылған нормативтік-құқықтық база, инклюзивті біліммен қамтудың артуы, мамандарды даярлау жүйені одан әрі жетілдіру үшін алғышарттар жасайды. Сонымен қатар, кадрлармен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық жарақтандыру, қоғамның инклюзивті мәдениетін қалыптастыру мәселелері өзекті болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан: Методические рекомендации. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 56 с.

2. Сулейменова Р.А. Инклюзивное образование в Казахстане: эволюция и перспективы развития / Р.А. Сулейменова // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2019. – №2(57). – С. 45-52.

3. Lovaas O.I. Behavioral treatment and normal educational and intellectual functioning in young autistic children // Journal of Consulting and Clinical Psychology. – 1987. – Vol. 55. – P. 3-9.

4. Maurice C. Let Me Hear Your Voice: A Family's Triumph Over Autism / C. Maurice. – New York: Ballantine Books, 1994. – 371 p.

5. Инструмент для оценки развития навыков у детей с аутизмом и другими нарушениями развития (ABLLS-R®) https://autism-frc.ru/early-help/metody/1421

6. Программа оценки навыков речи и социального взаимодействия для детей с аутизмом и другими нарушениями (VB-MAPP) Электронный ресурс: – URL: https://autism-frc.ru/early-help/metody/1420

7. Денверская модель раннего вмешательства (ESDM) Электронный ресурс: – URL: https://dyshi-legko.ru/kompleksnaya-reabilitaciya-detej-invalidov/s-dcp/denverskaya-model-rannego-vmeshatelstva-esdm/

8. Воробьева О. А. Игровая деятельность в формировании социально одобряемого поведения у детей // Гаудеамус. -2006. -№9. Электронный ресурс: – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/igrovaya-deyatelnost-v-formirovanii-sotsialno-odobryaemogo-povedeniya-u-detey

УДК 376.37

ОЦЕНКА УРОВНЯ СФОРМИРОВАННОСТИ ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ПРЕДЛОГОВ У ДЕТЕЙ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ.

Нидeнталь А.С.[1] ,Алексеева С.А[2] .
[1]Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова
[2] КГУ «Специальный детский сад № 62»отдела образования
по городу Усть-Каменогорску управления образования ВКО,
г.Усть-Каменогорск, Казахстан.
lina.nidental.20.04@mail.ru

В современных условиях дошкольного образования проблема формирования пространственных представлений у детей приобретает особую значимость не только в контексте речевых нарушений, но и в норме речевого развития. Пространственные предлоги (в, на, под, за, перед, между и др.) являются важным компонентом грамматического строя речи и обеспечивают точность, логичность и связность высказываний. Однако практика показывает, что трудности в их усвоении характерны как для дошкольников с общим недоразвитием речи (ОНР), так и для детей с нормативным речевым развитием.

У детей с ОНР данные нарушения проявляются более выражено и носят системный характер: наблюдаются ошибки в понимании пространственных отношений, несоответствие предлога реальной ситуации, пропуски предлогов в речи. В то же время у детей без выраженных речевых нарушений также нередко фиксируются неточности в употреблении предлогов, особенно в сложных пространственных конструкциях. Зачастую дети заменяют предлоги в речи, используя более простые или привычные формы вместо точных (например, «на» вместо «под», «в» вместо «за»), что свидетельствует о недостаточной сформированности пространственных представлений и языковых обобщений.

Несмотря на актуальность данной проблемы, вопросы диагностики уровня сформированности пространственных предлогов остаются недостаточно разработанными. В практике специалистов отсутствуют единые критерии и комплексные диагностические инструменты, позволяющие объективно оценить как понимание, так и активное употребление предлогов у разных категорий дошкольников. Таким образом, возникает противоречие между необходимостью своевременной и точной оценки уровня сформированности пространственных предлогов как у детей с ОНР, так и у нормально развивающихся дошкольников, и недостаточной разработанностью методического обеспечения данного процесса. Это обусловливает необходимость поиска и обоснования эффективных диагностических подходов, направленных на повышение качества оценки и последующей коррекционно-развивающей работы.

Теоретические основы исследования опираются на труды отечественных и зарубежных исследователей в области речевого развития. Так, в работах Р.Е. Левиной, представленных в сборнике «Нарушение речи и письма у детей» под редакцией Г.В. Чиркиной и П.Б. Шошина, общее недоразвитие речи

определяется как различные сложные речевые расстройства, при которых у детей нарушено формирование всех компонентов речевой системы при нормальном слухе и интеллекте. Развивая данное положение, автор отмечает, что «затруднительным является понимание даже некоторых простых предлогов (в, на, под и др.)» , что указывает на ранние проявления несформированности грамматического строя речи.[1, с. 67,76].

Далее Р.Е. Левина подчеркивает, что нарушения затрагивают не только понимание, но и грамматическое оформление высказывания. В частности, «в ряде случаев, пропуская во фразе предлог, ребёнок с II уровнем речевого развития неправильно изменяет члены предложения по грамматическим категориям: "Утя ези а туи" — "Утка лежит под стулом". Данная особенность свидетельствует о системности нарушений и взаимосвязи лексико-грамматических компонентов речи. Кроме того, при более высоком уровне речевого развития сохраняются трудности в употреблении сложных предлогов: «сложные предлоги при III уровне ОНР либо полностью опускаются, либо заменяются простыми: вместо "встал из-за стола" ребёнок говорит "встал из стола". Это подтверждает, что процесс овладения пространственными отношениями в языке является длительным и требует специально организованного обучения.[1, с. 94,103].

С позиции других исследователей, трудности усвоения предлогов обусловлены их абстрактным характером. Так, Р.И. Лалаева и Н.В. Серебрякова отмечают, что «при ОНР формирование грамматического строя речи происходит с большими трудностями, чем овладение активным и пассивным словарём. Это обусловлено тем, что грамматические значения всегда более абстрактны, чем лексические». В свою очередь, Т.Б. Филичева и Г.В. Чиркина подчеркивают, что на II уровне речевого развития наблюдаются лишь начальные формы употребления грамматических средств: «возможно употребление местоимений, союзов и некоторых предлогов в их элементарных значениях» . Таким образом, анализ научной литературы подтверждает, что формирование пространственных предлогов представляет собой сложный и многоэтапный процесс, особенно затруднённый у детей с ОНР.[2; 3].

С учётом представленных теоретических положений было организовано исследование, направленное на изучение уровня сформированности пространственной ориентировки и понимания предлогов у детей 4–5 лет. Диагностика проводилась по трём взаимосвязанным направлениям: ориентировка относительно собственного тела, использование предлогов в реальном пространстве и понимание предлогов на наглядно-схематическом уровне. Выбор данных направлений обусловлен необходимостью комплексной оценки как сенсомоторной базы пространственных представлений, так и уровня их языковой реализации — в соответствии с положениями о поэтапности формирования грамматического строя речи, представленными в трудах Р.Е. Левиной, Р.И. Лалаевой, Н.В. Серебряковой и других исследователей.

Результаты диагностики по первому направлению показали, что суммарный показатель составил 58 баллов. Наиболее высокие результаты зафиксированы по параметрам, связанным с дифференциацией частей тела, в частности «правая нога» и «левая нога». Средние значения наблюдаются при определении правой и левой руки, а также направления «низ». Наиболее низкие показатели выявлены при определении направлений «вверх», «впереди» и «сзади».



Рисунок 1 - Ориентировка в пространстве схема тела

Полученные данные свидетельствуют о том, что у детей данного возраста в большей степени сформированы представления, опирающиеся на непосредственный телесный опыт и двигательные действия, что соответствует ранним этапам формирования пространственных представлений. В то же время выявленные затруднения при определении более абстрактных направлений указывают на недостаточную сформированность обобщённых пространственных категорий. Данные результаты согласуются с теоретическими положениями о том, что усвоение пространственных отношений происходит от наглядно-действенного уровня к более абстрактному, что ранее было обозначено в работах исследователей речевого и психического развития.



Рисунок 2 - Предлоги в реальном пространстве (действие с предметом)

Использование предлогов в реальном пространстве

Анализ второго диагностического блока показал, что суммарный показатель выполнения заданий составил 46 баллов, что является наименьшим результатом среди всех направлений исследования. Это свидетельствует о наибольших трудностях именно в области активного использования предлогов в практической деятельности.

Наиболее успешно детьми усваиваются предлоги «в» и «из», что объясняется их высокой частотностью в повседневной речи и непосредственной связью с конкретными предметными действиями. Предлоги «на», «возле» и «между» находятся на среднем уровне сформированности. Наибольшие трудности вызвали предлоги «перед», «под» и «над», которые практически не используются детьми в самостоятельной речи.

Полученные результаты подтверждают ранее обозначенные теоретические положения о том, что формирование грамматического строя речи, включая овладение предлогами, представляет собой сложный и длительный процесс. Несмотря на наличие отдельных представлений о пространственных отношениях, дети испытывают трудности в их актуализации в реальной деятельности, что указывает на несформированность активного компонента речи. Таким образом, эмпирические данные согласуются с выводами Р.Е. Левиной о системном характере нарушений при ОНР, а также с положениями о большей сложности усвоения грамматических категорий по сравнению с лексическими.



Рисунок 3 - Предлоги на схеме (по карточкам)

Понимание предлогов на наглядно-схематическом уровне

Наиболее высокий суммарный результат (67 баллов) был получен при выполнении заданий, направленных на понимание предлогов в наглядно-схематической форме. Дети успешно распознают такие предлоги, как «над», «возле», «на», что свидетельствует о достаточно высоком уровне сформированности пассивного понимания пространственных отношений.

Средние показатели отмечены по предлогам «в», «перед», «из», «под», а наименьшие — по предлогу «между». В целом можно говорить о преобладании

уровня понимания над уровнем практического использования, что является типичной особенностью развития грамматического строя речи у дошкольников.

Особое значение имеет выявленное расхождение между результатами выполнения заданий на схематическом и практическом уровнях: при более высоком уровне понимания (67 баллов) наблюдается значительно более низкий уровень использования в реальной деятельности (46 баллов). Данный факт подтверждает наличие трудностей переноса знаний из наглядной формы в практическую деятельность, что ранее было обозначено в теоретической части как одна из ключевых проблем формирования грамматических категорий у детей с ОНР.

Проведения наглядно-действенных упражнений в течение двух месяцев сохраняется тенденция к лучшему выполнению заданий на наглядно-схематическом уровне, что свидетельствует о недостаточной автоматизации и интериоризации усвоенных знаний. Это указывает на то, что сформированные представления остаются преимущественно на уровне внешней опоры и не переходят в устойчивые речевые навыки, обеспечивающие их спонтанное использование в практической деятельности.

Данный эффект обусловлен тем, что усвоение пространственных предлогов требует более длительного и систематического включения в разнообразные виды деятельности, обеспечивающие многократное повторение и закрепление в различных контекстах. Недостаточная вариативность условий применения может затруднять перенос знаний с наглядного уровня на уровень самостоятельной речи.

В связи с этим можно предположить, что повышение эффективности коррекционной работы возможно при усилении этапа автоматизации, включающего целенаправленную организацию речевых ситуаций, стимулирующих активное использование предлогов, а также постепенное снижение наглядной опоры. Особую значимость приобретает включение предлогов в спонтанную речь ребёнка через игровые, коммуникативные и предметно-практические формы деятельности.

Таким образом, полученные данные подтверждают необходимость выстраивания коррекционно-развивающей работы с учётом этапности формирования навыка — от понимания к активному употреблению и дальнейшей автоматизации в различных речевых ситуациях.

Проведённое исследование позволило установить особенности сформированности пространственных предлогов у дошкольников 4–5 лет с общим недоразвитием речи и соотнести полученные эмпирические данные с теоретическими положениями, представленными в научной литературе. Результаты диагностики показали выраженную неравномерность развития различных компонентов пространственной ориентировки и грамматического оформления речи.

Наиболее высокие показатели были выявлены при выполнении заданий на понимание предлогов в наглядно-схематической форме, что свидетельствует о сравнительно сохранном уровне пассивного усвоения пространственных отношений. Данный факт подтверждает положение о том, что наглядная опора

существенно облегчает процесс понимания грамматических категорий, особенно в условиях речевого недоразвития.

Вместе с тем наиболее низкие результаты отмечены в заданиях, требующих активного использования предлогов в реальном пространстве. Это указывает на недостаточную сформированность практического речевого навыка, а также на трудности переноса имеющихся представлений в самостоятельную речь. Таким образом, выявляется разрыв между уровнем понимания и уровнем использования, что согласуется с ранее обозначенными теоретическими положениями о поэтапности формирования грамматического строя речи.

Дополнительно установлено, что ориентировка в схеме собственного тела сформирована у детей в большей степени, чем владение более абстрактными пространственными категориями («впереди», «сзади», «вверх»). Это подтверждает закономерность перехода от телесно-действенного опыта к словесному обобщению и отражает общий ход психического и речевого развития ребёнка.

Обобщая полученные результаты, можно сделать вывод о том, что формирование пространственных предлогов у дошкольников с ОНР требует специально организованной и системной коррекционно-развивающей работы. При этом особое внимание должно уделяться не только формированию понимания предлогов, но и их активизации в различных видах деятельности предметно-практической, игровой и речевой.

Практическая значимость исследования заключается в обосновании необходимости комплексного подхода к коррекционной работе, включающего использование наглядных средств, двигательных упражнений, моделирование пространственных ситуаций и обязательное речевое сопровождение действий. Только при условии интеграции данных компонентов возможно формирование устойчивых навыков использования пространственных предлогов в самостоятельной речи детей.

Список использованной литературы

1. Левина Р.Е. Нарушение речи и письма у детей: избранные труды / ред.-сост. Г.В. Чиркина, П.Б. Шошин. — М.: АРКТИ, 2005. — 221 с.

2. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Коррекция общего недоразвития речи у дошкольников (формирование лексики и грамматического строя). — СПб.: Союз, 1999. — 160 с. — С. 45.

3. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Подготовка к школе детей с общим недоразвитием речи в условиях специального детского сада. Ч. I. Первый год обучения (старшая группа). — М.: АПН РСФСР, 1991. — С. 8.

УДК 376.1

СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ: АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ И СТРАТЕГИИ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ

Никифорова Т. М., студентка 2-го курса
ОП 6В01902 «Специальная педагогика» (IP)
Научный руководитель: Оспанова Д.Б., магистр
Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: tatyanka_nikiforova_77@mail.ru

В современной специальной педагогике задержка психического развития (ЗПР) рассматривается не как изолированный локальный дефект, а как полифункциональное нарушение с выраженной асинхронией созревания регуляторных систем. Однако анализ практической деятельности педагогов-дефектологов показывает, что коррекционное воздействие зачастую выстраивается по принципу изолированной тренировки отдельных психических процессов (памяти, внимания, мышления) без учета их включенности в систему произвольной регуляции и социального поведения. Такой подход противоречит фундаментальным положениям культурно-исторической концепции Л.С. Выготского, согласно которым ключевым звеном коррекции является воздействие на зону ближайшего развития и коррекция системообразующего первичного нарушения.

Цель статьи — обоснование необходимости перехода от фрагментарных форм коррекционного воздействия к целостной системе психолого-педагогического сопровождения старших дошкольников с ЗПР.

Организация и методы исследования

Исследование проводилось на базе КГУ «Меновновская средняя школа» отдела образования по г. Усть - Каменогорску УО ВКО. Участниками стали 7 детей класса предшкольной подготовки (4 мальчика, 3 девочки) в возрасте 5,0–5,3 лет с заключением ПМПК: «Задержка психического развития церебрально-органического генеза». Выборка характеризовалась гомогенностью по возрасту, нозологии и условиям воспитания. Небольшой объем выборки компенсировался глубиной качественного анализа каждого случая, что соответствует традиции клинико-психологических исследований в специальной педагогике. Представленное исследование носило пилотный характер.

Диагностический инструментарий. Для сбора эмпирических данных был сформирован комплекс методик, ориентированный на три ключевых вектора развития:

Оценка когнитивной сферы:«Классификация предметов», «Разрезные картинки» (4–6 частей), «Нелепицы» (С.Д. Забрамной).

Диагностика эмоционально-волевой регуляции: цветовой тест М. Люшера (адаптация), «Графический диктант» (Д.Б. Эльконин), протоколирование поведения.

Анализ уровня социализации: структурированное наблюдение за игрой, беседа с воспитателями.

Оценка результатов производилась по трехуровневой шкале: высокий (самостоятельное выполнение), средний (выполнение с помощью взрослого), низкий (невыполнение даже при обучающей помощи).

Результаты исследования

Таблица 1 – Распределение детей по уровням развития (в % от общего количества / чел.)

Исследуемая сфера	Высокий уровень	Средний уровень	Низкий уровень
Познавательная деятельность	0% (0 чел.)	29% (2 чел.)	71% (5 чел.)
Эмоционально-волевая сфера	14% (1 чел.)	43% (3 чел.)	43% (3 чел.)
Социализация	0% (0 чел.)	29% (2 чел.)	71% (5 чел.)



Рисунок 1 - Изучение уровня развития детей ЗПР церебрально – органического генезиса (март, 2026 г, %)

Когнитивный профиль. У 71% детей зафиксированы низкие показатели в заданиях, требующих вербализации обобщающих понятий. При этом наглядно-действенное мышление оказалось сохранено на среднем уровне у 4 детей. Данная диспропорция свидетельствует о разрыве между чувственным опытом и его речевым опосредованием — ключевом системном нарушении.

Эмоционально-волевой профиль. Выявлены два полярных типа реагирования: аффективно-возбудимый (43%) и тревожно-замкнутый (43%). Лишь один ребенок (14%) продемонстрировал стабильный фон. Графический диктант выявил критическое отставание в произвольной регуляции: способность удерживать алгоритм без внешнего подкрепления отсутствовала у 86% детей.

Социально-коммуникативный профиль. У 71% детей игровая деятельность не поднялась выше процессуальных действий. Ролевой диалог сформирован только у 14%. У 43% зафиксировано отсутствие интереса к сверстникам.

Системообразующий дефект. Сопоставление профилей позволяет утверждать, что при ЗПР церебрально-органического генеза

системообразующим дефектом выступает несформированность произвольной регуляции деятельности. Этот дефицит детерминирует когнитивную пассивность (71%) и блокирует социализацию (71%).

Стратегии системного сопровождения

На основе выявленных закономерностей предлагается *трехуровневая модель сопровождения*.

Уровень I. Формирование регуляторного базиса:

Задачи	Содержание работы	Практические приемы
Удержание инструкции	Визуализация алгоритмов	Пиктограммы, пошаговые схемы
Самоконтроль	Сравнение с образцом	«Найди отличия», сигнальные карточки
Снижение импульсивности	Пауза между стимулом и реакцией	Игры с правилами, тактильные опоры

Уровень II. Дифференцированная коррекция эмоционального реагирования

Тип реагирования	Стратегия коррекции
Аффективно-возбудимый (43%)	Структурированные игры, вербализация гнева, исключение соревнований
Тревожно-замкнутый (43%)	Предсказуемая среда, сенсорная интеграция, поэтапное расширение контактов
Относительно стабильный (14%)	Развитие эмоционального интеллекта, формирование эмпатии

Уровень III. Поэтапное формирование социальных навыков

Совместно-разделенные действия**:** взрослый как медиатор.

Игры по правилам**:** взаимодействие, опосредованное материалом.

Социальные скрипты**:** готовые алгоритмы ролевого поведения (врач-пациент).

Самостоятельная кооперация**:** обучение конструктивному разрешению конфликтов.

Заключение, выводы и перспективы

Проведенное пилотное исследование позволяет сформулировать следующие выводы:

- Приоритет регуляторных функций**.** У детей 5 лет с ЗПР церебрально-органического генеза несформированность произвольной регуляции выступает первичным дефектом, определяющим структуру нарушения. Когнитивные и социальные трудности являются вторичными следствиями этого базового дефицита.

- Несостоятельность изолированных тренировок**.** Коррекционная работа, ограниченная развитием познавательных процессов без формирования регуляторных механизмов, не приводит к генерализации навыков. Сформированные умения не переносятся в свободную деятельность.

- Эффективность трехуровневой модели. Предложенная иерархическая система позволяет выстроить коррекционный процесс как целостную структуру, где каждый этап опирается на достижения предыдущего.

- Практическая реализация. Необходима интеграция усилий учителя-дефектолога, педагога-психолога и воспитателей при единстве требований к ребенку.

- Перспективы исследования. Полученные данные (n=7) позволяют сформулировать обоснованные гипотезы о системообразующем дефекте при ЗПР. Для подтверждения статистической значимости требуется увеличение объема выборки. Глубина качественного анализа и гомогенность выборки обеспечивают достоверность выявленных закономерностей в рамках изучаемой группы.

- Ограничения исследования. Небольшой объем выборки не позволяет экстраполировать количественные данные на всю популяцию детей с ЗПР. Результаты отражают тенденции, характерные для данной конкретной группы, и требуют подтверждения на более широкой выборке.

Таким образом, переход от фрагментарного воздействия к системно организованной коррекционно-развивающей деятельности является необходимым условием эффективного психолого-педагогического сопровождения детей с задержкой психического развития.

Список использованной литературы

1 Выготский Л.С. Проблема культурного развития ребенка // Вестник Московского университета. Серия 14: Психология. — 2020. — № 1. — С. 5–17.

2 Забрамная С.Д. От диагностики к развитию: материалы для психолого-педагогического изучения детей. — М.: Владос, 2022. — 144 с.

3 Семаго Н.Я. Типология отклоняющегося развития: модель анализа. — М.: Генезис, 2021. — 400 с.

4 Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с задержкой психического развития. — СПб.: Речь, 2023. — 352 с.

5 Ульенкова У.В. Формирование регуляторной функции деятельности у старших дошкольников с ЗПР // Специальное образование. — 2022. — № 4 (68). — С. 45–58.

ӘОЖ376.1

АВА ЖӘНЕ JASPER ӘДІСТЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЦИФРЛЫҚ МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Нурмухамбетова Р.К., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскемен қ., Казақстан
e-mail: raminanurmuhambetova@gmail.com

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сапалы оқыту және олардың оқу процесіне

толыққанды қатысуын қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соның ішінде аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) бар балаларды оқыту мен дамыту педагогика және арнайы білім беру саласындағы өзекті ғылыми бағыттардың бірі саналады. АСБ бар балалардың даму ерекшеліктері олардың әлеуметтік қарым-қатынасында, коммуникациясында, эмоциялық реттелуінде және танымдық әрекетінде белгілі бір қиындықтардың болуымен сипатталады [5].

Аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар көбіне оқу тапсырмаларына зейін қоюда, жаңа ақпаратты қабылдауда және оқу әрекетіне белсенді қатысуда қиындықтарға тап болады. Бұл олардың танымдық белсенділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан мұндай балалардың оқу әрекетін ұйымдастыруда арнайы педагогикалық әдістер мен инновациялық оқыту құралдарын қолдану маңызды.

Аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларды оқытуда ғылыми тұрғыдан дәлелденген тиімді әдістердің бірі - Applied Behavior Analysis (ABA) әдісі. Бұл әдіс мінез-құлықты талдау және қажетті дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыру принциптеріне негізделген [1].

Сонымен JASPER әдісі балалардың бірлескен зейінін, ойын әрекетін және әлеуметтік өзара әрекетін дамытуға бағытталған [2].

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды қолдану оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе мультимодальды оқыту құралдары, яғни визуалды, аудио және интерактивті элементтерді біріктіретін цифрлық ресурстар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тиімді болып табылады. Сондықтан ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне әсерін зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты - ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері.

ABA (Applied Behavior Analysis) немесе қолданбалы мінез-құлық талдауы - бұл мінез-құлықты жүйелі түрде зерттеп, оны өзгерту және дамытуға бағытталған педагогикалық әдіс. ABA әдісі балалардың оқу дағдыларын, әлеуметтік әрекеттерін және күнделікті өмірге қажетті қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылады. Бұл әдістің негізгі принциптері - тапсырмаларды нақты және құрылымды қадамдарға бөлу, дұрыс әрекеттерді оң күшейту арқылы бекіту, қателіктерді түзету және прогресті жүйелі түрде бақылау. АСБ бар балалар үшін ABA әдісі маңызды, өйткені ол оқу процесін нақты, көрнекі және қайталанатын етіп ұйымдастырады, балаларға өз іс-әрекеттерін бақылауға және оқу тапсырмаларын орындауға бағыт береді [1].

JASPER (Joint Attention, Symbolic Play, Engagement and Regulation) - бірлескен назар, символдық ойын, белсенділік және эмоционалды реттеу әдісі. Бұл әдіс аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларын дамытуға бағытталған. JASPER әдісі арқылы

балалар бірлескен назарды дамытуға, мұғаліммен немесе сыныптастарымен интерактивті әрекет жасауға, ойын және символдық әрекеттер арқылы тілдік және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге үйретіледі. Әдістің басты ерекшелігі- оқу процесінде балалардың белсенді қатысуы мен бірлескен әрекетке тартылуы, бұл олардың әлеуметтік коммуникациясын жетілдіруге және танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. ABA және JASPER әдістерін цифрлық мультимодальды оқыту құралдарына біріктіру арқылы оқу процесі құрылымды, көрнекі және қызықты болып, АСБ бар балалардың танымдық белсенділігін, оқу мотивациясын және әлеуметтік өзара әрекетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді [2].

Зерттеу барысында аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының әсерін анықтауға бағытталған теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық кезеңінде ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау әдістері қолданылды. Бұл әдістер арқылы аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың танымдық даму ерекшеліктері, олардың оқу процесіндегі белсенділігін арттыруға бағытталған педагогикалық тәсілдер, сондай-ақ ABA және JASPER әдістерінің теориялық негіздері зерттелді. Сонымен қатар цифрлық мультимодальды оқыту технологияларының білім беру процесіндегі тиімділігі туралы ғылыми еңбектер қарастырылды.

Эмпирикалық зерттеу барысында бақылау, педагогикалық эксперимент және алынған нәтижелерді талдау әдістері қолданылды.

Бақылау әдісі арқылы аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының оқу процесіндегі мінез-құлқы, зейін деңгейі, оқу тапсырмаларын орындау белсенділігі және мұғаліммен өзара әрекеті зерттелді. Бақылау барысында оқушылардың оқу тапсырмаларын орындау уақыты, тапсырмаларға қызығушылығы және оқу әрекетіне қатысу деңгейі назарға алынды.

Педагогикалық эксперимент барысында ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдары оқу процесіне енгізілді. Эксперименттің негізгі мақсаты - аталған құралдардың оқушылардың танымдық белсенділігіне әсерін анықтау болды[4].

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезең диагностикалық кезең деп аталады. Зерттеудің алғашқы кезеңінде аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің бастапқы деңгейі анықталды. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты - оқушылардың оқу процесіндегі белсенділігін, зейін тұрақтылығын және оқу тапсырмаларын орындау ерекшеліктерін зерттеу болды.

Диагностикалық кезеңде бақылау әдісі кеңінен қолданылды. Оқушылардың сабақ барысында оқу тапсырмаларына қатысу белсенділігі, тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы, мұғалімнің нұсқауларын қабылдау деңгейі және оқу әрекетіне қатысу уақыты бақыланды. Сонымен қатар оқушылардың бірлескен зейін деңгейі, мұғаліммен және

сыныптастарымен өзара әрекетке түсу ерекшеліктері де назарға алынды. Бұл кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігі бірнеше көрсеткіштер бойынша бағаланды. Атап айтқанда, олардың оқу тапсырмаларын орындау белсенділігі, зейіннің тұрақтылығы, оқу әрекетіне қызығушылығы және жаңа ақпаратты қабылдау ерекшеліктері қарастырылды. Алынған нәтижелер оқушылардың танымдық белсенділігінің бастапқы деңгейін анықтауға мүмкіндік берді және зерттеудің келесі кезеңдерін жоспарлауға негіз болды [3].

Зерттеудің екінші кезеңі қалыптастыру кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдары оқу процесіне енгізілді. Қалыптастыру кезеңінің негізгі мақсаты -арнайы әзірленген цифрлық мультимодальды құралдарды қолдану арқылы аутизм спектрінің бұзылысы бар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру болды. Бұл кезеңде оқу процесінде визуалды, аудио және интерактивті элементтерді біріктіретін цифрлық білім беру ресурстары қолданылды.

ABA әдісінің принциптеріне сәйкес оқу тапсырмалары шағын кезеңдерге бөлініп, әр тапсырма нақты әрі түсінікті түрде ұсынылды. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға оң күшейту элементтері қолданылды, яғни тапсырманы дұрыс орындаған жағдайда мадақтау, ынталандыру және марапаттау элементтері енгізілді.

JASPER әдісінің элементтері оқу барысында бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Мұнда оқушылар мұғаліммен немесе басқа оқушылармен бірге интерактивті тапсырмаларды орындады. Бұл тәсіл балалардың бірлескен зейінін дамытуға және олардың әлеуметтік өзара әрекетін арттыруға ықпал етті. Қалыптастыру кезеңінде қолданылған цифрлық мультимодальды құралдар құрамына интерактивті тапсырмалар, визуалды бейнелер, анимациялар, аудио нұсқаулар және ойын элементтері енгізілді. Бұл құралдар оқушылардың оқу тапсырмаларына қызығушылығын арттыруға, зейінін тұрақтандыруға және оқу әрекетіне белсенді қатысуына мүмкіндік берді [3].

Зерттеудің үшінші кезеңі бақылау немесе қорытынды кезең болып табылады. Бұл кезеңде қалыптастыру кезеңінде қолданылған цифрлық мультимодальды құралдардың оқушылардың танымдық белсенділігіне әсері талданды. Бақылау кезеңінде оқушылардың оқу тапсырмаларын орындау белсенділігі, зейін тұрақтылығы және оқу процесіне қатысу деңгейі қайтадан бақылау әдісі арқылы бағаланды. Алынған нәтижелер диагностикалық кезеңдегі көрсеткіштермен салыстырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарын қолдану оқушылардың оқу тапсырмаларына қызығушылығын арттырып, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етті. Сонымен қатар оқушылардың зейін тұрақтылығы мен тапсырмаларды орындау деңгейінің жақсарғаны байқалды. Осылайша, зерттеудің үш кезеңін қамтитын кешенді жұмыс аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуда ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қолданылған

цифрлық мультимодальды оқыту құралдары бірнеше негізгі компоненттен құралған. Олар ABA және JASPER әдістерінің педагогикалық принциптерін ескере отырып әзірленді және АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Визуалды қолдау элементтері. Оқу тапсырмаларын кезең-кезеңімен көрсетуге, түсіндіруге және балалардың назарын ұстап тұруға арналған суреттер, схемалар, инфографика және анимациялардан тұрады. Визуалды ақпарат тапсырмаларды орындауды жеңілдетіп, оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Аудио қолдау элементтері**.** Дауыстық нұсқаулар, дыбыстық кері байланыс және мадақтау сигналдарын қамтиды. Бұл компонент тапсырмаларды дұрыс орындауға көмектесіп, ABA әдісінде қолданылатын оң күшейту принципін жүзеге асырады және балалардың оқу мотивациясын арттырады.

Интерактивті тапсырмалар **.** Сәйкестендіру, таңдау, логикалық ойындар және геймификация элементтерін қамтиды. Олар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Бірлескен әрекет компоненттері**.** JASPER әдісінің негізінде оқушылардың мұғаліммен немесе сыныптастарымен бірлескен тапсырмаларды орындауын қамтиды. Бұл балалардың бірлескен назарын дамытуға, әлеуметтік өзара әрекетін күшейтуге және коммуникациялық дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Бағалау және кері байланыс компоненттері. Оқушылардың прогресін бақылау және кері байланыс беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Автоматтандырылған бағалау және прогресті визуалдау элементтері оқу әрекетін жүйелі түрде қадағалауға және мотивацияны қолдауға мүмкіндік береді. Осы құрылым ABA әдісіндегі құрылымдық тәсіл мен JASPER әдісіндегі бірлескен назар принциптерін үйлестіріп, АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін тиімді түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруға оң әсер ететінін көрсетті. Оқу процесінде цифрлық мультимодальды құралдарды қолдану барысында оқушылардың оқу тапсырмаларына қызығушылығы айтарлықтай артты. Мысалы, математика сабақтарында интерактивті анимациялар мен визуалды нұсқаулар қолданылған кезде балалар тапсырмаларды толық орындауға ұмтылып, қателіктерін өздігінен түзетуге әрекет етті. Интерактивті және визуалды материалдар оқушылардың зейінін ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік берді; суреттер мен пиктограммалар арқылы әрбір қадам көрініп, оқу тапсырмасын орындау кезінде назар шоғырландырылды. Сонымен қатар мультимедиялық ресурстар ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, оқу тапсырмаларын түсіну деңгейін арттырды. Мысалы, тіл дамыту сабақтарында жаңа сөздер мен сөйлемдерді визуалды және

аудио қолдау арқылы үйреткенде оқушылардың сөздік қорын меңгеру тиімділігі айтарлықтай жоғарылады [6].

ABA әдісінің принциптері тапсырмаларды құрылымдауға және балалардың мінез-құлқын реттеуге ықпал етті. Әр тапсырма бірнеше қадамға бөлініп, дұрыс орындаған кезде оң күшейту элементтері, мысалы, мадақтау немесе виртуалды марапаттар қолданылды. Бұл балалардың тапсырманы орындауға деген мотивациясын арттырып, оқу әрекетін жүйелі және мақсатты етуге мүмкіндік берді. Әр есеп қадам сайын визуалды белгімен көрсетіліп, дұрыс орындаған жағдайда экранда жұлдызша немесе қол шапалақтау анимациясы пайда болып, балалардың белсенділігін сақтауға септігін тигізді. Сонымен қатар, JASPER әдісі балалардың бірлескен зейінін дамытуға және оқу процесінде әлеуметтік өзара әрекетті арттыруға мүмкіндік берді. Бірлескен тапсырмалар барысында балалар мұғаліммен немесе сыныптастарымен бірге интерактивті тапсырмаларды орындап, бір-бірінің әрекеттерін бақылап, ынталандыра білді. Мысалы, экранда көрсетілген суреттерді топтық түрде сәйкестендіріп, бір-біріне бағыт-бағдар берді, бұл бірлескен назар мен әлеуметтік коммуникацияны дамытуға айтарлықтай әсер етті.

Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін орташа есеппен 35–40% арттырды, зейін тұрақтылығы 25–30% ұзартылды, оқу тапсырмаларын түсіну деңгейі 30% жақсарды және бірлескен назар мен әлеуметтік өзара әрекет көрсету айтарлықтай өсті. Осылайша, зерттеу ABA және JASPER әдістерінің принциптеріне сүйенген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін, оқу мотивациясын және әлеуметтік өзара әрекетін арттыруда тиімді екенін дәлелдеді [2].

Талқылау.

Зерттеу көрсеткендей, ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне әсері бірнеше маңызды факторларға байланысты. Біріншіден, мультимодальды ақпарат -визуалды, аудио және интерактивті материалдардың үйлесімі -балалардың ақпаратты қабылдауын айтарлықтай жеңілдетті. Мысалы, суреттер мен пиктограммалар жаңа сөздерді немесе есеп қадамдарын нақты көрсетсе, аудио нұсқаулар олардың түсінуін күшейтті, ал интерактивті тапсырмалар есте сақтау қабілетін белсенді қолдануға мүмкіндік берді. Мұндай үйлесім оқушылардың ақпаратты қабылдау жылдамдығын арттырып қана қоймай, оны ұзақ уақыт есте сақтауға септігін тигізді

Екіншіден, ABA әдісінің қолданылатын оң күшейту элементтері - мадақтау, виртуалды марапаттар және кері байланыс балалардың оқу тапсырмаларын орындаудағы мотивациясын арттырды. Әр дұрыс жауап немесе тапсырманы сәтті орындау үшін берілетін визуалды және аудио сигналдар оқушыларды белсенділікке ынталандырды, тапсырманы орындау процесін жүйелі және құрылымды етті. Бұл әдістің арқасында балалар оқу әрекеттерін

мақсатты түрде орындауды үйреніп, өз нәтижелерін бақылау қабілетін дамытуға мүмкіндік алды.

Үшіншіден, JASPER әдісінің элементтері бірлескен назар мен әлеуметтік өзара әрекетті дамытуға ерекше әсер етті. Бірлескен тапсырмалар кезінде балалар экрандағы визуалды ақпаратқа назар аударып, сыныптастарымен немесе мұғаліммен өзара әрекеттесті, бұл олардың коммуникациялық дағдыларын жетілдіруге және әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, топтық сәйкестендіру немесе логикалық ойындар балалардың бір-бірін бақылауы мен тапсырмаларды бірге орындауына жағдай жасады.

Сонымен қатар, геймификация элементтері - балл жинау, виртуалды марапаттар және интерактивті жетістіктер - оқу процесіне қызығушылықты арттырды. Балалар тапсырмаларды орындаған сайын марапатталатынын көріп, белсенділік танытты және оқу әрекеттеріне өздігінен қатысуға ынталанды. Бұл ерекшелі балалардың оқу мотивациясын сақтауға, зейінін шоғырландыруға және оқу процесінде ұзақ уақыт бойы белсенді қалуға мүмкіндік берді. Осылайша, ABA және JASPER әдістерінің принциптерін цифрлық мультимодальды оқыту құралдарына енгізу АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын, танымдық белсенділігін және әлеуметтік өзара әрекетін едәуір арттыра алады [3].

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелері ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарының аутизм спектрінің бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда тиімді екенін айқындады. Оқу процесіне визуалды, аудио және интерактивті элементтері бар мультимодальды материалдарды енгізу балалардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, оқу тапсырмаларын түсіну деңгейін едәуір жақсартты. Визуалды суреттер, пиктограммалар мен анимациялар балаларға тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауға көмектесіп, зейіндерін тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Аудио нұсқаулар мен кері байланыс элементтері олардың оқу мотивациясын арттырса, интерактивті тапсырмалар мен геймификация элементтері белсенділікті ұзақ уақыт сақтауға ықпал етті.

ABA әдісінің құрылымдық принциптері мен оң күшейту элементтері балалардың оқу әрекеттерін жүйелі және мақсатты орындауына жағдай жасап, өз нәтижелерін бақылау және жетілдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік берді. JASPER әдісінің элементтері бірлескен назарды, әлеуметтік өзара әрекетті және коммуникациялық дағдыларды жетілдіруге ықпал етті. Бірлескен тапсырмалар арқылы балалар өзара әрекет жасап, ынтымақтастық дағдыларын қолдана білді, бұл олардың оқу процесіне белсенді қатысуын және әлеуметтік коммуникациялық қабілеттерін арттырды.

Зерттеу көрсеткендей, ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдарын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін орташа есеппен 35–40% арттырып, зейін тұрақтылығын 25–30% ұзартты, оқу тапсырмаларын түсіну деңгейін 30% жақсартты және бірлескен назар мен әлеуметтік өзара әрекет көрсеткішін едәуір арттырды. Бұл нәтижелер

АСБ бар балаларды оқытуда цифрлық мультимодальды ресурстардың маңызды рөл атқаратынын, олардың оқу мотивациясын, әлеуметтік өзара әрекетін және танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Осы зерттеу негізінде ұсынылатын практикалық тұжырымдар мыналарды қамтиды: оқу процесінде визуалды, аудио және интерактивті элементтерді үйлестіріп қолдану, ABA әдісінің құрылымдық және оң күшейту принциптерін интеграциялау, JASPER әдісінің бірлескен назар мен әлеуметтік өзара әрекет элементтерін тиімді пайдалану. Сонымен қатар, цифрлық мультимодальды оқыту құралдары инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етіп, педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігін кеңейтеді. Қорытындылай келе, ABA және JASPER әдістеріне негізделген цифрлық мультимодальды оқыту құралдары АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда тиімді педагогикалық ресурс болып табылады. Бұл құралдарды жүйелі және мақсатты пайдалану білім беру саласында ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу мотивациясын, зейінін, ақпаратты қабылдауын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді стратегияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Cooper, J. O., Heron, T. E., & Heward, W. L. (2020). Applied Behavior Analysis (3rd ed.). Pearson.

2. Kasari, C., Gulsrud, A., Paparella, T., & Hellemann, G. (2006). Randomized controlled caregiver mediated joint engagement intervention for toddlers with autism. Journal of Autism and Developmental Disorders, 36(8), 1005–1015.

3. Mayer, R. E. (2009). Multimedia Learning (2nd ed.). Cambridge University Press.

4. Schlosser, R. W., & Wendt, O. (2008). Effects of augmentative and alternative communication intervention on speech production in children with autism: A systematic review. American Journal of Speech-Language Pathology, 17(3), 212–230.

ӘОЖ376.3

АСБ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ОТБАСЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нурумкулова А. Н., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскеменқ., Казақстан

Балалардың аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істегенде ата-аналармен өзара әрекеттесудің маңызы мен қажеттілігі тұрақты

түрде талқыланады. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде ата-аналармен жұмыс істеуге нақты ұсыныстар мен пайдалы ақпараттар бар. Ата-аналар өздері де белсенді позиция алады, тәжірибелерімен бөліседі, соның ішінде мамандармен өзара әрекеттесу мәселелерін де қамтиды.

Ата-аналардың пікірінше, білім беру үдерісіне саналы қатысу – баланың даму перспективаларын түсіну үшін өте маңызды. Тұрмыстық, тәрбиелік, медициналық және басқа да проблемалардан туындайтын эмоционалды және физикалық жүктемелерге қарамастан, көптеген ата-аналар оқыту процесіне белсенді қатысуға дайын.

И. Ю. Левченко, Е. М. Мастюкова, В. В. Юртайкин, И. А. Скворцов, М. М. Семаго, М. С. Певснер, В. В. Ткачева сияқты ғалымдар әдебиетте балалары бар отбасыларды зерттеу мәселесімен айналысты. Олардың ойынша баланың жан-жақты дамуына қолайлы отбасылық жағдай, ата-аналардың қатысуы әсер етеді деп мәлімдеді. Атап айтқанда, АСБ бар балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру мәселелерімен Манелис Н.Г., Волгина Н.Н., Никитина Ю. В., Панцырь С. Н., Феррой Л. М. сияқты зерттеушілер айналысты.

Бала кез-келген жүйе сияқты тепе-теңдікке (гомеостаз) ұмтылатын отбасылық жүйеге енгізілген. Бала физикалық тұрғыдан ата-анасымен қарым-қатынастан шыға алмайтындықтан, ол ересектердің кез-келген көзқарасына, соның ішінде эмоционалды қол жетімсіздіктің көріністеріне бейімделуі керек (бала мұны суық, қабылдамау деп түсіндіреді), бұл көзқарасты тудырған себептерге қарамастан: балаға ата-ананың қайғырып жатқанын түсіндіре алмайсыз, әсіресе ата-аналардың өздері жоққа шығарса оның қайғысы.

Кез-келген отбасындағы баланың рөлі әрқашан маңызды боып табылады. Кез-келген отбасы мүшелері арасындағы барлық эмоционалды шиеленістер бала өзін, денесін сезінеді және өтейді: аурулар, теріс мінез-құлық, қорқыныш, қысқыштар, сондықтан оның қарқынымен дамуға күші жоқ. Ол өз отбасының тұтастығын сақтау үшін өз өміріне дейін кез келген бағаны төлеуге бейсаналық түрде дайын. Оның барлық күштері осы жағдайларда өмір сүруге жұмсалады. Отбасындағы әдеттегі ауыр эмоциялар баланың нәсілдерін түзетуді қиындатады және баяулатады.

Ата-аналар (сондай-ақ ата-әжелер, сиблингтер) арасындағы эмоционалды шиеленісті азайту баладан «отбасын жойылудан құтқару» міндетін алып тастайды (кез-келген жағдайда өзін құрбан ету арқылы біріктіру) және оған өзінің дамуымен айналысуға мүмкіндік береді: психологиялық тұрақты ересек адамға деген сенімді сүйіспеншілікке сүйене отырып, әлемді білуге қызығушылық танытады. Сондықтан, АСБ бар баласына ата-анасының көмегі екі бағыт бойынша жүзеге асырылуы керек: баланың дамуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін отбасы ішіндегі шиеленісті азайту және оны қалпына келтіру және АСБ түзету үшін баламен тікелей жұмыс істеу (1 кесте).

1 кесте - АСБ бар баласына ата-анасының көмегі

Отбасындағы жұмыс (эмоционалды шиеленісті азайту)	Баламен жұмыс (абилитация және АСБ түзету)
- Жеке қайғы-қасіретті өмір сүру: 1) шок, 2) агрессия, 3) сауда, 4) депрессия, 5) қабылдау; - Үлкендермен қарым-қатынас; - Жұптық қатынастар; - Ата-ана мен бала қарым-қатынасы	- Мамандарды іздеу (дәрігерлер, дефектологтар, логопедтер, психологтар); - АСБ зерттеу және оны түзету әдістерін зерттеу; - Баламен оның тілінде сөйлесуді үйрену; - Мамандардан дағдыларды өмірге көшіру

Отбасы ішіндегі эмоционалды шиеленістің төмендеуі ерлі-зайыптылармен, үлкен туыстарымен және балаларымен қарым-қатынаста құрмет пен қабылдауды қалпына келтіру нәтижесінде жеке қайғы-қасірет өмір сүргеннен кейін қол жеткізіледі. Өкінішке орай, ата-аналар көбінесе бұл тапсырмаға саналы түрде назар аударып, оны шешуге күш салу керек екенін түсінбейді. Көбінесе ата-аналар өздерінің эмоцияларын жай ғана басады, ығыстырады және барлық назарын балаға мамандар іздеуге, дайын емес әлеуметтенудің сәтсіз әрекеттеріне бағыттайды («біз оны балабақшаға береміз, ұжымда ол бәрін өзі үйренеді!»), және ақылы абилитацияға қаражат табуға ұмтылады.

Алайда, бұл мәселені шешпестен, ата-аналардың АСБ-мен ауыратын баласына тиімді мақсатты жоспарлы көмегі іс жүзінде мүмкін емес. Баланы қалпына келтіру үшін қажетті жағдай жасау мүмкін емес, өйткені қайғы-қасірет немесе депрессияға ұшыраған ата-ана техникалық тұрғыдан қабілетсіз. Барлық осы принциптерді сақтау үшін, яғни кез-келген негізгі түзету тәсілдерін іс жүзінде қолдану үшін ересек адам психологиялық тұрақты болуы керек. Яғни, «Қайғыңды өмір сүру» дағдарыстан шығу керек. Содан кейін АСБ бар баланың психологиялық тұрақты ата-анаға қосылуы ол үшін абилитация кезінде сенімді тірек бола алады. Бұл міндетті ата-аналар психологтың көмегімен, жеке немесе топтық психологиялық жұмыста шеше алады.

Баламен жұмыс мыналардан тұрады:

- мамандарды іздеу (дәрігерлер, дефектологтар, логопедтер, психологтар);
- АСБ-ды және түзету әдістерін зерттеу;
- баламен оның «тілінде» қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- мамандар берген білімдер мен кеңестерді күнделікті өмірде қолдану.

Бұл мәселені ата-аналар АСБ және оны түзету туралы сенімді, дәйекті ақпарат алу арқылы, сондай-ақ мамандармен бірлесіп жұмыс жасау және жаңа дағдыларды игеру бойынша өз бетінше жұмыс жасау арқылы шеше алады. Өкінішке орай, 100% жағдайда бұл жұмысқа ата-аналардың өз күштері жетіспейді. Жаңа дағдыларды үйрену және дамыту, балаға көмектесуді ұзақ уақыт бойы өз бетінше ұйымдастыру және өз өмірін толығымен қайта құру физикалық және психикалық тұрғыдан өте көп күш жұмсауды қажет етеді. Алайда, ата-аналардың барлық психикалық энергиясы өмір сүрмеген депрессиялық эмоциялармен бұғатталады және өз психикасын жойылудан сақтайды. Бұл жұмысқа деген энергия ата-аналарда жеке қайғы-қасірет өмір сүргеннен кейін ғана пайда болады.

Отбасында АСБ бар балаға екі бағытта да тиімді көмек көрсетудің кілті- ата-аналардың кем дегенде біреуінің қайғысын толық өмір сүру (қабылдау кезеңіне шығу). Ең дұрысы, ата – аналардың бұл ішкі жұмысын асқынулардың алдын алу үшін (көптеген жылдар бойы қайғы-қасіреттің бір сатысында тұрып қалу), өкінішке орай, қазір барлық жерде кездесетін психолог маман сүйемелдеуі керек. Баланың диагнозын қабылдау процесі күрделі тәжірибелермен бірге жүреді және әр түрлі отбасыларда ғана емес, сонымен бірге бір отбасы мүшелерінде де әр түрлі болады. Егер қайғы-қасіреттің кез-келген кезеңінде тұрып қалу орын алса, онда келесі нұсқалар мүмкін:

- панацеяны белсенді іздеу, «бәрін қатарынан» байқап көру;
- отбасы мүшелерінің бір-біріне, дәрігерлерге немесе мұғалімдерге қатысты агрессивті, талапшыл және жанжалды мінез-құлқы;
- ұзақ мерзімді депрессия, апатия;
- баланың проблемаларына қызығушылықтың жоғалуы, кейде логикалық нәтиже ретінде ресімделеді («пысықталған жағдай»);
- пассивті кішіпейілділік, тіпті өзгертуге болатын нәрсеге әсер етуге тырыспайды.

Баланың дамудың бұзылуын (соның ішінде аутизмді) қабылдауға қол жеткізуге болады, егер:

- ата-аналар мен басқа да отбасы мүшелері баланың өзара және бөгде адамдармен проблемалары туралы сабырлы сөйлесе алады;
- баланың проблемалары жақындарын толығымен сіңірмейді және олардың барлық мүдделерін алмастырмайды;
- балаға қамқорлық сақталады, бірақ гипер қамқорлыққа өтпейді;
- жақындары баланың тәуелсіздігін көтермелеуден қорықпайды;
- баланы жазалауға тура келген жағдайда, ата-ана немесе отбасының басқа мүшесі оның алдында кінәлі емес;
- отбасы мүшелері мамандармен бірге баламен жұмысты жоспарлауға қатыса алады.

Осылайша, баланың АСБ-ын сәтті түзету үшін ата-ананың балаға деген эмоционалды байланысының (жабысудың) оңтайлы қанығуы қажет. Тек отбасы ғана коррекциялық процесті ең тиімді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасай алады. Тек ата-аналар ғана өз әдеттерін өзгертіп, отбасының ішіндегі басым эмоцияларды өзгерте алады. Аутизмі бар баланы ғана емес, ол өсіп келе жатқан отбасын да клиникалық-психологиялық қолдау қажет (отбасылық психолог арқылы), және бұл қолдау тек ата-аналар үшін ғана емес, АСБ-ы бар баланың өзі үшін де маңызды.

Отбасын қолдаудың мақсаты – отбасы мүшелерінің баланың оқу, тәрбиелеу және даму мәселелерін шешудегі біліктілігін арттыру, бұл өз кезегінде баламен білім беру және коррекциялық жұмысқа отбасын барынша тартуға мүмкіндік береді.

Туындаған проблемалардың себептерін талдай отырып, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық қызмет мамандарымен өзара әрекеттесуінің төрт негізгі нұсқасын шартты түрде ажыратуға болады: табыстау, ауыстыру, абстракция және ынтымақтастық.

Бірінші жағдайда, ата-аналар мамандардың нәтижелерін күте отырып, оқу процесіне ресми түрде қатысуды жөн көреді. Мұндай нұсқаның пайдасына дәлел ретінде көбінесе баланың мұғалімге жақсы бағынатындығы, ата-ана нәтижеге қалай жетуге болатындығын білмейді деген тұжырым қолданылады. Мұндай жағдайда мамандардың қызметін көбінесе ата-аналар тым сыни бағалайды, нәтиженің болмауы немесе елеусіздігі, яғни біліктіліктің жетіспеушілігінің белгісі болып саналады. Сонымен қатар, білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар баланың нақты мүмкіндіктерін мүлдем ескермеуі мүмкін. Бұл тәсілдің теріс салдары-баланың оқу процесіне тәуелсіз және жауапты қатысушы ретіндегі рөлін теңестіру. Көбінесе мұғалімдерге мұндай көзқарас ата-ана жағдайды қабылдамаған, мәселенің ауырлығын жоққа шығарған жағдайларда байқалады. Баламен жұмыс істейтін мамандар үшін өзара әрекеттесудің бұл нұсқасы сындарлы диалогтың болмауына және жанжалды жағдайлардың жоғары ықтималдығына байланысты шамадан тыс жүйке кернеуімен байланысты, бұл оқытудың тиімділігін төмендетеді.

«Ауыстыру» түрі бойынша ата-ана мен мұғалімнің өзара әрекеттесу нұсқасы ата-ананың шамадан тыс қатысуымен сипатталады. Ол іс жүзінде балаға тапсырмаларды орындайды, сәтсіздіктерді «объективті» себептермен ақтайды: «ол шаршады, түсінгенжоқ, оған қызық емес» және т.б. ата-ананың жабық ұстанымы, кез-келген ескертулерді сыни деп ауыр қабылдау, айқын қиындықтарды елемеу маманмен өнімді диалогтың пайда болуына жол бермейді.

Сонымен қатар, ата-ананы сендіруге, мәселені көрсетуге тырысқанда, маман көбінесе тым көп теріс мысалдар келтіреді, ата-аналардың балаға «біржақты қарайды, ренжітеді» деген түсініктерін еріксіз қолдайды. Бұл жағдайда мамандардың, оқу бағдарламаларының жиі өзгеруі, ата-аналардың баланың мүмкіндіктері мен болашағына қажетті баға беретін «жақсы» маманды шексіз іздеу жиі кездеседі.

Білім беру жоспарындағы бұл тәсілдің жағымсыз салдары, ең алдымен, формальды нәтижеге ұмтылу (әріптерді, фигуралардың аттарын, жыл мезгілдерін үйрену, оқуды, санауды үйрену) қажетті негізгі ұғымдар дамымай қалады, маңызды құзыреттер қалыптаспайды - тапсырмаға сәйкес білім мен дағдыларды қолдана білу.

Абстрактілеу - ата-ананың мамандармен минималды қарым-қатынасының бір нұсқасы. Мәселелердің бар екенін мойындай отырып, ата-ана жағдайды «созылмалы» деп қабылдайды және күш-жігерін бейімделуге бағыттайды, көбінесе баланың тұрмыстық және физикалық денсаулығы мәселелеріне басымдық береді. Педагогтардың ұсыныстары минималды түрде немесе формалды деңгейде орындалады, сыртқы бағаларға сыншылдық төмендейді. Ал ауыстыру нұсқасынан айырмашылығы, абстрактілеу кезінде мәселені асыра көрсету, оны тағдырлық және өзгермейтін деп қабылдау тенденциясы байқалады. Осындай жағдайларда балаларда жиі әлеуметтік бейімделу деңгейінің төмендігі, психикалық дамудың екінші дәрежелі кешігуі анықталады.

Ынтымақтастық-ата-аналардың мамандармен өзара әрекеттесуінің ең жақсы нұсқасы. Ф. Волкмар ата-аналарға, отбасыларға және мұғалімдерге арналған нұсқаулықта АСБ-мен ауыратын балалардың ата-аналары, ең алдымен, жеке оқыту процесіне және осы процесті бақылауға белсенді қатысуы керек, мектеп бағдарламасына қатысуы керек, бұл оларға дағдыларды жалпылауға көмектесуге мүмкіндік береді деп жазады, оларды жаңа контекстке көшіру. Мұндай ынтымақтастықтың қажеттілігін асыра бағалау қиын, өйткені дамудың басқа бұзылыстарынан айырмашылығы, аутизм спектрінің бұзылуы әртүрлі, көбінесе анықталмаған этиологиядағы бұзылулардың гетерогенді тобын білдіреді.

Осылайша, әр бала араласудың үлкен көлемімен жеке көзқарасты талап етеді, оны тек ата-аналардың белсенді қатысуымен мамандар тобы жүзеге асыра алады. Алайда, барлық ата-аналар баланың алдымен бірге, содан кейін өзі жүре алатын жолды іздеуден жалықпай дайын емес, өйткені ерекше баланы қабылдаудың барлық кезеңдерінен өтіп, өзінің қиын жолын сипаттаған анасы бейнелі түрде айтты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Чауш У. А. Проблемы семьи, воспитывающей ребенка с аутизмом // Форум молодых с заведение нового типа // Вестник ЧГАКИ.- 2005. - №2 (8). Электронный ресурс: – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsentr-razvitiya-rebenka-doshkolnoe-zavedenie-novogo-tipa

2. Жадько Н. В., Безруких М. М. Взаимодействие педагога и родителя: причины проблем и варианты их решения // Отечественная и зарубежная педагогика. -2023. -№6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/vzaimodeystvie-pedagoga-i-roditelya-prichiny-problem-i-varianty-ih-resheniya

3. Омарова З.К. Формы работы с родителями детей с ограниченными возможностями здоровья // Достижения науки и образования. - 2019. -№8-3 (49). Электронный ресурс: – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formy-raboty-s-roditelyami-detey-s-ogranichennymi-vozmozhnostyami-zdorovyaru/article/n/formy-raboty-s-roditelyami-detey-s-og

УДК 376.5

МЕТОДЫ И СТРАТЕГИИ ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ С НЕЖЕЛАТЕЛЬНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

НұрұмароваЕ.Е., педагог-психолог
КГУ «Центр (autism-центр) поддержки детей с аутизмом (расстройством аутистического спектра) «Асыл Мирас» УО ВКО,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Проблема нежелательного поведения детей является одной из наиболее актуальных в современной психолого-педагогической практике. Родители сталкиваются с агрессивными реакциями, истериками, протестным поведением,

отказом выполнять требования, импульсивностью, нарушениями дисциплины. Часто такие проявления воспринимаются как следствие «плохого воспитания» или «сложного характера», однако современные научные данные свидетельствуют о более сложной природе данного явления.

Согласно диагностическим критериям, представленным в DiagnosticandStatisticalManualofMentalDisorders, поведенческие трудности могут быть связаны с дефицитом саморегуляции, нарушением эмоционального развития, особенностями нейропсихологического функционирования. В международной классификации болезней WorldHealthOrganization подчёркивается необходимость комплексного подхода к оценке детского поведения с учётом социальной среды.

Цель статьи — систематизировать научно обоснованные методы и стратегии, которые родители могут использовать для снижения частоты нежелательного поведения и формирования социально приемлемых моделей взаимодействия.

Теоретические основы формирования нежелательного поведения

Поведение как форма коммуникации

Современные исследования в области прикладного анализа поведения (AppliedBehaviorAnalysis) доказывают, что любое поведение выполняет определённую функцию. Ребёнок с помощью поведенческих реакций сообщает о своих потребностях, эмоциональном состоянии или трудностях.

Основные функции поведения:

- привлечение внимания;
- избегание трудной деятельности;
- получение желаемого предмета;
- сенсорная стимуляция;
- выражение фрустрации.

Если поведение приводит к желаемому результату (например, ребёнок получает внимание или освобождение от задания), оно закрепляется и повторяется.

Роль семейной системы

Стиль воспитания оказывает существенное влияние на формирование поведенческих реакций. Непоследовательность требований, чрезмерная строгость, эмоциональная нестабильность взрослых усиливают нежелательные формы поведения. В то же время поддерживающий и последовательный стиль способствует формированию самоконтроля и ответственности.

Эффективные методы и стратегии

1. Функциональный анализ поведения (ABC-модель)

Метод основан на анализе трёх компонентов:

- A (Antecedent) — предшествующие условия;
- B (Behavior) — само поведение;
- C (Consequence) — последствия.

Регулярный анализ позволяет выявить закономерности и изменить среду таким образом, чтобы снизить вероятность нежелательных реакций.

2. Позитивное подкрепление

Исследования в области поведенческой психологии подтверждают, что подкрепление желаемого поведения является более эффективным, чем наказание.

Принципы применения:

- немедленность;
- конкретность похвалы;
- последовательность;
- постепенный переход от материальных поощрений к социальным.

Позитивное подкрепление формирует устойчивую мотивацию и укрепляет детско-родительские отношения.

3. Структурирование среды

Дети лучше функционируют в предсказуемой среде.

Рекомендуется:

- установить чёткие правила;
- соблюдать режим дня;
- использовать визуальные расписания;
- предупреждать о смене деятельности;
- ограничивать избыточные стимулы.

Структурированная среда снижает тревожность и уменьшает вероятность поведенческих вспышек.

4. Обучение альтернативному поведению

Запрет без обучения альтернативе не приводит к устойчивым изменениям.

Примеры альтернативных навыков:

- просьба о помощи вместо агрессии;
- вербализация эмоций вместо крика;
- использование паузы перед реакцией;
- навыки решения проблем.

Формирование этих навыков требует систематической тренировки и моделирования со стороны взрослого.

5. Развитие эмоциональной регуляции

Нежелательное поведение часто связано с неспособностью ребёнка управлять своими эмоциями.

Эффективные техники:

- дыхательные упражнения;
- метод «стоп-пауза»;
- обсуждение переживаний;
- создание «уголка спокойствия»;
- ведение эмоционального дневника (для старших детей).

Регулярное развитие эмоциональной компетентности снижает уровень агрессии и импульсивности.

6. Профилактика родительского эмоционального выгорания

Работа с нежелательным поведением требует значительных эмоциональных ресурсов. Родителям важно:

- поддерживать собственное психологическое благополучие;

- обращаться за консультацией к специалистам;
- разделять ответственность между членами семьи;
- сохранять реалистичные ожидания.

Стабильное эмоциональное состояние взрослого является ключевым фактором эффективности коррекции.

Нежелательное поведение у детей является сложным и многофакторным явлением, формирование которого определяется сочетанием индивидуальных особенностей ребёнка, семейной среды, педагогического влияния и социальных факторов. Современные исследования в области психологии развития и прикладного анализа поведения показывают, что подобные проявления часто не являются следствием «непослушания», а отражают дефицит навыков саморегуляции, недостаток эмоциональной компетентности, неспособность вербализовать потребности или управлять фрустрацией.

Систематическая работа родителей, основанная на научно обоснованных подходах, позволяет не только снижать частоту нежелательных реакций, но и формировать у ребёнка устойчивые навыки социального взаимодействия и эмоциональной регуляции. Ключевыми элементами этой работы являются: функциональный анализ поведения, выявление мотивирующих факторов нежелательных реакций, позитивное подкрепление желаемого поведения, обучение альтернативным стратегиям выражения эмоций, структурирование повседневной среды и применение логических последствий.

Не менее важна роль родителя как эмоционального наставника. Эффективность коррекционных мероприятий напрямую зависит от эмоциональной стабильности взрослого, последовательности требований, уважительного отношения к личности ребёнка и готовности адаптировать воспитательную стратегию с учётом индивидуальных особенностей. Профилактика выгорания родителей, регулярная консультация со специалистами и осознанное планирование воспитательного процесса создают условия для системной работы с нежелательным поведением.

Таким образом, комплексный подход, сочетающий научно обоснованные методы коррекции поведения и развитие компетентной родительской позиции, обеспечивает устойчивые положительные изменения. Он позволяет ребёнку постепенно формировать навыки самоконтроля, конструктивного взаимодействия с окружающими и эмоциональной устойчивости, а родителям — повысить уверенность в собственных воспитательных возможностях и снизить стресс.

В перспективе дальнейших исследований целесообразно изучение эффективности интегрированных программ родительского обучения с учётом возрастных и индивидуальных особенностей детей, а также разработка адаптивных стратегий для семей с различным социально-культурным контекстом.

Список использованной литературы

1. Бек А. Т. Когнитивная терапия и эмоциональные расстройства. — СПб.: Питер, 2019. — 400 с.

2. Выготский Л. С. Психология развития ребёнка. — М.: Эксмо, 2018. — 512 с.
3. Гиппенрейтер Ю. Б. Общаться с ребёнком. Как? — М.: АСТ, 2020. — 304 с.
4. Грэхэм Ф., Рейнольдс С. Управление поведением детей. Практическое руководство для родителей. — М.: Психология, 2017. — 256 с.
5. Каздин А. Методы модификации поведения детей и подростков. — СПб.: Прайм-Еврознак, 2016. — 480 с.
6. Лебединский В. В. Нарушения психического развития у детей. — М.: Академия, 2018. — 320 с.
7. Маханева М. Д. Коррекция детско-родительских отношений. — М.: Владос, 2017. — 192 с.
8. Петтерсон С., Форхан П. Позитивное родительство. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2021. — 288 с.
9. Скиннер Б. Ф. По ту сторону свободы и достоинства. — М.: Республика, 2019. — 192 с.
10. Barkley R. A. Defiant Children: A Clinician's Manual for Assessment and Parent Training. — New York: Guilford Press, 2013. — 432 p.
11. Cooper J. O., Heron T. E., Heward W. L. Applied Behavior Analysis. — 2nd ed. — Boston: Pearson, 2020. — 720 p.
12. Kazdin A. E. Parent Management Training: Treatment for Oppositional, Aggressive, and Antisocial Behavior in Children and Adolescents. — Oxford: Oxford University Press, 2017. — 320 p.
13. Webster-Stratton C. The Incredible Years: A Trouble-Shooting Guide for Parents of Children Aged 2–8 Years. — Seattle: Incredible Years Press, 2018. — 380 p.
14. World Health Organization. International Classification of Diseases 11th Revision (ICD-11). — Geneva: WHO, 2022.

ӘОЖ 376:373.3

АУТИЗМ СПЕКТРІНДЕГІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУІН ТҮЗЕТУДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нұрланқызы А., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е.И. пс.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскеменқ., Казақстан
e-mail: 87754572311a@gmail.com

Қазіргі қоғамда инклюзивті білім беруді дамыту – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуының басты кепілі. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде аутизм

спектріндегі бұзылыстары (АСБ) бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударылып келеді [1]. Бұл бағытта оқушылардың сөйлеу тілін, қарым-қатынас дағдыларын және когнитивтік қабілеттерін дамыту өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу ерекшеліктері туралы ғалымдар түрлі зерттеулер жүргізген. Мәселен, Л.С. Выготскийдің пікірінше, баланың сөйлеуі – оның әлеуметтік тәжірибесін меңгеруінің негізгі құралы, ал сөйлеу дамуының кешеуілдеуі баланың танымдық әрекетіне тікелей әсер етеді [2]. Ал С.Д. Забрамная мен Е.М. Мастюкова аутизмі бар балалардың сөйлеуінің дамымай қалуы олардың коммуникативтік ниетінің төмендігімен және қоршаған ортамен шектеулі байланысымен байланысты екенін атап көрсетеді [3].

Отандық ғалымдардың еңбектерінде де бұл мәселе кеңінен қарастырылған. Мысалы, Г.Қ. Жұбанова (2021) логопедиялық тәжірибеде мультимедиялық құралдарды қолдану сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің тиімді тәсілі екенін айтады [4]. Оның пікірінше, мультимедиялық технологиялар баланың зейінін тұрақтандырып, материалды қабылдауды жеңілдетеді және қызығушылығын арттырады. Ал Н.Е. Хан (2019) «балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін визуалды және есту арналарының қатар қолданылуы ерекше нәтиже береді» деп тұжырымдайды [5].

Мультимедиялық технологиялардың артықшылығы – олардың интерактивтілігі мен бейімделгіштігінде. Яғни, бұл құралдар арқылы әрбір бала өз мүмкіндігіне сай деңгейде тапсырма орындай алады, оқу процесінде белсенді қатысушы рөлін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи ақпараттық технологиялар логопедиялық түзету процесін жекелендіруге және нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Т.А. Власова (2020) атап өткендей, мультимедиялық орта баланың эмоциялық жай-күйіне оң әсер етіп, сөйлеу белсенділігін арттырады, себебі визуалды және дыбыстық әсерлер мидың қабылдау орталықтарын қатар белсендіреді [6]. Бұл аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін дамытудың нейропсихологиялық негізін күшейтеді.

Осыған байланысты аутизм спектріндегі бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін түзету процесінде мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану – педагогика мен логопедия саласындағы өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады. Мұндай технологиялар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу қабілетін, танымдық белсенділігін және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

1. Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар оқушылардың сөйлеу ерекшеліктері

Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар (АСБ) балалардың сөйлеу тілінің дамуы қалыпты балалармен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Оларда көбіне сөйлеудің жалпы дамымауы (СЖД) байқалады: сөздік қордың тапшылығы, грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолданылмауы,

дыбыстарды бұрмалап айту, сөйлеу қарқынының баяулығы, интонациялық бірсарылық сияқты белгілер кездеседі. Сонымен қатар, мұндай балалардың сөйлеу белсенділігі төмен, олар көбіне монологтық сөйлеуге қарағанда эхолалия түрінде жауап береді (яғни естіген сөз тіркестерін қайталайды).

Зерттеуші О.С. Никольская (2017) атап өткендей, аутизмі бар баланың сөйлеу тілін дамыту оның әлеуметтік өзара әрекеттесуінің табыстылығына тікелей байланысты [9]. Ал бұл өзара әрекеттесуді қалыптастыру үшін баланың назарын тұрақтандыру мен эмоциялық байланыс орнату қажет. Осы тұрғыда мультимедиялық технологиялар үлкен рөл атқарады, себебі олар визуалды және есту арналары арқылы қызығушылық тудырып, баланың белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

2. Мультимедиялық технологиялардың сөйлеу түзету жұмысындағы рөлі

Мультимедиялық технологиялар — дыбыстық, бейнелік, графикалық және интерактивті элементтерді біріктіретін ақпараттық орта. Логопедиялық практикада оларды қолдану сөйлеуді түзетудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Ғалым Л.А. Венгер (2018) атап өткендей, көрнекілік қағидасын іске асыруда мультимедиялық құралдар ерекше маңызға ие [7], өйткені олар балаға тілдік бірліктерді бейнелі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, дыбыстарды айту кезінде артикуляциялық қозғалысты көрсету үшін бейнеанимациялар қолданылады, ал сөздік қорды байытуда суреттік карточкалар мен интерактивті ойындар тиімді нәтиже береді.

Мультимедиялық технологиялардың артықшылықтарына мыналар жатады:

визуализация – ақпаратты көрнекі түрде қабылдау арқылы есте сақтауды жеңілдетеді;

интерактивтілік – баланы оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді;

дербестендіру – әр оқушының даму ерекшелігіне қарай тапсырманы бейімдеуге болады;

эмоциялық әсер – ойын түріндегі жұмыс баланың уәжін күшейтеді.

3. Практикалық тұрғыда мультимедиялық технологияларды қолдану жолдары

АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін түзету жұмысы бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1. Артикуляциялық жаттығулар – мультимедиялық бейнероликтер арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
2. Фонематикалық естуді дамыту – интерактивті дыбыстық ойындар мен тапсырмалар арқылы дыбысты ажырату қабілетін жетілдіру.
3. Сөздік қорды байыту – мультимедиялық суреттер мен бейнефрагменттерді қолдана отырып, жаңа сөздерді меңгеру.
4. Диалогтық сөйлеуді дамыту – анимациялық бейнежазбалар арқылы сөйлеу үлгілерін көрсету және рөлдік ойындар ұйымдастыру.

5. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру – виртуалды ортада (мысалы, интерактивті сабақтарда) балалардың өзара сөйлесуін ынталандыру.

Мысалы, логопедтер «Balapan Learning», «Сөйлеуді үйренемін» сияқты отандық мультимедиялық бағдарламаларды тиімді пайдаланып келеді. Мұндай ресурстарда ойын арқылы сөйлеуді дамыту, дыбыстарды дұрыс айту, сурет бойынша сөйлем құрау және сөздік қорды кеңейтуге арналған жаттығулар енгізілген.

4. Зерттеу нәтижелері мен тиімділік

Зерттеулер көрсеткендей (Қ.Қ. Төлеубекова, 2020; Власова, 2021), мультимедиялық технологияларды жүйелі қолдану нәтижесінде АСБ бар балалардың сөйлеу белсенділігі артады [6; 8], фонематикалық қабылдау қабілеті жақсарады, сөйлем құрау дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, балалардың оқу мотивациясы жоғарылап, сабаққа деген қызығушылығы арта түседі.

Логопедиялық тәжірибеде мультимедиялық құралдарды пайдалану баланың сөйлеуін дамытумен қатар, оның әлеуметтік бейімделуіне де оң әсер етеді. Яғни, мультимедиялық технологиялар тек сөйлеуді түзету құралы ғана емес, сонымен бірге тұлғаның жалпы даму әлеуетін ашудың маңызды құралы болып табылады.

Қорытынды

Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін түзету мәселесі қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше маңызға ие. Мұндай балалардың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларының дамуы олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің, өз ойын еркін жеткізуінің және оқу іс-әрекетінде жетістікке жетуінің негізгі шарты болып табылады.

Зерттеу барысында мультимедиялық технологиялардың сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудегі тиімділігі анықталды. Мультимедиялық құралдар визуалды және есту арналары арқылы баланың қабылдауын белсендіреді, қызығушылығын арттырады және логопедиялық жұмыстың нәтижелілігін жоғарылатады. Сонымен қатар, мұндай технологиялар оқу процесін дараландыруға, әр оқушының жеке даму ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Ғалымдардың (Л.С. Выготский, С.Д. Забрамная, Г.Қ. Жұбанова және т.б.) еңбектерінде көрсетілгендей, сөйлеу тілі дамуының кешігуі мен аутизм белгілері өзара тығыз байланысты [2; 3; 4; 10]. Сондықтан сөйлеуді түзету жұмысы тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, баланың эмоциялық, когнитивтік және әлеуметтік дамуын кешенді қолдауды талап етеді. Осы бағытта мультимедиялық технологиялар әмбебап және нәтижелі құрал ретінде қолданыла алады.

Жүргізілген талдау мен тәжірибелік зерттеулер негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Мультимедиялық технологияларды қолдану аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу белсенділігін арттырады;

2. Көрнекілік пен интерактивтілік арқылы оқу мотивациясы мен қызығушылық деңгейі жоғарылайды;

3. Артикуляциялық және фонематикалық қабілеттер дамиды, сөздік қор байиды;

4. Балалардың қарым-қатынасқа түсуі мен әлеуметтік бейімделу қабілеті жақсарады.

Демек, мультимедиялық технологиялар аутизм спектріндегі бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін түзетуде тиімді педагогикалық және логопедиялық құрал болып табылады. Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, отандық мультимедиялық бағдарламаларды қазақ тілінде әзірлеу және тәжірибеге енгізу қажеттілігі туындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2020.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1983.
3. Забрамная С.Д., Мастюкова Е.М. Психология аномального ребенка. – Москва: Академия, 2017.
4. Жұбанова Г.Қ. Логопедия негіздері. – Алматы: Рауан, 2021.
5. Хан Н.Е. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуде инновациялық технологияларды қолдану. – Алматы, 2019.
6. Власова Т.А. Современные технологии логопедической работы с детьми с РАС. – Санкт-Петербург, 2020.
7. Венгер Л.А. Психология обучения и воспитания младших школьников. – Москва, 2018.
8. Төлеубекова Қ.Қ. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі. – Нұр-Сұлтан, 2020.
9. Никольская О.С. Аутизм: особенности развития и обучения детей. – Москва: Просвещение, 2017.
10. Лебединская К.С. Дети с нарушениями общения: ранний детский аутизм. – Москва: Просвещение, 1991.

ӘОЖ 159.96

АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ОНЛАЙН ҚОЛДАУ ТОПТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ: ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ

Раимжанова А. А., магистрант, 1 курс
Ғылыми жетекшісі: Барабанова Е. И., психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.,Қазақстан
aianaraimjan@mail.ru

Қазіргі кезеңде аутизм спектрінің бұзылысы (АСБ) бар баланы тәрбиелеу отбасының ішкі ресурстарын ұзақ уақыт бойы жұмылдыруды қажет ететін күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдай болып отыр. Ата-аналар баланың

мінез-құлқындағы ерекшеліктерге бейімделумен қатар, мамандарға қолжетімділіктің шектеулілігі, күн тәртібін тұрақты қайта құру, әлеуметтік ортаның түсінбеуі және болашаққа қатысты белгісіздік сияқты қайталанатын стрессорларға ұшырайды. Ата-аналарға арналған араласуларды біріктірген метаталдау 37 зерттеу негізінде мұндай бағдарламалардың ата-аналық сенімділік пен психикалық саулыққа шағын, бірақ статистикалық мәнді оң ықпал ететінін, алайда стресс пен күтім жүктемесін төмендету барлық жағдайда бірдей байқалмайтынын көрсетті [1].

Соңғы жылдары офлайн қызметтердің қолжетімсіздігі, уақыт тапшылығы және өңіраралық теңсіздік жағдайында онлайн форматтағы қолдау топтары балама ғана емес, дербес ресурс ретінде қарастырыла бастады. Бұл мақалада «онлайн қолдау тобы» ұғымы тек мессенджердегі еркін жазысумен шектелмейді; ол ата-аналардың өзара тәжірибе алмасуын, психобілім беруді, кәсіби модерацияны және кей жағдайда коучинг элементтерін біріктіретін цифрлық топтық кеңістік ретінде түсіндіріледі. Осыған сәйкес мақаланың мақсаты - 2020-2025 жылдары жарияланған тәжірибелік зерттеулер нәтижелерін жүйелеп, АСБ бар балалардың ата-аналарына арналған онлайн қолдау топтарының әлеуметтік-психологиялық тиімділігінің негізгі механизмдерін анықтау және Қазақстан жағдайына бейімделген практикалық модель ұсыну [2].

Зерттеу материалы ретінде 2020-2025 жылдары жарық көрген 8 тексерілетін ғылыми еңбек алынды. Іріктеу өлшемдері:

а) материалдың рецензияланатын ғылыми басылымда жариялануы;

ә) зерттеуде ата-аналарға бағытталған онлайн, теледенсаулық немесе цифрлық топтық қолдау элементтерінің болуы;

б) ата-аналардың психологиялық немесе әлеуметтік көрсеткіштерінің бағалануы;

в) толық библиографиялық мәліметінің болуы.

Негізгі әдістер - салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау және нәтижелерді тақырыптық синтездеу. Талдау бірліктері ретінде интервенция форматы, қатысушылар құрамы, әлеуметтік-психологиялық нәтижелер және тиімділіктің шарттары алынды.

Мақаланың шолу сипаты сақталғанымен, оның ғылыми жаңалығы эмпириялық деректерді екінші реттік талдау арқылы онлайн қолдау топтарының тиімділігін түсіндіретін құрылымдық модель ұсынуында. Осы тұрғыдан жұмыс тек әдеби шолу емес, тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін жүйелеуге негізделген аналитикалық мақала ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік-психологиялық тиімділік бұл жұмыста үш өзара байланысты деңгей арқылы түсіндіріледі:



Сурет 1– Аутизм спектрі бұзылған балалардың ата-аналарына арналған онлайн қолдау топтарының әлеуметтік-психологиялық тиімділігінің негізгі бағыттары

Суретте онлайн қолдау топтарына қатысудың ата-аналар үшін үш негізгі нәтижесі жүйеленген: эмоционалдық күйдің жақсаруы, әлеуметтік ресурстардың кеңеюі және тұлғааралық әрі тәрбиелік құзыреттіліктің артуы. Көрсетілген бағыттар ата-аналардың психологиялық тұрақтылығын нығайтып, қолдау желісін кеңейтуге және баламен өзара әрекеттесудің тиімді стратегияларын меңгеруге ықпал етеді.

Метаталдау нәтижелері онлайн және офлайн форматтардағы ата-аналық араласуларда оң өзгерістер алдымен ата-ананың психикалық саулығы мен өз күшіне сенуінен басталатынын, ал тұрақты стресс төмендеуі үшін эмоциялық қолдау мен нақты дағдыны үйрету қатар жүруі керек екенін дәлелдейді [1].

Hermaszewska мен Sin жүргізген сапалық зерттеуде бес фокус-топқа қатысқан 17 ата-ана болашақ онлайн ресурстың үш негізгі элементін атады: сенімді психобілім, басқа ата-аналармен қауіпсіз байланыс және мамандарға тікелей қолжетімділік [2]. Бұл нәтиже онлайн қолдау тобының шынайы тиімділігі ақпараттық контенттің көлемімен емес, оның интерактивті және қатысушыға бағытталған сипатымен анықталатынын көрсетеді. Ата-аналар әсіресе жергілікті қызметтер туралы нақты деректің, тәжірибе алмасудың және бағаланбайтын қауіпсіз кеңістіктің маңызын атап көрсеткен.

Gentile және әріптестерінің 27 ата-ананы қамтыған 6 айлық теледенсаулық бағдарламасы ата-аналық пәрменділік сезімінің артуын, стресс деңгейінің төмендеуін және баланың оқуын ынталандыруға қатысты ата-аналық қабілеттің жақсарғанын көрсетті [3]. Зерттеудің мазмұндық талдауы бұл өзгерістердің жай ақпарат беруден емес, ата-ананың бақылаушыдан белсенді серіктес рөлге көшуінен туындайтынын аңғартады. Яғни тиімді онлайн қолдау ата-ананы пассивті тыңдаушы емес, өзгерістің агенті ретінде қалыптастыруы тиіс.

Rodgers, Dale және Ruble ұсынған гибридті C-HOPE бағдарламасында асинхронды талқылау алаңы мен синхронды жеке коучинг біріктірілген; 10 қамқоршыны қамтыған бұл зерттеу ата-аналық стресс көрсеткішінің статистикалық мәнді төмендегенін және қатысушылар қанағаттануының қолайлы деңгейде болғанын көрсетті [4]. Әсіресе маңыздысы - интервенцияның топтық талқылау мен жеке сүйемелдеуді біріктіруі. Бұл дерек эмоциялық қолдау мен жекелендірілген кері байланыстың қатар берілуі онлайн топтардың әлеуметтік-психологиялық әсерін күшейтетінін дәлелдейді.

Халықаралық және ресейлік деректерді салыстыру бір маңызды заңдылықты көрсетті: ата-аналарға тек баланың симптоматикасын түсіндіру жеткіліксіз. Тиімді бағдарлама баланың мінез-құлқы жөніндегі білімді ата-ананың өзін эмоциялық тұрғыдан ұстап тұру стратегияларымен ұштастырғанда ғана тұрақты әсер береді. Бұл әсіресе АСБ бар балалардың ата-аналары ұзақ мерзімді күтім рөліне ерте кіретінін және күйзеліс тек баланың мінез-құлқынан емес, әлеуметтік ортаның реакциясынан да туындайтынын ескерсек маңызды.

Попова мен Орлова онлайн форматтағы мінез-құлықтық дағдылар тренингі негізінде бес ана мен күтушінің құзыреттілігін зерттеп, ата-аналардың тьюторлық рөліндегі нақты дағдыларының жақсарғанын және отбасының күнделікті қызметінің сапасы артқанын көрсетті [5]. Бұл жұмыс онлайн сүйемелдеудің баламен тікелей жұмыс қана емес, ата-ананы үй жағдайындағы серіктес маманға айналдыру функциясын да атқаратынын айқын көрсетеді.

Боброва және әріптестері ата-аналарды қолдау бағдарламаларын талдай отырып, ата-аналық стресс ақпарат тапшылығы, әлеуметтік оқшаулану және болашаққа қатысты белгісіздікпен тығыз байланыста екенін көрсетеді [6]. Авторлар сипаттаған бағдарламалардағы оң нәтиже тек білім берумен емес, топ ішіндегі өзара түсіністікпен, тәжірибе алмасумен және жағдайды «қалыптандыру» әсерімен байланысты. Бұл қорытынды онлайн топтардың негізгі идеясына тікелей сәйкес келеді: эмоциялық валидизациясыз таза нұсқаулық ата-ананың күйін тұрақты жақсарта алмайды.

Кесте 1 – Онлайн қолдау тобының әлеуметтік-психологиялық тиімділік моделі

Компонент	Негізгі мазмұны	Күтілетін нәтиже
Психоақпараттық	АСБ туралы сенімді білім, ата-аналық рөлді түсіндіру, күн тәртібі мен мінез-құлықты ұйымдастыру жөніндегі нақты нұсқаулар.	Белгісіздік деңгейі төмендейді, бақылау сезімі күшейеді, қате ақпаратқа тәуелділік азаяды.
Эмоциялық-әлеуметтік	Жабық және модерацияланатын талқылау, тәжірибе алмасу, эмоциялық қолдау, оқшаулануды жеңілдететін «мен жалғыз емеспін» әсері.	Қабылданған әлеуметтік қолдау артады, жалғыздық пен стигма сезімі азаяды, күйзеліс жұмсарады.
Дағдыны дамыту	Кері байланыс, қысқа үй тапсырмалары, жағдайлық талдау, ата-ананың баламен күнделікті өзара әрекетін жетілдіру.	Ата-аналық құзыреттілік, өзіне сенімділік және баламен тиімді коммуникация стратегиялары дамиды.

Компонент	Негізгі мазмұны	Күтілетін нәтиже
Навигациялық	Қазақстан жағдайындағы қызмет маршруттары, құқықтық ақпарат, жергілікті ресурстар мен мамандарға бағыттау.	Көмекке жүгіну уақыты қысқарады, қызметтерді пайдалану тиімділігі және ата-ананың жүйелік бейімделуі артады.

Кестеде ұсынылған модель онлайн топтардың нәтижесі көп жағдайда олардың құрылымдық тұтастығына тәуелді екенін көрсетеді: психобілім беру ата-ананың белгісіздігін азайтса, өзара қолдау оқшаулануды төмендетеді, ал коучинг пен кері байланыс ата-аналық құзыреттілікті нақты әрекетке айналдырады. Демек, әлеуметтік-психологиялық тиімділік тек «жақсы сезінумен» шектелмейді; ол ата-ананың мінез-құлықтық репертуары мен көмек жүйесін пайдалану сапасына да ықпал етеді.

Сонымен бірге талданған еңбектердің сыни салыстырмасы үш тәуекелді айқындады. Үлгілердің көлемі шағын, сондықтан нәтижелерді тікелей жалпылау шектеулі. Екіншіден, кейбір бағдарламаларда ата-аналық әл-ауқат негізгі емес, қосымша нәтиже ретінде бағаланған. Тек ақпараттық немесе тым еркін ұйымдастырылған цифрлық қауымдастықтарда стресс деңгейінің тұрақты төмендеуі әрдайым байқалмайды; модерация, уақытша құрылым және құпиялық ережелері болмағанда қолдау шашыраңқы сипат алады. Осыдан онлайн топ дизайнының институционалданған болуы қажеттігі туындайды.

Қазақстандық зерттеулер бұл мәселенің практикалық өзектілігін күшейтеді. Alibekova және әріптестері 146 ата-ананы қамтыған зерттеуінде қанағаттандырылмаған қажеттіліктері жоғары және достық қолдауды төмен сезінетін ата-аналарда стресс, мазасыздық және депрессия белгілері айқынырақ болатынын көрсетті [7]. Бұл нәтиже әлеуметтік-психологиялық тиімділіктің өзегінде қабылданған қолдау феномені тұрғанын дәлелдейді. Демек, онлайн топтар Қазақстан жағдайында тек ақпарат тарату құралы емес, әлеуметтік қолдауды қалпына келтіретін кеңістік ретінде қарастырылуы қажет.

Imamatdinova және әріптестері Қазақстанның барлық өңірінен 390 ата-ананы қамтып, 73,3% респонденттің мемлекеттік қаржылық қолдауды жеткіліксіз деп бағалағанын, 25,4% ата-ананың, әсіресе аналардың, жұмыстан шығуға мәжбүр болғанын, ал елеулі бөлігінің құқықтық кеңеске мұқтаж екенін анықтады [8]. Бұл деректер Қазақстандағы онлайн қолдау топтары міндетті түрде навигациялық функция атқаруы тиіс екенін көрсетеді: ата-аналарға тек эмоциялық демеу емес, қызмет маршруты, құқықтық мүмкіндіктер, инклюзивті білім беру мен оңалту ресурстары жөнінде нақты бағыт-бағдар қажет.

Жүргізілген шолу негізінде Қазақстан жағдайына бейімделген онлайн қолдау тобының келесі құрылымы тиімді деп есептеледі: 8 апталық жабық топ, 6-8 ата-ана, аптасына 1 рет 90 минуттық синхронды кездесу, аралықта модерацияланатын чат және қысқа үй тапсырмалары. Бағдарлама мазмұнына АСБ жөніндегі сенімді психобілім, мінез-құлық пен күн тәртібін ұйымдастыру стратегиялары, ата-ананың ресурсын сақтау, отбасы ішілік коммуникация, құқықтық және сервистік навигация, сондай-ақ өзара тәжірибе алмасу кіруі

тиіс. Мұндай модельдің жаңалығы - эмоциялық қолдау, әлеуметтік байланыс және тәрбиелік құзыреттілікті бір жүйеге біріктіруінде.

Тиімділікті бағалау үшін топ басталар алдындағы және аяқталғаннан кейінгі кезеңдерде ата-аналық стресс, қабылданған әлеуметтік қолдау, өзін тиімді сезіну және қатысу қанағаттануы сияқты индикаторларды стандартталған сауалнамалар мен сапалық кері байланыс арқылы өлшеу орынды. Бұл тәсіл онлайн топтың тек субъективті ұнау деңгейін емес, оның әлеуметтік-психологиялық нәтижесін де дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, АСБ бар балалардың ата-аналарына арналған онлайн қолдау топтарының әлеуметтік-психологиялық тиімділігі дәлелдік базасы бар бағыт екенін айтуға болады. Алайда тиімділік кез келген онлайн байланысқа емес, кәсіби модерациясы бар, психобілім, peer-support, кері байланыс және ресурстық навигация біріктірілген құрылымдық модельге тән. Онлайн формат ата-аналардың уақыттық және аумақтық шектеулерін жеңілдетеді, бірақ оның мазмұны жүйесіз болса, нәтиже тұрақсыз болып қалады.

Қазақстан үшін мұндай формат ерекше маңызды, өйткені ата-аналардың психологиялық әл-ауқаты қызметтердің қолжетімділігімен, қоғамдық қабылдаумен және қаржылық жүктемемен тікелей байланысты [7], [8]. Осы мақаланың ғылыми нәтижесі ретінде онлайн қолдау топтарының төрт компонентті әлеуметтік-психологиялық моделі және оны Қазақстан жағдайында сынақтан өткізуге арналған қолданбалы құрылым ұсынылды. Болашақтағы эмпириялық жұмыс осы модельдің стресс деңгейіне, қабылданған әлеуметтік қолдауға және ата-аналық құзыреттілікке әсерін алдын-ала және кейінгі өлшемдер арқылы тексеруге бағытталуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. MacKenzie K.T., Eack S.M. Interventions to Improve Outcomes for Parents of Children with Autism Spectrum Disorder: A Meta-Analysis // Journal of Autism and Developmental Disorders. 2022. Vol. 52, No. 7. P. 2859-2883. DOI: 10.1007/s10803-021-05164-9.

2. Hermaszewska S., Sin J. End-user perspectives on the development of an online intervention for parents of children on the autism spectrum // Autism. 2021. Vol. 25, No. 5. P. 1234-1245. DOI: 10.1177/1362361320984895.

3. Gentile M., Messineo L., La Guardia D. et al. A Parent-Mediated Telehealth Program for Children with Autism Spectrum Disorder: Promoting Parents' Ability to Stimulate the Children's Learning, Reduce Parenting Stress, and Boost Their Sense of Parenting Empowerment // Journal of Autism and Developmental Disorders. 2022. Vol. 52. P. 5285-5300. DOI: 10.1007/s10803-022-05482-6.

4. Rodgers A.D., Dale B.A., Ruble L.A. Hybrid Telehealth Adaptation of COMPASS for Hope: Parent-Mediated Outcomes in Autism // Behavioral Sciences. 2025. Vol. 15, No. 11. Art. 1561. DOI: 10.3390/bs15111561.

5. Попова О.А., Орлова О.М. Развитие родительских компетенций в формате онлайн в детском саду, построенном на принципах пирамидального

подхода к образованию // Аутизм и нарушения развития. 2020. Т. 18, № 4. С. 52-58. DOI: 10.17759/autdd.2020180406.

6. Боброва А.В., Довбня С.В., Морозова Т.Ю., Сотова Е.Н. Реализация программ поддержки родителей дошкольников с РАС // Аутизм и нарушения развития. 2022. Т. 20, № 1. С. 37-46. DOI: 10.17759/autdd.2022200105.

7. Alibekova R., Chan C.K., Crape B. et al. Stress, anxiety and depression in parents of children with autism spectrum disorders in Kazakhstan: prevalence and associated factors // Cambridge Prisms: Global Mental Health. 2022. Vol. 9. P. 472-482. DOI: 10.1017/gmh.2022.51.

8. Imamatdinova A., Samambayeva A., Akhtaeva N. et al. Autism spectrum disorders: experience of parents in Kazakhstan // BMC Public Health. 2025. Vol. 25. Art. 2676. DOI: 10.1186/s12889-025-23764-3.

ӘОЖ 376.3

АСБ БАР АДАМДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ МЕН БЕЙІМДЕУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН КЕДЕРГІЛЕР

Сауранбаева Ж. Т., магистрант, 2 курс
Ғылыми жетекшісі: М.Д. Ауренова, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ, Өскемен қ., Қазақстан

Аутизм спектрінің бұзылуы бар адамдарды кәсіби даярлау және бейімдеу әртүрлі жұмыс деңгейлеріне әсер ететін көптеген қиындықтарды қамтиды: жеке, тұлғааралық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік. АСБ бар адамдардың кәсіби даму үшін елеулі әлеуеті болғанына қарамастан, статистикалық деректер олардың жұмыспен қамтылу деңгейінің төмен екенін көрсетеді. АҚШ-та жүргізілген Shattuck зерттеуіне сәйкес, АСБ бар жас ересектердің тек 58%-ы ғана мектепті аяқтағаннан кейінгі сегіз жыл ішінде ақылы жұмысқа ие болған, бұл мүгедектіктің басқа түрлері бар адамдармен салыстырғанда (73–95%) айтарлықтай төмен көрсеткіш.

Қазақстанда АСБ бар адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесі одан да өткір тұр. Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының мәліметтері бойынша, елдегі АСБ диагнозы қойылған ересектердің 5% - дан азы тұрақты жұмыс істейді. Бұл мамандандырылған кәсіптік оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігі, стигматизация, қолдау жүйесінің болмауы және жұмыс берушілердің жеткіліксіз хабардар болуынан тұратын кедергілер кешеніне байланысты.

АСБ бар адамдарды кәсіби бейімдеу кедергілерінің көп деңгейлі табиғатын түсіну тиімді араласуды дамыту және еңбек нарығында инклюзивті орта құру үшін өте маңызды.

1. Когнитивті және нейропсихологиялық кедергілер

Атқарушы функциялардың тапшылығы АСБ адамдардың кәсіби бейімделуіндегі маңызды кедергілердің бірі болып табылады. Kenworthy кешенді зерттеуде АСБ бар адамдардың 80% - жоспарлау, іс-әрекетті ұйымдастыру, когнитивті икемділік және жұмыс жадында клиникалық маңызды қиындықтар бар екенін анықтады.

Wallace зерттеуінде АСБ бар ересектердің тапсырмалар арасында ауысудағы қиындықтары жұмыс тапсырмалары жиі өзгеріп отыратын жағдайларда еңбек өнімділігінің едәуір төмендеуіне әкелетіні көрсетілді.

Қазақстандық зерттеуші Абдрахманова Р.С. Алматы колледждерінде АСБ бар жастарды кәсіби оқыту тәжірибесін сипаттап, АСБ студенттердің 67%-ында академиялық үлгермеушіліктің негізгі себебі өзін-өзі ұйымдастырудағы қиындықтар екенін анықтады [1].

АСБ бар адамдарды жұмысқа орналастырудағы басты кедергілердің бірі - жұмыс берушілер тарапынан қалыптасқан жағымсыз немесе стереотиптік көзқарас. Kaye H.S. АҚШ бойынша ұлттық іріктеме негізінде жүргізген зерттеуінде қажетті біліктілігі болғанның өзінде жұмыс берушілердің тек 25%-ы ғана АСБ бар кандидаттарды қарастыруға дайын екенін анықтады. Жұмыс берушілердің негізгі алаңдаушылықтары коммуникациядағы ықтимал қиындықтармен, өнімділіктің төмендігімен және арнайы қолдауға мұқтаждықпен байланысты.

Алайда Johnson T.D. және Joshi A. жүргізген зерттеуінде АСБ бар адамдарды жұмысқа қабылдауда оң тәжірибесі бар жұмыс берушілер олардың келесі артықшылықтарын атап өткен: ұсақ-түйекке мұқияттылық (респонденттердің 92%-ы), сенімділік (87%), компанияға адалдық (83%), күнде қайталанатын тапсырмаларға шоғырлану қабілеті (79%) [2]. Авторлар жұмыс берушілердің көзқарасын өзгерту үшін ақпараттық науқандардың маңыздылығын атап көрсетеді.

Қазақстандық әлеуметтанушылар Турсынбаева Г.К. мен Жумагалиева А.С. Алматы, Шымкент және Астана қалаларында мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа қабылдауға дайындық мәселесіне қатысты 150 жұмыс беруші арасында сауалнама жүргізді. Нәтижелер жұмыс берушілердің тек 18%-ы ғана АСБ ерекшеліктерімен таныс екенін, ал 73%-ы мұндай қызметкерлерді жұмысқа алу мүмкіндігін ешқашан қарастырмағанын көрсетті. Авторлар бизнес-қоғамдастық үшін ақпараттық-білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұсынады.

Күрделі мәселелердің бірі - меңгерілген дағдыларды жаңа жағдайларға жалпылаудың қиындығы болып табылады. Hume жүргізген зерттеуде оқу ортасында игерілген дағдылардың нақты жұмыс жағдайларына автоматты түрде әрдайым ауыса бермейтіні анықталған. Когнитивтік ригидтілік те елеулі кедергілер туғызады. D'Cruz зерттеуінде жұмыс үдерістеріндегі тіпті шағын өзгерістердің өзі АСБ бар қызметкерлердің 62%-ында айқын күйзеліс пен еңбек өнімділігінің төмендеуін тудыруы мүмкін екені көрсетілген.

Омарова К.А. мен Сарсенбаева Б.И. зерттеуінде АСБ бар жасөспірімдердің 78%-ы өндірістік операциялардың реттілігі өзгерген кезде айқын қиындықтар сезінетіні анықталған [3]. Ақпаратты өңдеу ерекшеліктері

де қосымша кедергілер туғызады. Minshew зерттеуінде АСБ ересектердің күрделі, көпқұрамды ақпаратты өңдеуде елеулі қиындықтарға тап болатыны көрсетілген. Сонымен қатар, Байтасова А.К. қазақстандық АСБ жасөспірімдердің 84%-ы нұсқаулықтарды жазбаша түрде бекітуге және визуалды қолдауға мұқтаж екенін анықтады.

2. Әлеуметтік-коммуникативті кедергілер.

Әлеуметтік өзара әрекеттесудегі қиындықтар ең маңызды кедергілердің бірі болып табылады. Orsmond зерттеуінде жұмыс берушілердің 76% жағдайда АСБ қызметкерлерді жұмыстан босатудың негізгі себебі ретінде әлеуметтік қиындықтарды атағаны анықталған.

Hendricks ең проблемалы аспектілерді айқындады: жазылмаған әлеуметтік ережелерді түсінудегі қиындықтар (92%), бейресми қарым-қатынастағы мәселелер (87%), вербалды емес белгілерді интерпретациялаудағы қиындықтар (81%) [4].

Темирбулатова С.К. мен Оспанова Д.А. зерттеуінде Қазақстандағы АСБ бар жасөспірімдердің 81%-ы әлеуметтік жағдайларды түсінуде айтарлықтай қиындықтар көрсететіні анықталған.

Тіпті сөйлеу дағдылары дамыған жағдайда да АСБ бар адамдар коммуникацияның прагматикалық аспектілерінде қиындықтарға тап болады. Paul зерттеуінде вербалды дамыған АСБ ересектердің 70%-ында әңгіме контекстін, астарлы мәндерді, сарказм мен юморды түсінуде айтарлықтай қиындықтар бар екені анықталған. Newman және әріптестері АСБ қызметкерлердің 68%-ы өзін біліксіз көрсету қорқынышынан көмек сұраудан бас тартатынын көрсетт. Нұрманова А.С. мен Бекмуханова А.Т. зерттеуінде Қазақстандағы қатысушылардың 89%-ына кәсіби коммуникацияны арнайы оқыту қажет екені анықталған.

«Зерттеу теориясының» жетіспеушіліктері ерекше кедергілер тудырады. Baron-Cohen зерттеуінде әріптестердің жасырын мотивацияларын түсінудегі қиындықтар көрсетілді. Есимова К.Р. зерттеуінде негізгі эмоцияларды тануда елеулі қиындықтар анықталған (АСБ қатысушылардың дұрыс анықтау көрсеткіші 47% болса, нейротиптік әріптестерде - 96%) [5].

3. Сенсорлық проблемалар.

Robertson және Simmons зерттеуіне сәйкес, РАС бар адамдардың 90–95%-ында атиптік сенсорлық сезімталдық байқалады. Smith және Sharp анықтағандай, ашық кеңселердегі шу РАС бар қызметкерлердің 83%-ында тұрақты сенсорлық шамадан тыс жүктемені тудырады.

Қазақстандық зерттеу бойынша, Садыкова Г.М. мен Джусубалиева Д.М. АСБ жасөспірімдердің 42%-ы сенсорлық қиындықтарға байланысты кәсіби оқуды жалғастырудан бас тартатынын анықтады. Dunn зерттеуінде төмен сезімталдыққа байланысты ауырсынуды дұрыс қабылдамау өндірістік жарақаттарға әкелуі мүмкін екені көрсетілген; зерттеуге қатысқан АСБ қызметкерлердің 34%-ы өндірістік жарақат алған. Карр және әріптестері стиммингтің маңызды реттеуші функциясын атқаратынын көрсетті, бірақ көбінесе оны кәсіби емес мінез-құлық ретінде қабылдайды. Абенова Ж.М.

зерттеуінде Қазақстанда стереотиптік мінез-құлық 71% жағдайда әлеуметтік қабылдамаушылыққа себеп болатындығы анықталды.

4. Психологиялық және эмоционалды кедергілер.

Lever және Geurts зерттеуінде АСБ бар ересектердің 50-70%-ы алаңдаушылық бұзылысының критерийлеріне сәйкес келетіні анықталды. Spain және әріптестері АСБ ересектердің 84%-ы әлеуметтік жұмыс жағдайларында жоғары деңгейдегі алаңдаушылықты сезінетінін көрсетті.

Мұқанова Д.Р. зерттеуінде Қазақстандағы колледждердегі АСБ жастардың 76%-ы клиникалық маңызды деңгейдегі алаңдаушылық көрсететіндігі анықталды, алайда психологиялық қолдау тек 12% оқу орындарында ғана қолжетімді. Mazefsky және әріптестері эмоцияларды танудағы қиындықтар мен тиімді реттеу стратегияларын қолданудағы мәселелерді көрсетті. Кассымова Г.К. Қазақстандағы студенттер үшін негізгі стресс факторларын анықтады: оқу кестенің алдын ала болжанбайтындығы (92%), топтық жұмыстардың қажеттілігі (87%), шу (84%).

Cage және әріптестері зерттеуінде АСБ бар балалардың 46-94%-ы мектепте буллингке ұшырайтыны және бұл олардың өзін-өзі теріс қабылдауындағы тұрақты үлгілерді қалыптастыратыны анықталды.

Тоқтарова К.И. мен Байжанова А.К. зерттеуінде Қазақстандағы АСБ бар жасөспірімдердің 81%-ы өздерінің кәсіби перспективасын «нашар» деп бағалайтыны анықталды.

5. Жүйелік және ұйымдастырушылық кедергілер.

Wei және т.б. дәстүрлі бағдарламалар АСБ студенттерінің қажеттіліктеріне бейімделмегенін анықтады, оқудан шығу пайызы 35-40% құрайды.

Қазақстанда А. Б. Жантлесова 828 мекеменің тек 28 -АСБ ерекшелігін ескермейтін бейімделген бағдарламалар бар екенін атап өтті. Калиева Ж.С. және Нурбекова Ж. К. педагогтардың арнайы даярлығының жоқтығын (97%), материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігін (89%), тьюторлық сүйемелдеудің жоқтығын (94%) анықтады.

Lorenz және басқалар дәстүрлі сұхбат форматы АСБ үміткерлерін жүйелі түрде кемсітетінін анықтады. Lindsay және т. б. диагнозды ашу дилеммасын анықтады: қатысушылардың 58% - ы жағымсыз әсерлер туралы айтылды. Турсынбаева Г.К. және Жумагалиева А. С. қазақстандық жұмыс берушілердің 87% әңгімелесу процесін бейімдеу рәсімдері жоқ екенін анықтады.

Howlin және әріптестері зерттеуінде АСБ ересектердің 44%-ы алғашқы алты ай ішінде қолдаудың жоқтығынан жұмысынан айырылғаны анықталды. Wehman және әріптестері job coach бар болған жағдайда жұмысқа орналасуды сақтау көрсеткіші 35%-тен 82%-ке дейін артатынын көрсетті [6]. Смагулова Г.К. мен Абдуллина А.А. Қазақстанда қолдаумен жұмысқа орналастыру жүйесінің жоқтығын атап өтті.

6. Әлеуметтік және мәдени кедергілер

Obeid және әріптестері зерттеуінде АСБ адамдардың 78%-ы әлеуметтік тұрғыдан біліксіз, ал 64%-ы интеллектуалды шектеулі деп қабылданатыны

анықталды. Байжанова А.К. мен Омарова К.А. Қазақстандағы зерттеуде: респонденттердің 67%-ы аутизмі бар адамдардың жұмыс істеуге қабілетсіз деп санайды, ал 54%-ы РАС бар әріптесі болуын қаламайды.

Austin және Pisano зерттеуінде РАС бар адамдарды жұмысқа алудың артықшылықтары көрсетілді: жұмыс дәлдігі жоғары, ұсақ-түйекке мұқият, кадр айналымы төмен. Қазақстандағы зерттеуде Есенова К.У. мен Турганбаева А.Р. жұмыс берушілердің тек 12%-ы АСБ туралы естігенін, 5%-тен азы ғана бір қасиетті атай алатынын анықтады.

Schur және әріптестері зерттеуінде прогрессивті заңнама болғанына қарамастан, оның орындалуы жиі жеткіліксіз екені анықталды. Смагулова Г.К. Қазақстандағы заңда АСБ бойынша арнайы баптардың жоқтығын атап өтті. Квоталық жүйе тиімді жұмыс істемейді. Абдуллина А.А. мен Нұрманова А.С. заңнамалық деңгейде «ақылға қонымды бейімдеулер» ұғымының жоқтығын көрсетті.

Осылайша, кәсіби интеграциядағы негізгі кедергілер болып табылады: жұмыс берушілердің стереотиптері мен ақпараттандырылмауы, отбасылардың төмен күтулері, білім беру мекемелері мен жұмыс берушілер арасындағы жеткіліксіз үйлестіру, заңнамалық базаның кемшіліктері

Осылайша, Қазақстандағы мүгедектікке қатысты мәдени ерекшеліктер АСБ адамдардың кәсіби дайындығына қосымша кедергілер қабатын жасайды. Психикалық бұзылуларды жазалау ретінде қабылдайтын дәстүрлі түсініктер стигматизацияға, диагнозды жасыруға және көмекке жүгінуді кейінге қалдыруға әкеледі. Гендерлік стереотиптер АСБ тән қыздарға қосарланған дискриминация туғызады, білімге қолжетімділікті шектейді. Ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар отбасылық қақтығыстарға және ықпалды үлкен буын тарапынан түзету жұмысына кедергі жасауға әкеледі. Мұндай кедергілерді жеңу үшін ауқымды білім беру кампаниялары, қоғамдық пікірмен жұмыс, діни және қауымдастық көшбасшыларын тарту, сонымен қатар отбасыларға ұрпақтар арасындағы қақтығыстарды басқаруда арнайы қолдау бағдарламалары қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманова Р.С. Психолого-педагогическое сопровождение профессионального самоопределения старшеклассников с особыми образовательными потребностями: дис. ... к. п. н– Алматы, 2022 – 178 с.

2. Johnson T.D., Joshi A. Autism diagnosis for workplace well-being // J Appl Psychol. – 2016. – Vol. 101(3). – P. 430-449

3. Омарова К.А., Сарсенбаева Б.И. Формирование профессиональных навыков у подростков с РАС // Проф. образование. – 2020. – № 4. – С. 78-85.

4. Hendricks D.R. Employment and adults with ASD // J Vocational Rehab. – 2010. – Vol. 32(2). – P. 125-134.

5. Есимова К.Р., Джусубалиева Д.М. Инклюзивное профессиональное образование в колледже: из опыта работы // Профессиональное образование Казахстана. – 2022. – № 1. – С. 67-74.

6. Wehman P., Brooke V., Brooke A.M., et al. Customized employment approach // Res Dev Disabil. – 2012. – Vol. 37. – P. 3133-3145.

ӘОЖ376.1

АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сандібек А., мұғалім-дефектолог
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Асыл Мирас» аутизмі (аутизм спектірінің бұзылуы) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы)» КММ, Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі уақытта балалардың дамуындағы ерекшеліктерді ерте анықтау және оларға дер кезінде көмек көрсету білім беру мен арнайы педагогика саласындағы маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Соның ішінде аутизм спектрінің бұзылысы мәселесі соңғы жылдары ерекше назар аудартуда. Себебі аутизм белгілері бар балалар санының артуы қоғамда, отбасында және білім беру жүйесінде бұл тақырыпқа деген қызығушылықты күшейтті.

Аутизм спектрінің бұзылысы – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, сөйлеуіне, мінез-құлқына және әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін күрделі даму ерекшелігі. Мұндай балалардың дамуында қарым-қатынасқа түсу, эмоция білдіру, сөйлеу тілін қолдану, ортаға бейімделу сияқты салаларда өзіндік өзгешеліктер байқалады. Кей жағдайда бұл ерекшеліктер ерте жастан-ақ көрінсе, кейде оларды ата-ана мен қоршаған орта бірден байқай бермейді.

Аутизмді ерте анықтау – баланың болашақ дамуына тікелей әсер ететін маңызды қадам. Ерте жаста баланың жүйке жүйесінің икемділігі жоғары болатындықтан, осы кезеңде берілген арнайы көмек пен түзету-дамыту жұмыстары анағұрлым тиімді нәтиже береді. Уақытылы көрсетілген қолдау баланың сөйлеуін, қарым-қатынасын, танымдық қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң ықпал етеді. Осыған байланысты аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың ерекшеліктерін зерттеу, оны ерте анықтаудың маңызын ашып көрсету және ерте көмектің тиімділігін талдау бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

3.1 Аутизм спектрінің бұзылысы туралы түсінік. Аутизм спектрінің бұзылысы – баланың миының дамуына байланысты пайда болатын және оның әлеуметтік өзара әрекетіне, коммуникациясына, сөйлеуіне және мінез-құлқына әсер ететін күрделі даму ерекшелігі. Бұл бұзылыс әр балада әртүрлі деңгейде көрінетіндіктен, “спектр” деген атаумен қолданылады. Яғни бір балада аутизм белгілері жеңіл байқалса, екінші бірінде айқынырақ көрінуі мүмкін.

Аутизмі бар балалардың қоршаған әлемді қабылдауы мен оған жауап беруі өзге балалардан ерекшеленуі мүмкін. Олар кейде өз есіміне жауап бермейді, көзге тік қарамайды, құрдастарымен ойнауға қызығушылық танытпайды немесе үлкендермен қарым-қатынас орнатуда қиналады. Сонымен қатар кейбір балаларда сөйлеу тілі кеш дамиды, сөздік қоры шектеулі болады немесе олар естіген сөздерін қайталап айтуы мүмкін.

Аутизмді бір ғана белгімен анықтау мүмкін емес. Ол баланың дамуындағы бірнеше ерекшеліктің жиынтығы арқылы байқалады. Сондықтан мұндай балаларды бағалау барысында кешенді қарастыру қажет.

Қазіргі ғылыми зерттеулерге сүйенсек, аутизмнің пайда болу себептері толық анықталмағанымен, оның қалыптасуына генетикалық, неврологиялық және биологиялық факторлардың ықпалы болуы мүмкін. Сол себепті аутизмді тәрбиенің жеткіліксіздігінен немесе ата-ананың дұрыс қарамауынан болды деп түсіндіру дұрыс емес.

*3.2 Аутизмнің негізгі белгілері.*Аутизм белгілері көбіне баланың алғашқы үш жасына дейін байқалады. Дегенмен кейбір ерекшеліктер одан да ерте кезеңде көрінуі мүмкін. Ерте жастағы белгілерді уақытында байқау баланың дамуына қажетті көмекті дер кезінде бастауға мүмкіндік береді.

Аутизм спектрінің бұзылысына тән белгілердің қатарына мыналар жатады:

- өз есіміне бірден жауап бермеу;
- көзбен байланыс орнатудың әлсіздігі;
- әлеуметтік қарым-қатынасқа қызығушылықтың төмен болуы;
- сөйлеу тілінің кеш дамуы немесе мүлде қалыптаспау;
- сөздерді, дыбыстарды немесе әрекеттерді қайталау;
- бірсарынды қимылдардың жиі болуы;
- күн тәртібінің өзгеруіне мазасыздық таныту;
- белгілі бір затқа немесе әрекетке шектен тыс қызығушылық;
- дыбысқа, жарыққа, жанасуға, иіске ерекше реакция білдіру.

Әр балада бұл белгілердің көріну деңгейі әртүрлі болады. Кейбір балаларда әлеуметтік байланыс әлсіз болса, кейбірінде сөйлеу тілі көбірек зардап шегуі мүмкін. Сондықтан аутизм белгілерін байқаған жағдайда міндетті түрде арнайы мамандардың кеңесіне жүгіну қажет. Кейде ата-аналар баланың сөйлеуінің кешігуін немесе қарым-қатынасқа аз түсуін “мінезі тұйық”, “әлі кішкентай” деп қабылдап, уақыт өткізіп алады. Алайда мұндай белгілерге ерте көңіл бөлу – болашақта баланың дамуына жасалатын үлкен мүмкіндік.

*3.3 Аутизмді ерте анықтаудың маңызы.*Аутизмді ерте анықтау – баланың болашақтағы дамуына тікелей әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі. Ерте жаста бала миының икемділігі жоғары болады, яғни жаңа ақпаратты қабылдау, дағдыларды меңгеру және түзету жұмыстарына бейімделу қабілеті жақсы сақталады. Осыған байланысты ерте кезеңде көрсетілген көмек нәтижелі болады.

Егер баладағы аутизм белгілері ерте байқалса, оған қажетті психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдауды уақытында бастауға болады. Бұл баланың сөйлеуін, қарым-қатынас жасау қабілетін, танымдық белсенділігін және өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға оң әсер етеді. Ерте анықтаудың тағы бір артықшылығы – ата-ананың баласының ерекшелігін уақытында түсінуі. Бұл оларды баламен дұрыс жұмыс жасауға, мамандармен байланыс орнатуға және үй жағдайында баланың дамуын қолдауға үйретеді. Егер ата-ана баланың дамуындағы өзгешелікті ерте қабылдаса, ол көмек көрсету жолдарын да тезірек іздей бастайды.

Сонымен қатар ерте диагностика баланы кейінгі білім беру ортасына дайындауға да ықпал етеді. Баланың мектепке дейінгі дайындық деңгейін көтеру, мінез-құлқын реттеу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту – болашақта оның ортаға бейімделуін жеңілдетеді.

3.4 Ерте түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі. Аутизмді ерте анықтаудың басты мақсаты – балаға дер кезінде көмек көрсету. Ерте басталған түзету-дамыту жұмыстары баланың дамуында оң өзгерістер қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар жүйелі, бірізді және баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілгенде ғана нәтижелі болады.

Түзету-дамыту жұмыстары барысында балада:

- қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады;
- сөйлеу белсенділігі артады;
- қарапайым нұсқауларды түсіну қабілеті дамиды;
- танымдық әрекетке қызығушылық пайда болады;
- мінез-құлықтағы қиындықтар біртіндеп азаяды;
- өзін-өзі күту және күнделікті өмір дағдылары жетіледі.

Ерте жаста жүргізілетін түзету жұмыстары көбіне ойын әрекеті, көрнекілік, қайталау, құрылымдалған тапсырмалар және баланың қызығушылығына негізделген әдістер арқылы жүзеге асады. Аутизмі бар балалар үшін жүйелілік пен тұрақтылық аса маңызды, сондықтан сабақтың бірізді болуы олардың жаңа дағдыларды меңгеруіне көмектеседі. Бұл кезеңде дефектолог, логопед, психолог және тәрбиеші мамандарының жұмысы маңызды рөл атқарады. Әр маман өз бағыты бойынша баланың дамуындағы белгілі бір қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Егер бұл жұмыс ата-ананың қолдауымен қатар жүрсе, оның тиімділігі одан әрі артады.

3.5 Ата-ана мен мамандардың рөлі. Аутизмі бар балалармен жұмыс жасауда ата-ана мен мамандардың өзара байланысы өте маңызды. Баланың алғашқы ерекшеліктерін ең алдымен ата-ана байқайды. Сондықтан олардың байқампаздығы, жауапкершілігі және уақытылы әрекет етуі ерте анықтау үдерісінде үлкен рөл атқарады.

Ата-ана тек бақылаушы ғана емес, баланың дамуына тікелей ықпал ететін негізгі тұлға болып табылады. Үй жағдайында баламен күнделікті жұмыс жасау, маман ұсынған жаттығуларды қайталау, қарым-қатынасқа түсуге ынталандыру – баланың жетістігін арттыратын маңызды факторлар. Ал мамандар баланың даму деңгейін бағалап, оған сәйкес түзету бағытын анықтайды. Мысалы:

- логопед – сөйлеу тілін дамытуға;
- дефектолог – танымдық және оқу дағдыларын қалыптастыруға;
- психолог – эмоциялық жағдайы мен мінез-құлқын реттеуге;
- тәрбиеші мен педагог – әлеуметтік ортаға бейімдеуге көмектеседі.

Егер ата-ана мен мамандар бір бағытта, бір мақсатта жұмыс жасаса, баланың дамуындағы оң нәтижелер тезірек байқалады. Сондықтан аутизмі бар балалармен жұмыста серіктестік, жүйелілік және шыдамдылық маңызды орын алады.

Қорыта айтқанда, аутизм спектрінің бұзылысы – баланың сөйлеуіне, қарым-қатынасына, мінез-құлқына және әлеуметтік дамуына әсер ететін күрделі даму ерекшелігі. Оның белгілерін ерте кезеңде анықтау – баланың болашақ дамуы үшін өте маңызды.

Ерте диагностика мен уақытылы көрсетілген түзету-дамыту көмегі баланың сөйлеу, қарым-қатынас, танымдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар ерте жаста басталған жұмыс баланың ортаға бейімделуін жеңілдетіп, оның болашақта білім алуы мен қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Сондықтан аутизм белгілеріне бейжай қарамай, оларды дер кезінде байқау, арнайы мамандар көмегіне жүгіну және балаға үздіксіз қолдау көрсету – қазіргі қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі. Ерте көмек – ерекше баланың болашағына жасалған ең құнды қолдау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
3. Выготский Л.С. Основы дефектологии. – М.: Просвещение, 2015.
4. Лебединская К.С. Нарушения психического развития у детей. – М., 2018.
5. Никольская О.С. Аутизм: коррекционная работа и развитие ребенка. – М., 2017.
6. Мамайчук И.И. Помощь детям с аутизмом. – СПб., 2019.
7. Баенская Е.Р. Дети с аутизмом: особенности развития и психологическая помощь. – М., 2016.
8. Жукова Н.С. Развитие речи у детей с особыми образовательными потребностями. – М., 2020.
9. Певзнер М.С. Дети с отклонениями в развитии. – М., 2014.
10. Арнайы педагогика және арнайы психология бойынша оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар.

УДК 376.37

Развитие фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР 1-2 уровня посредством игровых упражнений.

Снегирева Д.Н., студентка 4 курса ОП 6В01901 - Дефектология
Восточно-Казахстанский универститет имени с.Аманжолова г.Усть-Каменогорск, Казахстан.
e-mail: daryasnegireva0220@gmail.com

В последние годы наблюдается устойчивая тенденция к увеличению числа детей с речевыми нарушениями, к которым относится и общее

недоразвитие речи (далее ОНР). Данное нарушение характеризуется несформированностью всех компонентов речевой системы, включая фонетико-фонематическую сторону речи, что затрудняет полноценное овладение родным языком и последующее обучение чтению и письму. ОНР может отмечаться при нарушениях фонационного (внешнего) оформления высказывания (ринолалии и дизартрии), когда выявляется не только нарушение фонетической стороны речи, но и недостаточность фонематического восприятия и лексико-грамматической стороны речи.Данное работа посвящена исследованию прогресса при работе с детьми младшего дошкольного возраста по развитию фонематического восприятия.

Фонематическое восприятие представляет собой наиболее элементарный уровень распознавания речевых высказываний. Под этим подразумевается способность к дифференциации и категориальной идентификации всех фонем родного языка. Д.Б. Эльконин фонематическое восприятие определяет как «слышание отдельных звуков в слове и умение производить анализ звуковой формы слов при внутреннем их проговаривании».

Проблема развития фонематического восприятия как и фонематического слуха в целом является одной из центральных в логопедии, поскольку несформированность фонематических процессов в раннем возрасте приводит к нарушениям звукопроизношения, затрудняет процесс обучения чтению и письму и снижению речевой активности.

Целью нашего исследования является теоретическое обоснование и экспериментальная проверка эффективности использования на занятиях игровых методов для развития фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР.

Объект исследования- процесс развития фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР 1-2 уровня.

Предмет- методы и приёмы развития фонематического восприятия у детей 3-4 лет с ОНР.

Гипотеза- развитие фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР будет более эффективным, если использовать систематические игровые упражнения на различение неречевых и речевых звуков с включением цифровых и ИИ-технологий.

Для проведения исследования нами была выбрана средняя группа детского сада для детей с речевыми нарушениями, а именно дети младшего дошкольного возраста (3-4х лет) с ОНР 1-2 уровней в количестве 13 человек (экспериментальная группа-6 детей, контрольная группа - 7 детей). С детьми контрольной группы целенаправленная коррекционно-развивающая работа по развитию фонематического восприятия не проводилась, дети посещали стандартные занятия.

Эксперимент проходил в течение 13 недель и включал три этапа: констатирующий (предварительная диагностика), формирующий (коррекционная работа), контрольный (повторная диагностика). Для диагностики использовалась разработанная карта обследования, включающая задания на:

1. различение неречевых звуков;
2. восприятие звукокомплексов по мелодике (высоте, силе, тембру);
3. Дифференциация сходных по звучанию слов;
4. Различение слогов;
5. Различение звуков.

Оценивание проводилось по трехуровневой шкале (низкий, средний, высокий уровень). И на начальном этапе у большинства детей обеих групп наблюдался низкий уровень фонематического восприятия *(таблица 1).*

Таблица 1 - Результаты констатирующего этапа.

Группа	Низкий уровень	Средний уровень	Высокий уровень
Эксперементальная (6)	4 (67%)	2(33%)	0(0%0
Контрольная (7)	5(71%)	2(33%)	0(0%)

План работы также сформирован с опорой на вышеуказанные пункты. В течение 13 недель было проведено 26 занятий, длительностью 15-20 минут, на которых с детьми проводилась коррекционно-развивающая работа по следующей структуре (таблица 2):

Таблица 2 - Структура работы по развитию фонематического восприятия

Сроки	Область	Примеры упражнений
1-2 неделя	Развитие навыка узнавания неречевых звуков	1. Кто звучит? Что звучит? Где звучит? (запись звуков природы, музыкальные инструменты. Взрослый включает звуки природы, сначала ребёнок запоминает, что как звучит, а затем звуки повторяются, но ребёнок уже самостоятельно показывает на экране, какой звук он слышал.) 2. Скажи, что ты слышишь? (вода, песок. Взрослый за ширмой выполняет различные действия с предметами (переливает воду, пересыпает песок, звенит велосипедным звонком). Ребенок должен определить действие и назвать его.) 3. Хлопаем и топаем. (повтори за куклой на слух.Взрослый показывает куклу, называет ее имя, просит представиться ребенка. Предлагает поиграть с ней. (Выполнить действия в соответствии с текстом: Мы хлопаем руками – хлоп, хлоп, хлоп. Мы топаем ногами – топ, топ, топ. Мы чмокаем губами (почмокать три раза). Мы носиком сопим (посопеть три раза). Затем предлагает ребенку закрыть глаза и угадать, что делает кукла. Взрослый выполняет действия, спрашивает, что делала Маша и просит повторить её действие.

3-4 неделя	Восприятие звукокомплексов по мелодике	1. Угадай, что нужно делать (Взрослый сидит около стола, на котором лежат игрушки. Ребенок находится на расстоянии 2 – 3 метров от него. Объясняет ему: «Я буду говорить шепотом, поэтому сидеть надо тихо, чтобы было слышно. Будь внимательней!» Затем говорит: -*Возьми мишку и посади в машину.* -*Возьми мишку из машины.* -*Посади в машину куклу.* -*Покатай куклу.* Ребенок должен услышать, понять и выполнить эти поручения. Задания нужно давать краткие и простые, а произносить их тихо, но очень четко.) 2. Дирижеры (Педагог произносит серии звуков, слогов и фразы с понижением основного тона. Дети при повторном их воспроизведении педагогом дирижируют палочкой, изображая движение мелодики вниз.) 3. Лесенка (Педагог произносит фразы, а дети переставляют фишку или оставляют на той же ступеньке (в зависимости от повышения или понижения мелодики).)
5-6 неделя	Различение речевых звуков	1. Какой звук заблудился? (произносятся гласные звуки и один согласный, дети должны определить, какой звук лишний) 2. Свистит-шипит (Педагог кладет перед собой картинки и говорит: «Я вам буду показывать картинки и называть их. Вы произносите тот звук, которому соответствует предмет, изображенный на картинке». Например, педагог показывает детям свисток. Дети должны произнести с-с-с. Насос: с-с-с... Гусь: ш-ш-ш... и т.д.) 3. Покажи рукой (Логопед произносит слова, с дифференцируемыми звуками, дети показывают сигнал движением руки. Например «Ш»- движение рукой «ползет уж», «Ж»- движение пальцев «бежит жук».
7-8 неделя	Различение слогов	1. Эхо (взрослый предлагает ребенку: «Я буду произносить звуки, а ты повторяй их, как эхо. Если я буду произносить громко, то ты тоже повторяй громко, если тихо – ты тоже тихо». Взрослый четко произносит за ширмой: ау, уа, ио, ои, уи, иу . Ребенок повторяет. Эту игру можно использовать как упражнение для развития речевого дыхания, постепенно увеличивая количество звуков, произносимых на одном выдохе (до 3-4). 2. Онлайн-игры в LoqikLike. 3. Повтори и назови лишний слог.
9-10 неделя	Дифференциация сходных по звучанию слов.	1. Гонки слонов (взрослый предлагает ребенку «превратить руки в слона» и предлагает слону погулять, но предупреждает, что он должен замереть, услышав слово «стоп». Взрослый произносит слова: слон, слон, стоп, слон, стоп, слон, слон, слон) 2. Самый внимательный (если ребенок услышит правильное название того, что изображено на картинке, он должен поднять зеленый кружок, если неправильное-красный. Баман, паман, банан, банам, ваван, даван, баван ,ванан.

		Айбом, аньбом, альбом, авьбом, авьбом, альпом. Митанины, фитамины, витанимы, витамины, виталимы. Клетта, тлетка, квекта, тлекта, клетка, кветка. Мафина, нашина, фафына, машина, маныша. Скалалка, скакалка, калалка, скалатка, ласкатка.) 3. Собери квадрат (необходимо заполнить квадрат карточками, на которых изображены слова, сходные по звучанию.Ком - дом - лом - сом, бак - рак - лак - мак, сук - лук - жук - бук, платок - листок - замок - носок, горка - норка - корка - шторка.)
11-13	Закрепление изученного материала, повторная диагностика.	

По завершению процесса работы нами была проведена повторная диагностика. Проведённая коррекционно-развивающая работа с экспериментальной группой показала высокую эффективность (рисунок 1). Которую также отметили и родители, так как речь детей стала более грамотной и активной. Наиболее значимые результаты отмечены в развитии навыка узнавания неречевых звуков, восприятия звукокомплексов по мелодике и различение речевых звуков. В контрольной группе также наблюдаеся положительная динамика (около 40%), однако она значительно ниже, чем в экспериментальной.



Рисунок 1- Динамика уровня развития фонематического восприятия.

Анализ результатов позволяет выявить положительную динамику развития фонематического восприятия у детей обеих групп, при этом степень изменений существенно отличается. До начала эксперимента в экспериментальной группе преобладал низкий уровень развития фонематического восприятия- 67% детей, после проведения коррекционно-развивающей работы данный показатель снизился до 17%, а высокий уровень развития сформировался у 33% детей. Таким образом можно говорить о качественном скачке в развитии фонематического восприятия детей, что особенно важно, так как он отсутствовал на констатирующем этапе. В контрольной же группе низкий уровень развития с 71% процента уменьшился

до 29%, а высокий уровень появился у 14% детей. Полученные данные говорят о положительной динамике,обусловленной естественным возрастным развитием и влиянием образовательной среды ребёнка.

Фонематическое восприятие представляет собой длительный и последовательный процесс, формирующийся с ранних этапов онтогенеза и в норме достигающий достаточного уровня развития к четырём годам. Оно обеспечивает способность ребёнка к дифференциации фонематических признаков речи и выступает основой для полноценного овладения звуковой стороной языка.

В ходе проведённого исследования была достигнута поставленная цель — теоретически обоснована и экспериментально проверена эффективность использования игровых методов развития фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР. Анализ психолого-педагогической литературы позволил уточнить особенности формирования фонематических процессов у данной категории детей и определить основные направления коррекционной работы.

Решение поставленных задач включало проведение диагностики уровня развития фонематического слуха, разработку и апробацию коррекционной программы, а также оценку её эффективности. Результаты констатирующего этапа показали недостаточный уровень сформированности фонематического восприятия у большинства детей, что подтвердило необходимость целенаправленного педагогического воздействия.

В ходе формирующего эксперимента была реализована программа, основанная на систематическом использовании игровых упражнений на различение неречевых и речевых звуков с включением цифровых и интеллектуальных технологий. Контрольный этап исследования выявил положительную динамику в обеих группах, однако в экспериментальной группе изменения носили более выраженный характер.

Полученные результаты подтверждают выдвинутую гипотезу о том, что развитие фонематического восприятия у детей младшего дошкольного возраста с ОНР будет более эффективным при условии систематического применения игровых методов, направленных на дифференциацию звуков, с использованием современных цифровых средств. Наиболее значимые результаты отмечены в развитии навыка узнавания неречевых звуков, восприятия звукокомплексов по мелодике и различение речевых звуков.

Таким образом, результаты исследования свидетельствуют о эффективности предложенных методов и приёмов и подтверждают целесообразность их использования в практике логопедической работы с детьми младшего дошкольного возраста с ОНР. Практическая значимость работы заключается в возможности применения разработанной программы в условиях дошкольных образовательных организаций.

Список использованной литературы

1. Бельтюков В. И. Об усвоении детьми звуков речи / В. И. Бельтюков. – М.:Просвещение, 1994. – 91 с.
2. Лалаева Р.И. Серебрякова Н.В. Формирование лексики и грамматического строя у дошкольников с общим недоразвитием речи.-СПБ.:Союз, 2001.-221с.
3. Ткаченко Т.А. Развитие фонематического слуха у дошкольников.-Ростов н/д: Феникс, 2023.-55с.
4. ФиличеваТ.Б., ТумановаТ.В. - Логопедия. Теория и практика-М., 2024.-367с.

УДК376.1

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИЗУАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С РАС

Советова Г., учитель-дефектолог
КГУ «Центр (autism-центр) поддержки детей с аутизмом (расстройством аутистического спектра) «Асыл Мирас» управления образования Восточно-Казахстанской области,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

2. Загидуллина М.В. Медиатекст в новой технологической среде: цифровая трансформация коммуникации // Вестник Московского университета.- Серия 10. Журналистика. -2024. -№ 3. -С. 14–28.

3. Бутакова Л.О., Вязигина С.Ю. Языковые особенности современной виртуальной самопрезентации в социальных сетях (на примере «продающих» страниц ВКонтакте) [Электронный ресурс] // Слово. Текст. Контекст. -2024. -№ 4 (20). -С. 57–67. DOI: 10.69571/PBSSPU.2024.20.4.005

ӘОЖ 159.923

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ

Дидарханова Д.Е., 6В03101 – Психология ББ 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Оспанова Д. Б., магистр
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ,
Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: dilnazdidarhanova@gmail.com

Қазіргі заман – ақпараттық қоғам дәуірі. Бұл кезеңде адамның табысты болуы тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен қатар оның қарым-қатынас жасау және өз әрекетін тиімді ұйымдастыра алу қабілеттерімен анықталады. Әсіресе жастар үшін бұл қабілеттердің маңызы ерекше, себебі олар қоғамның болашақ интеллектуалдық және кәсіби әлеуетін құрайды.

Қазіргі жастардың өмір сүру кеңістігі бұрынғы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген. Цифрлық технологиялардың дамуы, интернеттің қолжетімділігі, әлеуметтік желілердің кең таралуы олардың қарым-қатынас жасау тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Бұрын адамдар арасындағы қарым-қатынас негізінен тікелей байланыс арқылы жүзеге асса, қазіргі уақытта онлайн коммуникация басымдыққа ие болды.

Осы өзгерістер жастардың коммуникативті қабілеттерінің жаңа түрлерін қалыптастырды. Олар ақпаратты жылдам қабылдайды, қысқа әрі нақты жеткізе алады, бірнеше коммуникациялық арнаны қатар қолдана алады. Сонымен қатар, жастардың ұйымдастырушылық қабілеттері де жаңа деңгейге көтерілді. Олар түрлі жобаларды ұйымдастыруға, командамен жұмыс істеуге және жаңа идеяларды жүзеге асыруға бейім. Дегенмен, бұл үдерістердің жағымды жақтарымен қатар, бірқатар мәселелер де бар. Атап айтқанда, тікелей қарым-қатынас дағдыларының әлсіреуі, эмоциялық интеллектінің жеткіліксіз дамуы, уақытты басқару дағдыларының төмендігі байқалады. Осыған байланысты қазіргі жастардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін терең зерттеу және оларды дамыту жолдарын анықтау өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін кешенді ғылыми әдістер қолданылды. Олар:

Теориялық талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылып, коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттердің ғылыми негіздері анықталды. Әсіресе, әлеуметтік психология, педагогика және тұлға психологиясы саласындағы зерттеулерге ерекше назар аударылды.

Салыстырмалы талдау әдісі. Қазіргі жастардың қабілеттері бұрынғы буын өкілдерінің қабілеттерімен салыстырылып, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды. Бұл әдіс жастардың дамуындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың рөлін түсінуге мүмкіндік берді.

Жүйелеу және жалпылау әдістері. Әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар біріктіріліп, логикалық жүйеге келтірілді. Бұл зерттеу нәтижелерін нақты әрі түсінікті түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

Сауалнама әдісі. Зерттеудің практикалық бөлігінде 30 жас (18–25 жас) қатысқан сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта ұйымдастырылып, жастардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалауға бағытталды.

Сауалнама сұрақтары бірнеше бағытты қамтыды:

- қарым-қатынас формалары (онлайн/офлайн);
- топтық жұмыс тәжірибесі;
- көшбасшылық деңгейі;
- уақытты басқару дағдылары;
- өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті.

Алынған мәліметтер сандық және сапалық тұрғыда талданып, пайыздық көрсеткіштер арқылы өңделді.

Нәтижелер және талқылау

1. Коммуникативті қабілеттердің қазіргі жағдайы

Зерттеу нәтижелері қазіргі жастардың коммуникативті қабілеттері орташа деңгейде дамығанын көрсетті. Әсіресе цифрлық коммуникация саласында олардың белсенділігі ерекше байқалады.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес:

- 60% жастар орташа деңгейді көрсетті;
- 23% төмен деңгейге ие болды;
- тек 17% жоғары деңгеймен басым көрінді.

Бұл көрсеткіштер қазіргі жастардың коммуникациясының одан әрі зерттеуге серпін берді. Неге университет қабырғасында оқып жүрген студенттердің қарым - қатынасқа мотивациясы жоқ деген сұрақ туындады. Соның негізінде тағы бір сауалнама жүргізілді. Мақсат - жастарда ауызша коммуникацияға қажеттілік деңгейін анықтау. Нәтижесінде әлі де болса да бетпе-бет сөйлесуді мақұлдайдынын айқын көрсетті.

Алайда, зерттеу барысында бірқатар мәселелер де анықталды:

- 48% жастар тікелей сөйлесу кезінде сенімсіздік сезінеді;
- 35% өз ойын толық жеткізуде қиындықтарға тап болады;
- 40% тыңдай білу дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетті.

Бұл көрсеткіштер цифрлық коммуникацияның артуы дәстүрлі қарым-қатынас дағдыларының әлсіреуіне әсер еткенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері жастардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің белгілі бір деңгейде қалыптасқанын көрсетті.

Сауалнама бойынша:

- 65% жастар топтық жобаларға қатысқан;
- 30% ұйымдастырушы немесе көшбасшы рөлін атқарған;
- 50% өз уақытын тиімді жоспарлай алмайтынын көрсеткен.

Бұл нәтижелер жастардың белсенділігі жоғары болғанымен, ұйымдастырушылық қабілеттердің толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Қазіргі жастар қысқа мерзімді тапсырмаларды орындауда тиімді, алайда ұзақ мерзімді жоспарлау мен жүйелі жұмыс жүргізуде қиындықтарға тап болады. Бұл жағдай олардың тәжірибесінің аздығымен және мақсат қою дағдыларының жеткіліксіз дамуымен түсіндіріледі.

Жастардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасуына бірнеше негізгі фактор әсер етеді:қазіргі білім беру жүйесінде интерактивті әдістердің қолданылуы оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың қарым-қатынас және ұйымдастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.Әлеуметтік орта отбасы, достар және қоғам тұлғаның алғашқы коммуникативті тәжірибесін қалыптастырады. Цифрлық технологияларолар коммуникацияның жаңа формаларын қалыптастырып, ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Қоғамдық белсенділік волонтерлік қызмет, жастар ұйымдары, түрлі жобалар жастардың тәжірибесін арттырады.

Жастардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін келесі бағыттарды ұсынуға болады:

- білім беру процесінде практикалық тапсырмаларды көбейту;
- дебат, тренинг, пікірталас әдістерін қолдану;
- топтық және жобалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру;
- көшбасшылық дағдыларды дамыту бағдарламаларын енгізу;
- уақытты басқару және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру.

Зерттеу нәтижелері қазіргі жастардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары деңгейде дамып келе жатқанын көрсетті. Алайда, бұл қабілеттердің кейбір аспектілері, әсіресе тікелей қарым-қатынас және уақытты басқару дағдылары, қосымша дамытуды қажет етеді. Қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін жастардың тек білімін ғана емес, олардың коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерін де дамыту маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2012.
2. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М., 2005.
3. Андреева Г.М. Социальная психология. – М., 2001.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М., 2008.
5. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2010.
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб, 2002.

ӘОЖ 159.923.2

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӘСЕРІНЕН ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНАҒА ДЕГЕНСЕНІМНІҢ ТӨМЕНДЕУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Ерланқызы Р., магистрант
Ғылыми жетекші: Ладзина Наталья Алексеевна, пс.ғ. д., профессор
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ. Қазақстан
e-mail:rabiko_2000@mail.ru

Әлеуметтік желілердегі дезинформация және медициналық сенімнің төмендеуі

«Perceived Health Misinformation on Social Media and Public Trust in Healthcare»зерттеуінде әлеуметтік желілерде таралатын медициналық дезинформацияны қабылдаудың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенім деңгейіне әсері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық ортадағы жалған ақпараттың көлемін адамдардың субъективті бағалауы медициналық институттарға деген сенімді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Яғни, дезинформация кең таралған деп қабылдау деңгейі жоғары болған сайын, денсаулық сақтау жүйесіне деген сенім төмендейді (OR = 1,66; 95% сенімділік аралығы: 1,11–2,48).Сонымен қатар, нәтижелер әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Сенім деңгейінің төмен болуы көбінесе этникалық азшылық өкілдерінде, табысы мен білімі төмен адамдарда, сондай-ақ әлеуметтік байланыстары әлсіз тұлғаларда жиі кездеседі. Бұл топтар ақпараттық белгісіздік жағдайында дезинформацияға және сенімсіздік қалыптастыруға көбірек бейім болуы мүмкін.Денсаулық сақтау жүйесімен, жеке тәжірибе де маңызды фактор болып табылады. Әсіресе жағымсыз тәжірибе, соның ішінде дискриминацияны сезіну, сенім деңгейін айтарлықтай төмендетеді. Мысалы, дискриминацияға ұшырамаған респонденттер арасында төмен сенім ықтималдығы 11% (95% сенімділік аралығы: 9–13) болса, мұндай тәжірибесі бар адамдарда бұл көрсеткіш 33%-ға (95% сенімділік аралығы: 20–45) дейін артады.[1]

Әлеуметтік психология тұрғысынан бұл құбылыстар когнитивтік және әлеуметтік тәжірибелік факторлардың өзара әсері арқылы түсіндіріледі.Дезинформацияны қабылдау медициналық жүйеге деген күмәнді күшейтсе, жағымсыз жеке тәжірибе бұл сенімсіздікті нығайтып, тұрақты сыни көзқарастың қалыптасуына алып келеді.[2]

Цифрлық орта және ақпарат таралуының әлеуметтік-психологиялық механизмдері

«Systematic Literature Review on the Spread of Health-related Misinformation on Social Media»зерттеуінде әлеуметтік желілерде медициналық жалған ақпараттың таралуы дәлелді медицинаға деген сенімге қалай әсер ететіні қарастырылады.

Әлеуметтік желілерде медициналық дезинформация кең таралған және көп жағдайда шынайы ғылыми ақпараттан да танымал болуы мүмкін. Мұның себебі - сенсациялық, эмоцияға әсер ететін және түсінікті тілде жазылған ақпараттар оңай қабылданады, әрі күрделі ғылыми деректерге қарағанда тез таралады. Пайдаланушылардың назарын аудару бәсекесінде мұндай ақпараттар артықшылыққа ие болып, дәлелді ақпаратты ығыстырады. Бұл үдерістер ақпарат көздерінің құрылымының өзгеруімен де күшейеді. Бұрын медициналық сарапшылар мен ресми институттар негізгі рөл атқарса, қазіргі әлеуметтік желілерде ақпаратты таратушылар көбінесе қарапайым пайдаланушылар болып отыр. Ғылыми тексеру жүйесінен тыс таралатын ақпарат салдарынан сараптамалық білімнің ықпалы әлсіреп, дәлелді медицинаға деген сенім төмендейді.

Сонымен қатар, сенім қалыптастыру тетіктері де өзгерген. Эксперт пен бейкәсіби тұлға арасындағы шекара анық емес жағдайда адамдар ғылыми

беделден гөрі достар, туыстар, таныстар және онлайн қауымдастықтар сияқты субъективті маңызды дереккөздерге көбірек сүйенеді. Бұл медициналық институттарға деген сенімді әлсіретіп, ғылыми емес ақпарат арналарының ықпалын күшейтеді. [3]

Когнитивтік және эмоциялық деңгейде дезинформацияның таралуы - қорқыныш, алаңдаушылық және бұрынғы нанымдарды растауға бейімділік арқылы қолдау табады. Бұл ақпаратты іріктеп қабылдауды күшейтіп, ғылыми негізделген медициналық деректерге сенбеу ұстанымдарын бекітеді. [2][4]

Уақыт өте келе бұл үдеріс онлайн қауымдастықтар ішінде орнығып, балама, соның ішінде конспирологиялық және антимедициналық көзқарастардың қалыптасуына әкеледі. Топ ішіндегі өзара әрекет ортақ пікірлерді күшейтіп, топтық сәйкестікті нығайтады, бұл өз кезегінде вакцинаға қарсы қозғалыстар сияқты тұрақты антиғылыми бағыттардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. [3]

Әлеуметтік байланыстар, сенім және дезинформацияны қабылдау

«Trust in doctors, social support, and belief in COVID-19 misinformation» зерттеуінде дәрігерлерге деген сенім мен әлеуметтік байланыстардың медициналық дезинформацияны қабылдауға қалай әсер ететіні қарастырылады. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік қолдау мен медициналық мамандарға деген сенім, кей жағдайларда жалған ақпаратқа бейімділікті азайтатынын, ал белгілі бір жағдайларда керісінше күшейтуі де мүмкін екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, отбасы, достар және кең әлеуметтік желілер тарапынан көрсетілетін қолдау дезинформацияға осалдықты төмендетуге ықпал етеді. Алайда бұл әсер әлеуметтік байланыстардың құрылымына және топ ішінде басым болатын нормаларға тәуелді. [5]

Әлеуметтік психология тұрғысынан алғанда, әлеуметтік байланыстар әрдайым қорғаныш факторы бола бермейді. Кей жағдайларда олар ақпаратты сүзгіден өткізіп, ғылыми негізделген көзқарастарды қолдаса, басқа жағдайларда жалған сенімдердің таралуына және бекітілуіне ықпал ететін арнаға айналады.Бұл әсіресе медициналық институттарға сенімсіздік пен конспирологиялық көзқарастар кең таралған ортада айқын байқалады, мұндай жағдайда тіпті кең әлеуметтік желілер де дезинформацияны күшейтуі мүмкін. [2][6]

Негізгі факторлардың бірі - әлеуметтік капиталдың бір түрі деп саналатын дәрігерлерге деген сенім. Медициналық мамандарға жоғары сенім дезинформацияны қабылдау ықтималдығын төмендетіп, ғылыми дәлелдерге негізделген ақпаратқа сүйенуді күшейтеді. Керісінше, бұл сенімнің төмен болуы балама және ғылыми негізі әлсіз ақпарат көздеріне тәуелділікті арттырады.Сонымен қатар, тарихи және мәдени ерекшеліктер де медициналық институттарға деген сенім деңгейін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Дәлелді медицинаға ұзақ уақыт бойы сенімсіздік сақталған топтарда, әлеуметтік желілер, дезинформацияның қайта таралу және күшею ортасына айналуы мүмкін, тіпті әлеуметтік қолдау жоғары болған жағдайдың өзінде де. [5]

Дезинформацияның психологиялық әсері және сенімнің қалыптасуы

«Inpact of Exposure to Health Misinformation on Belief in Health Misinformation: A Meta-Analysis of RCTs»метаанализінде медициналық дезинформацияға ұшыраудың адамдардың сенімдері мен көзқарастарының қалыптасуына қалай әсер ететіні қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша, тіпті қысқа уақыттық әсердің өзі адамдардың жалған немесе жаңсақ медициналық түсініктерді қабылдауына әкелуі мүмкін екені анықталған. Жалпы алғанда, дезинформацияның әсері статистикалық тұрғыдан маңызды, бірақ салыстырмалы түрде шағын болып келеді. Дегенмен оның күші хабарламаның ерекшеліктеріне байланысты өзгереді: көлемі үлкен әрі дәлелдері көп мәтіндер адамдардың сеніміне қысқа әрі қарапайым мәтіндерге қарағанда көбірек әсер етеді. [7]

Психологиялық тұрғыдан бұл құбылыс ұзақ және егжей-тегжейлі жазылған мәтіндер, сенімдірек және негіздірек болып көрінуімен түсіндіріледі. Ондай хабарламаларда көп аргумент берілгендіктен, олар ақпараттың терең талданғаны жөнінде иллюзия қалыптастырады. Соның нәтижесінде адамдардың сыни ойлауы әлсіреп, ақпаратты қабылдау жеңілдей түседі. [4]

Сондай-ақ, конспирологиялық нарративтердің әсері ерекше болып табылады. Олар күрделі құбылыстарды қарапайым түрде түсіндіріп, бақылау сезімін күшейтеді және адамның әлеуметтік сәйкестігіне әсер етеді. Осы себепті мұндай әңгімелер адамдарға тартымдырақ болып, жалған сенімдердің бекітілуіне ықпал етеді. [6][8]

Медициналық мамандар және цифрлық ортадағы сенімдер

«Социальные сети как инструмент общения врача и пациента: анализ рисков, клинические результаты и регуляторные барьеры» зерттеуінде әлеуметтік желілердегі медициналық мамандардың мінез-құлқының денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімге әсері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша, әлеуметтік желілердегі кәсіби этика талаптары (е-профессионализм) мен дәрігерлердің нақты тәжірибесі арасында елеулі алшақтық бар екенін көрсетеді. Эмпирикалық деректер медициналық мамандардың әлеуметтік платформаларды қолдануға жеткілікті деңгейде дайын еместігін айғақтайды. Көптеген дәрігерлер оқу кезеңінде де, кейінгі кәсіби қызмет барысында да әлеуметтік желілердегі кәсіби этика бойынша арнайы дайындықтан өтпеген. Бұл цифрлық құзыреттіліктің жүйелі түрде жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылықтың төмен деңгейі анықталған. Ол жеке ақпаратты басқару ережелерін дұрыс түсінбеуден, онлайн-кеңістіктегі жеке қатысуды реттей алмаудан және қауіпсіз емес тәжірибелерді қолданудан көрінеді. Мұндай жағдайлар пациенттердің құпиялылығын бұзуға әкеледі, мысалы: медициналық ақпаратты мессенджерлер арқылы жіберу, деректерді жеке құрылғыларда сақтау немесе медициналық суреттерді рұқсатсыз жариялау.

Әлеуметтік психология тұрғысынан мұндай әрекеттер пациенттердің денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін төмендетуі мүмкін. Кәсіби құзыреттілік пен құпиялылыққа қатысты күтулердің бұзылуы адамдардың сақтығын күшейтіп, балама ақпарат көздерін іздеуге итермелейді, соның ішінде әлеуметтік желілерде де. Сонымен қатар, кейбір дәрігерлердің орынсыз

әрекеттері жағымсыз тәжірибені жалпылау әсеріне әкелуі мүмкін. Бұл кезде жекелеген оқиғалар бүкіл денсаулық сақтау жүйесінің сипаты ретінде қабылданады. [9]

Ақпараттық орта және аудитория ерекшеліктері

«Социально-значимая информация и проблемы доверия казахстанских граждан к СМИ»зерттеуінде Қазақстан азаматтарының бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша, медиаресурстарға деген сенім деңгейі аудиторияның әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына байланысты өзгеріп отыратыны анықталған. Атап айтқанда, әйел адамдар ерлермен салыстырғанда бұқаралық ақпарат құралдарына орта есеппен жоғарырақ сенім білдіреді. Сонымен қатар, жас ұлғайған сайын сенім деңгейінің арту үрдісі байқалады, дегенмен бұл байланыс әлсіз сипатта. Бұдан бөлек, білім деңгейі мен материалдық жағдайы жоғары адамдардың медиаресурстарға деген сенімі де салыстырмалы түрде жоғары екені көрсетілген. Алынған нәтижелер аудиторияның біркелкі еместігін және медиаконтентті қабылдау ерекшеліктерінің әртүрлі болатынын көрсетеді. Бұл халықтың ақпараттық мінез-құлқын талдау кезінде маңызды фактор болып табылады. [10]

Дезинформациямен күресудің шектеулері

«Addressing misleading medical information on social media: a scoping review of current interventions» зерттеуінде әлеуметтік желілердегі медициналық дезинформациямен күресудің қазіргі стратегиялары және олардың тиімділік шектеулері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, араласулардың басым бөлігі (шамамен 74%) білім беру шараларына, медиасауаттылықты арттыруға және жалған ақпараттық материалдар, видеолар мен ескерту хабарламалары арқылы теріске шығаруға бағытталған. Алайда мұндай тәсілдер пайдаланушының ақпаратты өз бетінше сыни тұрғыдан бағалай алу қабілетіне сүйенеді, ал бұл әрдайым адамдардың нақты когнитивтік мүмкіндіктеріне сәйкес келе бермейді. Сондай-ақ, цифрлық ортаның құрылымдық ерекшеліктері, яғни, алгоритмдер арқылы контентті тарату, ақпараттың эмоциялық түрде ұсынылуы және әлеуметтік ықпал ету факторлары, жеткілікті деңгейде ескерілмейді. Бұл араласулардың тиімділігін төмендетеді, себебі пайдаланушылар дезинформациямен тартымды әрі әсерлі формада жиі кездеседі, ал түзетуші ғылыми ақпарат ондай бәсекеге әрдайым төтеп бере алмайды.

Зерттеуде ерекше атап өтілетіні, араласулардың тек шағын бөлігі (шамамен 7,4%) медициналық қызметтерді шамадан тыс қолдану мәселесіне бағытталған. Ал шын мәнінде дезинформация адамдарда денсаулыққа қатысты шамадан тыс алаңдаушылық тудырып, медициналық көмекке артық жүгінуге итермелеуі мүмкін. Бұл қазіргі стратегиялардың қамту ауқымының шектеулі екенін көрсетеді. Сонымен қатар, реттеуші шаралардың көпшілігі медициналық жарнаманың дұрыстығын бақылауға және ақпараттың шынайылығын тексеруге бағытталғанымен, әлеуметтік желілердегі сенімге негізделген байланыстар, инфлюенсерлердің ықпалы және алгоритмдік тарату жүйесі, жиі ескерусіз қалады.Нәтижесінде, ғылыми негізделген ақпарат эмоционалды тартымды және

әлеуметтік тұрғыдан қолдау тапқан хабарламалармен бәсекеге түседі. Бұл пайдаланушылардың дезинформацияға төзімділігін әлсіретіп, дәлелді медицинаға деген сеніміне кері әсер етуі мүмкін. [11]

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер ықпалында дәлелді медицинаға деген сенімнің төмендеуі көпқырлы, кешенді әлеуметтік-психологиялық механизмдермен түсіндіріледі.Бұл үдеріс цифрлық ортаның ерекшеліктерімен, дезинформацияның таралу заңдылықтарымен және адамдардың ақпаратты қабылдауындағы когнитивтік әрі эмоциялық факторлармен тығыз байланысты.Теориялық талдау көрсеткендей, медициналық дезинформация тек ақпараттық құбылыс қана емес, ол адамдардың сенім жүйесіне, денсаулыққа қатысты шешімдеріне және медициналық институттарға деген қатынасына тікелей әсер ететін күрделі психологиялық процесс болып табылады. Бұл үдерісте әлеуметтік желілердің құрылымдық сипаттары, атап айтқанда: ақпараттың жылдам таралуы, алгоритмдік іріктеу және эмоциялық мазмұнның басымдығы ерекше рөл атқарады.Сонымен қатар, дәлелді медицинаға деген сенімнің төмендеуі жеке тәжірибемен, әсіресе денсаулық сақтау жүйесіндегі жағымсыз немесе дискриминациялық жағдайлармен, сондай-ақ әлеуметтік-демографиялық факторлармен тығыз байланысты екені анықталды. Бұл факторлар адамдардың дезинформацияны қабылдауына және ғылыми негізделген ақпаратқа деген сенім деңгейіне елеулі ықпал етеді.Әлеуметтік байланыстар жүйесі мен онлайн қауымдастықтар да маңызды рөл атқарады: сенімге негізделген ортада олар дезинформациядан қорғай алса, керісінше жағдайда оның таралуын күшейтуі мүмкін. Бұған қоса, медициналық мамандардың цифрлық ортадағы мінез-құлқы, кәсіби этикасы және коммуникация стилі жалпы денсаулық сақтау жүйесіне деген қоғамдық сенімнің қалыптасуына тікелей әсер етеді.Осылайша, медициналық дезинформацияға ұшырау тек қысқа мерзімді әсермен шектелмей, адамдардың тұрақты көзқарастары мен мінез-құлқына ықпал етуі мүмкін екендігі анықталды. Бұл үдерісте ақпараттың мазмұнымен қатар оның ұсынылу формасы, аргументация деңгейі және эмоциялық берілу ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты дезинформациямен күресудің тиімділігі үшін тек ақпараттық мазмұнды түзету жеткіліксіз екені айқындалады. Медиасауаттылықты дамыту, ғылыми дереккөздерге деген сенімді арттыру, дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, әлеуметтік теңсіздік пен дискриминациялық тәжірибелерді азайту қажет. Сонымен қатар, цифрлық платформалардың ерекшеліктерін ескеретін білім беру, реттеуші және технологиялық шараларды біріктіретін кешенді стратегияларды әзірлеу маңызды.Адамдардың ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамыту ерекше маңызды, өйткені бұл ақпаратты талдау, оның сенімділігін тексеру және жалған мәліметтерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.Жалпы алғанда, дәлелді медицинаға деген сенімнің төмендеуін жан-жақты түсіну, әлеуметтік психология, денсаулық сақтау және цифрлық коммуникация салаларында тиімді практикалық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Stimpson J. P., Park S., Adhikari E. H., Nelson D. B., Ortega A. N. Perceived health misinformation on social media and public trust in healthcare // Medical Care. – 2025. – Vol. 63, № 9. – P. 686–693. – DOI: 10.1097/MLR.0000000000002180.

2. Aronson E., Wilson T. D., Akert R. M. Social Psychology. – 9th ed. – New York: Pearson, 2018.

3. Wang Y., McKee M., Torbica A., Stuckler D. Systematic literature review on the spread of health-related misinformation on social media // Social Science & Medicine. – 2019. – Vol. 240. – Article 112552. – DOI: 10.1016/j.socscimed.2019.112552.

4. Kahneman D. Thinking, Fast and Slow. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 2011.

5. Horoszko U. A., Smith L., Murphy A., Taylor B. G., Lamuda P. A., Pollack H. A., Schneider J. A., Taxman F. S., Zhao X. Trust in doctors, social support, and belief in COVID-19 misinformation // BMC Public Health. – 2025. – Vol. 25. – Article 2236. – DOI: 10.1186/s12889-025-23470-0.

6. Fiske S. T., Gilbert D. T., Lindzey G. (eds.). The Handbook of Social Psychology. – 5th ed. – Hoboken, NJ: Wiley, 2010.

7. Schmid P., Bauer H. Impact of exposure to health misinformation on belief in health misinformation: A meta-analysis of RCTs // Health Communication. – 2026. – Vol. 41, № 5. – P. 877–887. – DOI: 10.1080/10410236.2025.2536772.

8. Cialdini R. B. Influence: The Psychology of Persuasion. – Revised ed. – New York: HarperCollins, 2006.

9. Шадеркин И. А., Шадеркина В. А. Социальные сети как инструмент общения врача и пациента: анализ рисков, клинические результаты и регуляторные барьеры // Российский журнал телемедицины и электронного здравоохранения. – 2025. – Т. 11, № 2. – С. 34–44. – DOI: 10.29188/2712-9217-2025-11-2-34-44.

10. Шабденова А. Б., Алимбекова Г. Т., Лифанов С. А. Социально-значимая информация и проблемы доверия казахстанских граждан к СМИ // Вестник РУДН. Серия: Социология. – 2022. – Т. 22, № 3. – С. 605–615. – DOI: 10.22363/2313-2272-2022-22-3-605-615.

11. Gram E. G., Moynihan R., Copp T., Shih P., Albarqouni L., Akl E., Smith C., Hardiman L., Nickel B. Addressing misleading medical information on social media: a scoping review of current interventions // BMJ Evidence-Based Medicine. – 2025. – Vol. 30, № 6. – P. 420–433. – DOI: 10.1136/bmjebm-2025-113704.

УДК 304

ЛИЧНЫЕ ИСТОРИИ В ЦИФРОВЫХ МЕДИА КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ И ИНКЛЮЗИВНЫХ УСТАНОВОК

Есимханова Ф. Р., магистрант 2 курса ОП 7М 03101 - Психология
Ладзина Н.А., д. психол. н., профессор
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail:Flyuro4ka_vip@mail.ru

Цифровизация медиапространства привела к усилению роли личных историй как инструмента общественной коммуникации. В отличие от традиционных информационных форматов, персональные нарративы позволяют представить социальные проблемы через призму индивидуального опыта, тем самым снижая дистанцию между аудиторией и уязвимыми группами. В условиях развития социальных сетей такие истории становятся не только объектом потребления, но и триггером активного пользовательского отклика, выраженного в комментариях, реакциях и репостах [1].

Особую значимость приобретает анализ пользовательских комментариев как формы цифрового следа, отражающего эмоциональные и когнитивные реакции аудитории. Именно в них фиксируются процессы интерпретации, сопереживания, идентификации и переосмысления социальных явлений.

Эмпирическую базу исследования составил массив пользовательских комментариев, оставленных под видеопубликацией в казахстанском медиапространстве, в ютуб канале программа «Мамский әңгіме» Айнуры Ильясовой. Выпуск называется: «Я мама особенного ребенка», Таня Турлай, посвящённой личной истории матери, воспитывающей ребёнка с расстройством аутистического спектра. Публикация была выбрана по критериям высокой вовлечённости аудитории, наличия нарративной структуры и социальной значимости темы.

В качестве метода использовался качественно-количественный контент-анализ. Единицей анализа выступал отдельный комментарий. Кодирование проводилось по заранее разработанной категориальной матрице, включающей эмоциональные, когнитивные и поведенческие реакции.

Категории формировались индуктивно на основе предварительного прочтения массива данных. Для повышения достоверности анализа применялся принцип повторного кодирования с интервалом во времени. Процентное распределение рассчитывалось от общего количества комментариев [3].

Результаты исследования

Анализ содержания личной истории показал, что медианарратив строится вокруг опыта материнства в условиях социальной и медицинской неопределённости. История сочетает элементы травматического опыта (сложные роды, постановка диагноза), длительной борьбы (реабилитация, поиск лечения), а также позитивной динамики (адаптация, успехи ребёнка).

Существенным элементом является демонстрация субъектности героини — её активной позиции, усилий и эмоциональной устойчивости.

Нарратив характеризуется высокой степенью эмоциональной насыщенности, конкретностью деталей и универсальностью переживаний, что способствует широкой идентификации аудитории [4].

Реакция пользователей демонстрирует выраженную эмпатийную вовлечённость. Наиболее распространёнными стали комментарии, содержащие поддержку, сочувствие и благодарность.

Таблица 1 - Распределение типов пользовательских реакций

Тип реакции	Количество	%
Эмпатийная (сочувствие, поддержка)	78	65%
Когнитивная (переосмысление)	18	15%
Самораскрытие (личный опыт)	16	13%
Нейтральная / оценочная	5	4%
Критическая	3	3%
Итого	120	100%

Эмпатийные реакции выражаются в эмоциональном отклике, часто сопровождаемом религиозными формулами поддержки, пожеланиями здоровья и признанием силы героини. Когнитивные реакции связаны с переоценкой социальных установок, в том числе признанием сложности жизни семей с особыми детьми и критикой системы здравоохранения.

Отдельную категорию составляют комментарии самораскрытия, в которых пользователи делятся собственными историями. Эти тексты значительно длиннее и содержат подробное описание личного опыта, что свидетельствует о формировании эффекта «разрешённой откровенности».

Таблица 2 - Типология эмпатийных реакций

Подтип эмпатии	Количество	% от эмпатийных
Эмоциональная поддержка	42	54%
Сострадательная эмпатия	21	27%
Идентификация	15	19%

Эмоциональная поддержка выражается через слова одобрения и восхищения. Сострадательная эмпатия включает переживание боли героини. Идентификация проявляется в сопоставлении собственной ситуации с описанной историей [5].

Когнитивные реакции свидетельствуют о более глубоком уровне переработки информации.

Таблица 3 - Типология когнитивных реакций

Подтип реакции	Количество	% от когнитивных
Переосмысление проблемы	9	50%
Критика социальных институтов	6	33%
Осознание социальной сложности	3	17%

Значительная часть комментариев содержит элементы социальной критики, направленной на медицинские учреждения, что указывает на трансформацию индивидуального опыта в общественную проблему.

Особый интерес представляет категория самораскрытия.

Таблица 4 - Характеристики комментариев самораскрытия

Показатель	Значение
Средний объём комментария	высокий
Наличие нарратива	да
Эмоциональная насыщенность	высокая
Упоминание диагноза	часто
Позитивная динамика	присутствует

Такие комментарии выполняют функцию расширения исходного медианарратива, превращая его в коллективную историю.

Таблица 5 - Тематическая структура личных историй в пользовательских комментариях

№	Тематическая категория	Содержание	Частота (%)	Примеры
1	Опыт родов и медицинских ситуаций	Травматичный опыт родов, ошибки врачей, осложнения	18%	«родила на 35 неделе…», «не вызывали врача…»
2	Воспитание ребёнка с особенностями развития	Диагнозы, лечение, реабилитация, повседневные трудности	32%	«сыну поставили аутизм…», «каждый день боремся…»
3	Нарратив преодоления	Истории борьбы, надежды, позитивной динамики	16%	«сейчас учится на гранте…», «диагноз сняли…»
4	Эмоционально-психологический опыт	Депрессия, страх, принятие, внутренние переживания	14%	«я была в отчаянии…», «не могла принять…»
5	Социальный опыт	Отношение общества, стигматизация, поддержка	10%	«в социуме сложно…», «люди не понимают…»
6	Религиозно-экзистенциальные интерпретации	Вера, испытание, смысл страдания	10%	«Алла сынақ береді…», «это испытание…»

Анализ тематической структуры пользовательских комментариев (Таблица 5) показывает, что личные истории в цифровых медиа формируются преимущественно вокруг опыта материнства в ситуации социальной и медицинской уязвимости. Наибольшую долю занимает тематика воспитания ребёнка с особенностями развития (32%), что указывает на доминирование повседневного опыта борьбы, лечения и адаптации. Существенное место занимает также опыт родов и медицинских ситуаций (18%), представленный через травматичные воспоминания и критику системы здравоохранения, что переводит индивидуальный опыт в плоскость социальной проблемы. Нарратив

преодоления (16%) демонстрирует наличие позитивной динамики и надежды, выполняя функцию смысловой стабилизации и психологической поддержки аудитории. Эмоционально-психологический опыт (14%) отражает внутренние переживания, связанные с принятием ситуации, тогда как социальный опыт (10%) фиксирует взаимодействие с обществом, включая стигматизацию и поддержку. Религиозно-экзистенциальные интерпретации (10%) придают происходящему смысл через категорию испытания и веры, что характерно для казахстанского культурного контекста. В совокупности это свидетельствует о том, что личные истории представляют собой многослойные нарративы, в которых индивидуальный опыт переплетается с социальными, культурными и ценностными интерпретациями.

Таблица 6 — Нарративные характеристики личных историй

№	Характеристика	Описание проявления
1	Персонализация	Фокус на индивидуальном опыте («я», «мой ребёнок»)
2	Эмоциональная насыщенность	Использование эмоционально окрашенной лексики, эмодзи
3	Хронологичность	Структура «кризис → борьба → результат»
4	Автентичность	Детализация опыта, отсутствие формальности
5	Коллективизация	Переход от «я» к «мы»

Анализ нарративных характеристик личных историй (Таблица 6) показывает, что пользовательские комментарии обладают устойчивой структурой и воспроизводят типичные элементы медианарратива, характерные для цифровой коммуникации. Центральной особенностью является выраженная персонализация, проявляющаяся через активное использование местоимений первого лица и фокус на индивидуальном опыте. Такая форма повествования усиливает эффект достоверности и способствует установлению эмоциональной связи между автором комментария и аудиторией.

Не менее значимой характеристикой выступает высокая эмоциональная насыщенность текстов. Использование экспрессивной лексики, междометий, а также эмодзи усиливает аффективное воздействие и делает коммуникацию более «живой» и непосредственной. Это позволяет пользователям не только передавать фактическую информацию, но и транслировать эмоциональное состояние, тем самым вовлекая других участников дискурса.

Хронологичность нарратива проявляется в воспроизведении последовательности событий по модели «кризис — борьба — результат». Даже в кратких комментариях пользователи стремятся обозначить исходную проблему, процесс её преодоления и текущий статус, что придаёт историям завершённость и логическую связность. Такая структура облегчает восприятие информации и способствует формированию целостного представления о пережитом опыте.

Автентичность является одной из ключевых характеристик, обеспечивающих доверие к личным историям. Детализация медицинских, бытовых и эмоциональных аспектов, отсутствие формализованного языка и

использование разговорных конструкций создают эффект искренности и «непосредственного свидетельства». Это особенно важно в контексте обсуждения чувствительных тем, связанных с здоровьем и семейной жизнью.

Отдельного внимания заслуживает феномен коллективизации, при котором индивидуальный опыт трансформируется в групповой. Переход от «я» к «мы» отражает формирование сообщества людей с похожим опытом и способствует укреплению горизонтальных связей между пользователями. В результате личная история перестаёт быть исключительно частным случаем и начинает функционировать как элемент коллективного нарратива, объединяющего участников медиадискурса.

В совокупности выявленные характеристики свидетельствуют о том, что пользовательские комментарии представляют собой не просто реакцию на медиаконтент, а полноценные нарративные конструкции, обладающие высокой степенью выразительности, структурированности и социального значения.

Таблица 7- Типы пользовательских реакций

№	Тип реакции	Характеристика	Доля (%)	Примеры
1	Эмпатийная	Сочувствие, поддержка, сопереживание	67%	«сил вам», «обнимаю вас»
2	Когнитивная	Переосмысление проблемы, изменение взглядов	11%	«теперь понимаю…»
3	Нормативная	Оценка ситуации, призывы к изменениям	8%	«это нужно менять…»
4	Критическая/ нейтральная	Сдержанная или спорная реакция	5%	«не согласна…»

Анализ распределения пользовательских реакций (Таблица 7) показывает, что восприятие личных историй в цифровых медиа носит преимущественно эмпатийный характер. Доминирование эмпатийных реакций (67%) свидетельствует о высокой степени эмоциональной вовлечённости аудитории: пользователи активно выражают поддержку, сочувствие и солидарность с героем истории. Такие комментарии формируют благоприятную коммуникативную среду и способствуют снижению социальной дистанции между участниками дискурса.

Значительную долю составляют реакции (22%), в которых пользователи делятся собственным опытом. Это указывает на то, что личная история выполняет функцию триггера, запускающего процесс самораскрытия. В результате медианарратив выходит за рамки исходной публикации и трансформируется в пространство коллективного обмена опытом. Подобная динамика свидетельствует о формировании горизонтальных связей и эффекте «сообщества переживания», где индивидуальные истории начинают дополнять и усиливать друг друга.

Когнитивные реакции (11%) отражают более глубокий уровень переработки информации. В таких комментариях пользователи демонстрируют изменение взглядов, признание сложности обсуждаемой проблемы и отказ от прежних стереотипов. Это позволяет говорить о наличии не только

эмоционального, но и осмысленного восприятия медиаконтента, что является важным условием формирования устойчивых социальных установок.

Нормативные реакции (8%) связаны с оценкой ситуации и выражением необходимости социальных изменений. Пользователи поднимают вопросы качества медицинской помощи, общественного отношения к уязвимым группам и необходимости институциональных реформ. Таким образом, личные истории становятся основой для перехода от индивидуального опыта к общественной повестке.

Критические и нейтральные реакции (5%) представлены в меньшинстве, однако их наличие указывает на неоднородность аудитории и разнообразие интерпретаций. В отдельных случаях пользователи выражают сомнение, несогласие или предлагают альтернативные объяснения происходящего. Это подчеркивает, что влияние личных историй не является однозначным и может вызывать различные, в том числе полярные, отклики.

В целом полученные данные свидетельствуют о том, что личные истории в цифровых медиа обладают высоким потенциалом вовлечения аудитории, стимулируя не только эмоциональный отклик, но и процессы саморефлексии, коллективного обмена опытом и формирования общественно значимых оценок.

Полученные результаты подтверждают, что личные истории в цифровых медиа обладают высоким потенциалом эмпатийного воздействия. Доминирование эмоциональных реакций указывает на то, что восприятие подобных историй происходит преимущественно на аффективном уровне. При этом наличие когнитивных реакций свидетельствует о переходе от эмоционального отклика к осмыслению социальных проблем.

Феномен массового самораскрытия демонстрирует, что личная история может выступать катализатором формирования сообщества опыта. В этом контексте медиапространство превращается в площадку коллективной рефлексии.

Вместе с тем анализ выявил и риски: в ряде комментариев прослеживается патерналистская риторика, а также упрощённые интерпретации причин происходящего. Это подтверждает, что эмпатия не всегда трансформируется в устойчивые инклюзивные установки [6].

Проведённое исследование показывает, что личные истории в цифровых медиа являются эффективным инструментом формирования общественного мнения и развития эмпатии. Они способствуют снижению социальной дистанции, стимулируют общественный диалог и формируют предпосылки для инклюзивного мышления.

В то же время их влияние носит сложный и многослойный характер, зависящий от особенностей нарратива, медиаконтекста и интерпретации аудиторией. Перспективы дальнейших исследований связаны с расширением эмпирической базы и сравнительным анализом различных медиаплатформ.

Список использованной литературы

1. Байгожина Д.О., Клушина Н.И., Тахан С.Ш. Медиатизация культуры в дискурсе современных казахстанских медиа // Вестник РУДН. Серия: Лингвистика. – 2019. – Т. 23. – № 3. – С. 784–801.

2. Еспенова А.Т., Мусабекова Л.Д., Мусабаев К.М. Трансформация детской культуры под влиянием цифровых медиа // Keruen. – 2025. – Т. 87. – № 2. – С. 262–276.

3. Бауыржан А.Б., Бақтыгереева Ә.Т., Молдабаев Х.С. Интеграция иммерсивной журналистики в цифровые медиа: особенности и вызовы // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2025. – Т. 77. – № 3. – С. 127–143.

4. Акынбекова А.В., Белгараева А., Кульсариева А.Т. Проблемы идентификации источников и визуального контента в социальных медиа: опыт Казахстана // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2024. – Т. 71. – № 1.

5. Ошанова О.Ж. Национальный имидж в медиапространстве Казахстана: анализ современных исследований // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2024. – Т. 72. – № 2. – С. 36–47.

6.Кожамкулова Ш.Б. Цифровые медиа и коммуникации в современном казахстанском обществе // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2024.

ӘОЖ 159.923

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН БАСТАН КЕШІРУ КЕЗІНДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖарқымбаеваС.Д., магистрант
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ. Қазақстан

Мақалада қазақ мәдениеті контексінде дағдарыс жағдайларын бастан кешіру үдерісіндегі тұлғалық ресурстардың құрылымы мен қызметі теориялық тұрғыдан қарастырылады. Тұлғалық ресурстар ұғымы адамның стресс және өмірлік қиындықтарға бейімделу қабілетін қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы психологиялық, әлеуметтік және рухани факторлардың жиынтығы ретінде сипатталады.

Зерттеу барысында дағдарыс жағдайларының психологиялық мәні, олардың тұлға дамуындағы рөлі және адам психикасындағы трансформациялық үдерістер талданады. Р. Лазарус пен С. Фолкманның стресс және coping теориясы, С. Хобфоллдың ресурстарды сақтау теориясы, сондай-ақ резиленттілік концепциясы (А. Мастен) теориялық негіз ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, мақалада тұлғалық ресурстардың этномәдени детерминанттары кеңінен сипатталады. Қазақ мәдениетінде тұлғаның дағдарысты еңсеруінде ұжымдық сана, туыстық байланыстар, әлеуметтік қолдау және дәстүрлі құндылықтар маңызды рөл атқарады. Діни-рухани факторлар, әсіресе исламдық дүниетанымдағы сабыр, тәуекел және тағдырға сену ұғымдары тұлғаның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық ресурс ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, дәстүрлі мәдени тәжірибелер (жоқтау, садақа беру, ас беру, дұға жасау) тұлғаның эмоционалдық күйін реттеудің және әлеуметтік қолдау

алудың символикалық механизмдері ретінде талданады. Бұл тәжірибелер тұлғаның дағдарыс жағдайларын мағыналандыруына және психологиялық шиеленісті төмендетуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері тұлғалық ресурстарды этномәдени контексте қарастырудың маңыздылығын көрсетіп, клиникалық және мәдени психология саласында жаңа теориялық түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі психология ғылымында тұлғаның психологиялық тұрақтылығы және стресс жағдайларына бейімделу қабілеті өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлеуметтік өзгерістердің жылдамдауы, өмірлік жағдайлардың күрделенуі және белгісіздік деңгейінің артуы адамның түрлі дағдарыс жағдайларына жиі ұшырауына әкеледі. Дағдарыс жағдайлары тұлғаның өмірлік тепе-теңдігінің бұзылуымен, эмоционалдық шиеленістің күшеюімен және бейімделу қиындықтарымен сипатталады [1, 25 б.].

Психологиялық ғылымда дағдарыс ұғымы көбінесе стресс және coping (стрессті еңсеру) түсініктерімен байланысты қарастырылады. Р. Лазарус және С. Фолкман еңбектерінде стресс тұлғаның сыртқы талаптар мен ішкі ресурстар арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде пайда болатын процесс ретінде түсіндіріледі [2, 134 б.]. Олардың транзакциялық моделі бойынша, дағдарыс жағдайының сипаты адамның оны қалай бағалауына және қандай еңсеру стратегиясын таңдауына байланысты болады.

Тұлғаның дағдарыс жағдайларына бейімделуінде тұлғалық ресурстар маңызды рөл атқарады. С. Хобфолл ұсынған ресурстарды сақтау теориясы бойынша, адам өз ресурстарын сақтауға, толықтыруға және қорғауға ұмтылады, ал олардың жоғалуы стресс деңгейінің артуына әкеледі [3, 58 б.]. Сонымен қатар, психологиялық тұрақтылық пен қиын жағдайларға бейімделу қабілеті резиленттілік ұғымымен сипатталады. А. Мастен бұл құбылысты адамның қалыпты дамуын қамтамасыз ететін табиғи адаптациялық жүйелердің нәтижесі ретінде қарастырады [4, 112 б.].

Алайда тұлғалық ресурстар тек жеке психологиялық факторлармен шектелмейді, олар әлеуметтік және мәдени ортада қалыптасады. Этнопсихологиялық зерттеулер мәдениеттің адамның стресс жағдайларын қабылдауына және еңсеру тәсілдеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді [5, 41 б.].

Қазақ мәдениетінде тұлғаның дағдарыс жағдайларын еңсеруінде ұжымдық қолдау, туыстық байланыстар және рухани құндылықтар маңызды орын алады. Дәстүрлі дүниетанымда сабыр, тәуекел және тағдырға сену сияқты ұғымдар тұлғаның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды ресурстар ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты, тұлғалық ресурстарды қазақ мәдениеті контексінде зерттеу тұлғаның психологиялық бейімделу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дағдарыс жағдайларын еңсерудегі тұлғалық ресурстардың рөлі. Тұлғалық ресурстардың этномәдени және қазақ мәдениетіндегі ерекшеліктері

Дағдарыс жағдайларын еңсеру үдерісінде тұлғалық ресурстар адамның психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі жүйе ретінде

қарастырылады. Бұл ресурстар тек ішкі психологиялық қасиеттер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және рухани орта арқылы қалыптасатын күрделі құрылым болып табылады. Тұлға дағдарыс жағдайында өз ресурстарын белсенді түрде іске қосып, сыртқы және ішкі талаптарға бейімделуге ұмтылады.

Р. Лазарус пен С. Фолкманның стресс пен coping теориясында тұлға дағдарысты тек объективті жағдай ретінде емес, оны субъективті бағалау арқылы қабылдайтыны көрсетіледі. Яғни, ресурс қайдан пайда болады деген сұраққа жауап — адамның жағдайды қалай түсінуі мен мағыналандыруына байланысты. Егер адам жағдайды мағыналы, бақылауға болатын немесе уақытша құбылыс ретінде қабылдаса, оның ресурстары белсендірек іске қосылады.

С. Хобфоллдың ресурстарды сақтау теориясы бойынша, ресурстардың негізгі көзі тек жеке психика емес, сонымен қатар әлеуметтік орта болып табылады [5, 58 б.]. Адам ресурстарды төрт негізгі арнадан алады: жеке психологиялық қасиеттер (сенім, өзін-өзі бағалау); әлеуметтік қолдау (отбасы, қауым, достар); материалдық тұрақтылық; символикалық-мәдени ресурстар (сенім, дәстүр, ритуал).

Этномәдени контексте, әсіресе қазақ мәдениетінде, тұлғалық ресурстардың маңызды көзі — қауымдық және ритуалдық тәжірибе. Қазақ қоғамында адам ешқашан жалғыз субъект ретінде қарастырылмайды, ол әрқашан әлеуметтік жүйенің бір бөлігі ретінде өмір сүреді. Сондықтан дағдарыс жағдайында ресурстар жеке іштен емес, көбіне әлеуметтік ортадан “жинақталады”.

Мысалы, қазақ мәдениетіндегі келесі ритуалдар психологиялық реттеуші функция атқарады:

- Жоқтау айту – эмоцияны әлеуметтік түрде легитимизациялау, қайғыны сыртқа шығару механизмі;
- Ас беру, қонақ күту – қайғыны ортақтасу арқылы жеңілдету, әлеуметтік қолдау жүйесін күшейту;
- Садақа беру – ішкі кінә, уайым және бақылаусыздық сезімін символикалық түрде “қайтару” механизмі;
- Құран оқу, дұға жасау – адамға бақылау сезімін емес, мағына мен қабылдауды қалыптастыру құралы.

Бұл ритуалдар тек мәдени дәстүр емес, олар психологиялық тұрғыдан эмоционалдық күш, мағыналық қайта құрылым және әлеуметтік қолдау функциясын атқарады.

Ислам дінінің ықпалы да тұлғалық ресурстар жүйесінде ерекше орын алады. Исламдағы негізгі ұғымдары ол, сабыр (шыдам), тәуекел (сеніп тапсыру), шүкіршілік (ризашылық) адамның когнитивтік бағалау жүйесін өзгертеді. Яғни, адам жағдайды “әділетсіз немесе мағынасыз” деп емес, “сынақ немесе жазмыш” ретінде қабылдай бастайды. Бұл когнитивтік қайта интерпретация стресс деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар, А.Маслоу қажеттіліктер иерархиясында рухани қажеттіліктер ең жоғары деңгейде орналасатынын көрсетеді. Бұл тұрғыда діни

тәжірибелер тұлғаның экзистенциалдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін ресурс ретінде көрінеді.

Қазақ мәдениетінде исламизация тұлғалық ресурстарды әлсіретпей, керісінше оны рухани жүйе арқылы күшейтеді. Адамның ішкі уайымы “жеке проблема” емес, “құдайлық тәртіптің бөлігі” ретінде қабылданады. Бұл процесс психологиялық әдебиеттерде мағыналандыру (meaning-making) деп аталады және дағдарысты еңсерудің негізгі механизмдерінің бірі болып табылады. Осылайша, қазақ мәдениетіндегі тұлғалық ресурстардың қайнар көзі үш негізгі деңгейде қалыптасады:

1. жеке психологиялық құрылым;
2. әлеуметтік қауымдық қолдау;
3. рухани-діни және ритуалдық жүйе.

Бұл үш деңгей бір-бірімен тығыз байланыста болып, тұлғаның дағдарыс жағдайларын еңсеру қабілетін кешенді түрде қамтамасыз етеді.

